

АБАЙ ИНСТИТУТЫНЫҢ
ХАБАРШЫСЫ

Алматы

№4 (10)

2011

Ғылыми-ақпараттық
әдеби журнал 2010 жылдан
бері екі айда бір шығады.
ҚР Мәдениет және ақпарат
министрлігі Ақпарат және мұрағат
комитетінде тіркеліп (24.12.2009),
№ 10586-Ж куәлігі берілген

(ЮНЕСКО, Франция, Париж қ.)
сериялық басылымдарды
тіркейтін ISSN Халықаралық
орталығында тіркелген және
халықаралық номер берілген

Бас редактор
Дәдебаев Ж.Д.

Редакциялық кеңес

Абдуалиев А., Акматалиев А.А.
(Қырғызстан), Аманшаев Е.А.,
Әбдезұлы Қ., Әбдиманұлы Ө.,
Әмірбеков Ш.А.,
Бактыкереева Ұ.М. (Россия),
Бисенбаев П.Қ. (ғылыми редактор),
Ғайыпов З.С., Есембеков Т., Есім Ғ.,
Жақсылықов А.Ж., Кәкішев Т.К.,
Қамзабекұлы Д., Мадиева Г.Б.,
Момынова Б., Мырзахметов М.,
Нұралиев А. (Тәжікстан),
Омаров Б.Ж., Чабаноглы О. (Түркия),
Шәріп А.Ж., Ысқақұлы С. (Қытай).

Редакциялық алқа

Адаева Е.С., Ахмедьяров Қ.Қ.,
Әбдікова Қ.Т., Бектурова Э.Қ.,
Кәрібаев Б.Б., Малдыбай А.Д.,
Мәмбетов Ж., Медеубек С.,
Мұсалы Л.Ж., Сағындық Н.,
Таева Р.М., Тарақ Ә.С.

Жауапты хатшы

Дәуітова Г.Р.

Құрылтайшы

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Шығарушы

Абай институты

**Редакция мен шығарушының
мекен-жайы**

Алматы, әл-Фараби даңғылы, 71.
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Абай ғылыми-зерттеу институты.
E.mail: Abai_instkaznu@mail.ru

ИБ № 5650

Басуға 24.08.2011 ж. жіберілді.
Пішімі 70х110 1/16. Тапсырыс № 187.
Көлемі 8,33 б.т. Таралымы 500.
Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университетінің
«Қазақ университеті» баспасы.
050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.
«Қазақ университеті» баспаханасында басылды
Мақала авторларының пікірі редакцияның
көзқарасын білдірмейді.

МАЗМҰНЫ

АБАЙТАНУ

Дәдебаев Ж. Абайдың «Сегіз аяғы»: мән мен
мағына поэтикасы 3

Палторе Ы. Абай шығармаларындағы Алланың көркем
есімдерінің кейбіріне лексика-семантикалық талдау 11

АБАЙТАНУ ТАРИХЫНАН

Сейфуллин С. Ибраһим Құнанбайұлы
(Абай) (1845-1904 жж.) 17

Ысмайұлы Е., Шаикин З. Абайдың поэтикасы 20

Смағұлов Ж. Абайтану Әлиханнан басталады 34

Искақұлы К. Жизнь Абая (Ибрагим) Кунанбаева 38

СӨЗ ӨНЕРІ

Сейтжанов З. Сегіз қырлы 44

Егембердиева Б. Сарбастың ақындығы туралы 51
Лұқман Хакімнің даналығы 54

ТІЛ БІЛІМІ

Смағұлова Г. Сөйлеу мәдениетінің
лингвоэкологиялық аспектілері 67

АУДАРМА ЖӘНЕ ӘДЕБИ КОМПАРАТИВИСТИКА

Мартин Лютер. Послание о переводе (открытое письмо) 71

ҚОҒАМТАНУ

Кәрібаев Б. Т.И. Сұлтанов және Қазақ хандығы
құрылуының мәселелері 79

СЫН ЖӘНЕ БИБЛИОГРАФИЯ

Дәдебаев Ж. Әлішер Науаи 84

ЖАС ҚАЛАМ

Mukambetkaliev K. Star Nights 91

Карканова А. Воспроизведение национальной картины
мира на основе реалий в романе-эпопее М.О. Ауэзова
«Путь Абая» 95

Жусупова А. Творчество Стивена Кинга и его рецепция 98

Біздің авторлар

Дәдебаев Ж.Д. – филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ҚР Ұлттық жоғары мектеп ғылым академиясының, Халықаралық Жоғары мектеп ғылым академиясының, ҚР Білім академиясының, Халықаралық Айтматов академиясының академигі, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың жанындағы Абай ғылыми-зерттеу институтының директоры

Сейтжанов З. – филология ғылымдарының докторы, профессор

Смағұлова Г. – филология ғылымдарының докторы, профессор

Егембердиева Б. – филология ғылымдарының кандидаты, доцент

Смағұлов Ж. – филология ғылымдарының докторы, Е. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің профессоры

Кәрібаев Б. – тарих ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Қазақстан тарихы кафедрасының доценті

Палтөре Ы. – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың докторанты

Карканова А. – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың магистранты, ғылыми жетекшісі А. Жақсылықов

Шаменов А. – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың магистранты, ғылыми жетекшісі Т. Есембеков

Жусупова А. – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың магистранты, ғылыми жетекшісі А. Жақсылықов

Ембергенов Д. – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 3-курс студенті, жетекшісі А. Түсіпова

АБАЙТАНУ

Ж. Дәдебаев

АБАЙДЫҢ «СЕГІЗ АЯҒЫ»: МӘН МЕН МАҒЫНА ПОЭТИКАСЫ

Аннотация. Мақалада қарастырылатын мәселелер. Абайдың «Сегіз аяғы». Ашық және жасырын мағына. Мән мен мағына поэтикасы. Жалпы мен жалқы, бүтін мен бөлік арасындағы байланыстар. Образ және образды тұтастық.

Тірек сөздер: Абай, «Сегіз аяқ», мағына, мән, поэтика, образ, образды тұтастық.

Ж. Дәдебаев

«ВОСЬМИСТИШИЯ» АБАЯ: ПОЭТИКА СМЫСЛА И ЗНАЧЕНИЯ

Аннотация. Вопросы, рассматриваемые в статье. «Восьмистишия» Абая. ИмPLICITное и эксплицитное. Поэтика смысла и значения. Диалектика общего и особенного, целого и отдельного. Образ и образная целостность. Ключевые слова: Абай, «Восьмистишия», значение, смысл, поэтика, образ, образная целостность.

Zh. Dadebaev

«EIGHT RYTHM» OF ABAI: POETICS OF SENSE AND VALUE

Abstract. The issues dealt in this article. «Eight rythm» of Abai. Implicit and ex-tiled. Poetics of sense and value. Dialectician general and special, whole and separate. Character and vivid integrity. Keywords: Abai, "Eight rythm", value, sense, poetics, character, vivid integrity.

Өнер туындыларының жүйесінде жасырын мәннің болатыны туралы ой әу бастан бар. Бұл ой көркем әдебиетке, әдеби шығармаға тікелей қатысты. Суреткердің белгілі өмір құбылыстары туралы айтқысы келген ойын өз шығармасында түгел, шашау шығармай баяндау мүмкіншілігі шектеулі. Өйткені өмірдің шындық құбылыстарының қыры да, сыры да мол. Суреткер өмірдің шындық құбылыстарын қанша толық суреттеуге ұмтылғанмен, көптеген жайлардың шығарма желісінен тыс қалатыны анық. Ал шығарма жүйесінде көрініс тапқан шындық құбылыстар және оларды қабылдаудан туатын әсер мен түсінік шығарма желісінен тыс қалған жайларға мезейтін сәттер де болады. Ондай жайлардың мәнін ұғу, түсіну – қабылдаушының санасының тереңінде ғана өтетін өте күрделі, сөйте тұра нәзік шығармашылық процесс. Бүгінгі заманғы эстетикалық қабылдау теориясы, көркем рецепция мен герменевтика үшін өнер туындысының

жасырын, имплицитті мәнін ғана емес, анық мағынасы мен ашық мазмұнын дұрыс тану мен жете түсінудің өзі мейлінше өзекті, көкейкесті мәселелердің қатарына жатады.

Өнер туындысын қабылдау (тану, білу, түсіну) теориялық тұрғыда алғаш Аристотель еңбектерінде пайымдалғаны белгілі. Содан бергі дәуірлерде бұл салада неше түрлі теориялар, бағыттар өріс алды. Қазақ әдебиеттану ғылымында да құнды теориялық ойлар қоры жинақталды. Алайда өнер туындысының жасырын мағынасы мен мәні қазақ әдебиеттануында белгілі бір кезеңнің әдебиеті, белгілі бір автордың шығармашылығы немесе белгілі бір көркем шығарма негізінде эстетикалық қабылдау теориясы, көркем рецепция мен герменевтика қағидалары тұрғысынан арнайы қарастырылған емес.

Әдебиеттану дегеніміздің өзі әдебиетті тану, түсіну, бағалау (қабылдау) екенінде сөз жоқ. Ал көркем әдебиет немесе нақты әдеби шығарма-

ның бүтін жүйесіндегі немесе сол бүтіннің бір бөлшегіндегі жасырын, бүркеулі мәнді тану мен түсінудің жөні бөлек. Бұл жерде, әрине, бүтіндік ұғымының мәнісі төрт құбыласы түгел кемелдікпен байланысты анықталады.

Абайдың «Сегіз аяғы» [1] – бүтін бітім. Жүйелі бүтіндік. Абайтану ғылымында «Сегіз аяқ» хақында айтылған ойлардың маңызы зор. «Сегіз аяқтың» «ұлы ақынның жазушылық еңбегінің орта тұсында туған үлкен бір белгідей әрі мол, әрі бар жағынан көркем келісті шыққан, зор шығарма» [2,143] екендігі туралы М. Әуезов берген биік баға бүгінге дейін аласарған емес. Академик З. Ахметов «Сегіз аяқтың» мазмұнына да, пішініне де терең бойлап пікір түйеді. Ғалым өлең өзегінен «өмірді көрегендікпен тани білу, шындық пен әділеттілікті сарыла іздеу, халықты «түзу жолға», мәдени, прогрестік даму жолына, шығуға бағыттау сияқты аса маңызды идеялар айқын танылатынына» [3, 57] көз жеткізеді. С. Мұқанов [4], Қ. Жұмалиев [5], Ж. Ысмағұлов [6] еңбектерінде негізделген ойлардың маңызы үлкен. Абайтанудың қазіргі кезеңінде «Сегіз аяқтың» мазмұнын, тақырыбы мен идеясын түзуші факторлар жүйесінің өзегінен, тілдік бірліктерден тыс тұрған біртұтас образдар қызметінен туындайтын мәннің сыны мен сырын сараптау Абайдың ақындық даналығын жаңа қырынан және жаңа деңгейде тануға мүмкіндік береді.

Кемел тартып, болмыстың арғысы мен бергісін, бақиы мен жалғанын тұтас қамтып пайымдаған кемелгер ақын өмір құбылыстарын қапысыз танып, терең ұғумен шектелмей, оларға өз бағасын да әділ айтады. Өмірдің шындық құбылыстарын көру, қабылдау, білу, түсіну және пайымдау арасындағы сабақтастықтар сан салалы. Көрген жайды білу, білген жайды түсіну, түсінген нәрсені пайымдау – шығармашылық еңбек үдерісінің өзара тығыз бірліктегі сатылары. Ал пайымдау мен бағалау арасындағы сабақтастық шығармашылық ойлаудың нәтижелілігін қамтамасыз етеді. Пайымдау мен бағалау да, олардың арасындағы сабақтастық та көрегендік пен білімпаздыққа, тәжірибеге, шығармашылық құзіреттілікке тәуелді. Абайдың шығармашылық еңбегінің жүйесінде өмірлік тәжірибенің, таным байлығының, көрегендік пен білімпаздықтың орны айрықша зор. Көргені мен білгенінің мәнін түсінудің де, оны белгілі бір дүниетаным тұрғысынан талдап пайымдау мен бағалаудың, көркемдік жинақтаудың да жөні бөлек. Ақынның көркемдік ойлауында осы сатыларының бәрі де келісті. Қабылдау, пайымдау мен бағалау, жинақтау мен даралау тығыз байланысты және белгілі бір дүниетаным жүйесінде ғана олардың көркемдік қызметіне, мәні мен мағы-

насына терең бойлауға болады. Осындай тереңдіктегі ақындық танымнан туған көркемдік құбылысты ғылыми тұрғыда пайымдау мен бағалау ол туралы жалпы ой айтудан әлдеқайда биік.

Белгілі бір шығарманы белгілі деңгейде қабылдау, ол жайында сөз айту, пікір білдіру, мазмұн мен пішін жарастығына сипаттама беру әркімнің де қолынан келеді. Ал әдеби шығарма туралы, оның мазмұны мен мәнінің тереңіне бойлап сөз айтудың, пікір білдірудің ғылыми пайымдау деңгейіне көтерілетіні де бар, көтеріле алмайтыны да бар. Пікір білдіру, сөз айту тиянақты талдауға, талдаудан кейінгі жинақтауға негізделмеген болса, онда одан пайымдаудың ізі де табылмайды. Пайымдау талдауға, бағалау жинақтауға негізделгенде ғана ой негізді, пікір дәлелді бола алмақ. Талдау, жинақтау, пайымдау, бағалау дегеніміздің өзі мәнге негізделеді. Мәннің тереңіне бойламай, одан тыс талдау да, жинақтау да, пайымдау да, бағалау да үстірт болып шығады. Абайдың шығармашылығына осы тұрғыдан келген дұрыс. Ақын шығармаларының мағыналық бірліктері мен мәнінің тұтастығынан туындайтын поэтикалық жүйе осыны талап етеді.

Мағына, мазмұн – тіл білімінде ғана емес, гуманитарлық ғылым салаларының бәрінде де ұдайы зерттеліп келе жатқан күрделі де іргелі құбылыстардың бірі. Тура мағына, бұрма мағына, ауыспалы мағына, астарлы мағына, жасырын мағына, көп мағына, негізгі мағына, қосалқы мағына, эстетикалық мағына, көркемдік мағына жайында әдебиеттану ғылымында да аз айтылған жоқ. Мағынаны қабылдау, түсіну, пайымдау процестері аясындағы ізденістер де кең қанат жайып келеді. Әдебиеттегі мазмұн, оның құрамдас бөліктері жайында айтылған іргелі ойлар аз емес. Алайда әдеби шығарма мәтінінің, оның бірліктерінің мағынасы, мазмұны, мәні айнала-сында анықталмаған мәселелер аз емес.

Абайдың көркемдік әлемінде көрініс тапқан құбылыстардың мағынасы, мазмұны, мәні көп қатпарлы, көбінесе, жасырынулы болып келеді. Мұның өзі ақын шығармаларының онтологиялық қырларының көптігін білдіреді. Ал әдеби шығарманың онтологиялық көпқырлылығы оның мағыналық-құрылымдық жүйесінің бүтіндігінен, кемелдігінен туындап жатады. Оны табу, анықтау, түсіну, пайымдау, бағалау оңай емес. Көркем әдебиет әлеміндегі жасырын, астарлы мағынаны танып, білу қиын болғанда, жасырынулы, бүркемелі мәнді табу мен тану – қиынның қиыны. Өйткені мұның жолдары, әдістері мен тәсілдері теориялық деңгейде жеткілікті негізделген емес. Соған орай әр зерттеуші, әр оқырман, әр қабылдаушы әдебиет, әдеби шығарма әлеміндегі нақты ашық мәнді де,

жасырын мәнді де өзінше, өз дүниетанымы деңгейінде пайымдайды. Сол себепті көп жағдайларда шығарма мәтінінің немесе оның белгілі бір мағыналық-құрылымдық бірлігінің нақты мазмұны, астарлы мағынасы ашылғанмен, жасырын мәні айқындалмаған күйі қала береді.

«Сегіз аяқ» жайында айтылған жақсы ойлар, жарамды пікірлер бары рас. Дегенмен ақынның осы шығармасының әдебиеттану ғылымында пайымдалуы мен бағалануының қазіргі деңгейінде әлі де қарастырылмаған, қарастырылса да толық шешімін таппаған бірқатар мәселелер бар. Ақын шығармасы мәтінінің микро– және макроқұрылымдық бірліктері, олардың мәні, өзара байланысу жолдары, тұтастығы, даралығы осындай мәселелердің қатарына жатады. Осы тұрғыдан қарағанда, «Сегіз аяқтың» «Алыстан сермеп» деген бірінші аяғының мәнін пайымдаудың өзінде тереңге бойлаудың қиындығы анық байқалады. «Алыстан сермеп» – өлеңнің тереңдегі мәніне мегзейтін әрі сол мәннің мәнісін ашатын ұғымның тірегі қызметін атқаратын тілдік бірліктердің бірі.

Тыңдаушыларына, оқушыларына ұсынып отырған мағынаның ашық, анық және жасырын бөліктерінің арасалмағын ақын өзі мөлшерлейтінде сөз жоқ. Бұл жерде тыңдаушылардың, оқушылардың қабылдау, түсіну деңгейлері ескерілетінін есте ұстаған дұрыс. Екінші жағынан, ақынның осы сөздерінің, ойларының мағынасы мен мәні оның өз тұсындағы тыңдаушыларына мейлінше түсінікті болғанында сөз жоқ. Сонымен бірге Абайдың сөзі де, ойы да терең мағыналы. Оны әр тыңдаушы, әр оқушы өзінше ғана қабылдап, өзінше ғана түсінеді. Тіпті бір тыңдаушының немесе бір оқушының өзі оны өмірінің түрлі жағдайында, түрлі кезінде түрліше түсінуі мүмкін. Осы ретте ақын айтып отырған сөздің де, бейнелеп отырған суреттің де мағынасы мен мәні қабылдаушының санасында сан құбылып, бір мағынадан екінші мағына, бір мәннен басқа бір мән туындап тарала беретініне көз жеткізуге болады.

Екі сөзден тұратын тармақтың («Алыстан сермеп») мазмұны мен мағынасы, мәні арасында үлкен айырмашылық бар. Тармақтың тілдік бірліктерінің мағынасын білу оның мазмұнын түсінудің, мәнін пайымдаудың жеткілікті кепілі бола алмайды. Жалпы, Абай шығармаларының тілдік бірліктерінің жалпы не жалқы мағынасынан поэтикалық мағынада ашылатын мән әлдеқайда көрнекті. Сондықтан ақын шығармаларының көркемдік жүйесіндегі образды құрылым арқылы ашылатын поэтикалық ойдың маңызы өлшеусіз жоғары. Бұл жерде жасырынулы мәннің құрылымдық бірліктерінің өзара, сондай-ақ шендес, шектес, тектес құбылыстар-

мен арақатынасы арқылы ашылатын образ бен образдылықтың атқаратын қызметі айрықша мәнді.

Абайдың «Сегіз аяғында» сөздің образдылығы, мағыналық-құрылымдық бірліктің образдылығы, жасырын мәннің образдылығы, жасырын мағыналық-құрылымның образдылығы, өлең мәтінінің образдылығы және осылардың өзара байланыстары, бірлігі мен тұтастығы секілді мәселелерді бір-бірінен бөле-жармай, өзара байланыста қарастыру шарт. Сөз нысаны болып отырған мән, оның образдылығы көпдеңгейлі: тиісті мазмұнды белгілі дәрежеде толықтырады, жетілдіреді, кей тұстарда берілген мазмұнмен тең дәрежедегі құбылыс деңгейіне дейін көтеріледі, сөйтіп мәтіннің белгілі бір бірлігінің нақты мазмұнымен жарыса өріледі, енді бірде мазмұнға қайшы келіп жатады, мазмұнмен тең түсетін жағдайлар да болады. Сонымен қатар мәннің мәтін жүйесіндегі тілдік бірліктердің мағынасы мегзейтін образ арқылы ғана анықталатын сырлары да болады. Сондықтан ақынның әр шығармасын біртұтас көркемдік жүйе ретінде пайымдауға тура келеді. Рас, зерттеуші де, оқырман да, қабылдаушы да мазмұн мен мағынаны қатар, егіз, тұтасқан күйінде қабылдайды. Алайда мазмұн тармақтағы сөздердің лексикалық, грамматикалық, стилистикалық мағыналарынан түзіледі. «Алыстан» сөзінің лексикалық, грамматикалық мағынасы әркімге де түсінікті: белгілі бір нәрсенің атын білдіреді. Сөз және сол сөз атын білдіретін нәрсе арасындағы қатынас сипатынан мағына туады. Қарапайым қабылдаушы үшін оны түсіндірудің қажеті жоқ. Ал зейін қойып қарағысы келген адам одан алдымен «қашықтық» ұғымын табар еді. Көп жағдайда зерттеушілер де осы түсінікпен шектелуді жеткілікті деп біледі. Бұл түсінік белгілі бір құбылыстың сыртқы, нақты негізін ғана білдіреді.

Тыңдаушы немесе оқушы белгілі бір тілдік бірлік атын білдіретін белгілі бір құбылыстың мағынасын оның сыртқы, нақты негізімен байланыстыратыны анық. Ондай жағдайда құбылыстың ішкі шынайы мәні ашылмаған күйі қала бермек. «Алыстан» сөзінің өлең тармағындағы, өлең мәтінінің белгілі бір бірлігіндегі нақты мағынасының негізінде ондағы поэтикалық мәнді тап басып, нақты көрсету мүмкін емес. «Сермеу» туралы да осыны айтуға болады.

Өлең жолындағы «сермеу» сөзіне қатысты қабылдаушының ойында іс-қимылдың бірнеше сұлбасы елес береді: «қол сермеу», «құлаш сермеу», «аяқ сермеу», «семсер сермеу», «сойыл сермеу», «қанат сермеу», т.б. Осы елесте белгілі бір мағына бар сияқты болып көрінеді. Бірақ осы мағынаны анық түсіну мүмкін емес. Өйткені одан сөздің лексикалық, грамматикалық мағынасынан басқа белгілі бір нақты, бағыты

анық, бағдары айқын мағына табылмайды. Бір-бірімен жөн-жосықсыз араласып, бағдарсыз ағып жатқан елестер ғана бар. Хаос. Сөздің лексикалық, грамматикалық мағынасында да елес бар, бірақ оған сәйкес анық мән жоқ. Мағынаның елесі табылғандай болғанмен, оған лайықты анық мән табу қиын. Бұл жерде, әрине, белгілі бір мәнге міндетті түрде белгілі бір мағынаның сәйкес келуі керектігі туралы ой тумауға тиісті. Сонымен қатар белгілі бір мағына белгілі бір мәнді ғана білдіретіні туралы ойдан да аулақ болған дұрыс. Белгілі бір мағынаның бір емес, бірнеше мәнді білдіруі тілде, сөз өнерінде ежелден бар. Белгілі бір мәнді жеткізудің, білдірудің тілдік құралдары да түрліше.

Берілген кеңістік шегінде көрсетілген «сермеу» түрлерінің әрқайсысы белгілі бір нақты құбылыстың (іс-қимылдың) атын білдіреді. «Сегіз аяқтағы» «сермеудің» мәні бұлардың бірінің де мағынасымен жақындаспайды. Белгілі бір қимылдың атауы ретінде көрсетілген «сермеу» түрлерінің мағынасы белгілі бір дәрежеде түсінікті сияқты. Бірақ осы мағына қандай заттың, құбылыстың қандай қызметін, қимылын білдіріп тұрғанын анықтау оңай емес. Қимылдың атауының мағынасы мен мәні арасындағы қатынастың табиғатын білу де қиын. Осы жерде Г. Фрегенің белгілі бір мәнің белгілі бір мағынаға қатыстылығына көз жеткізудің мүмкін еместігі туралы пікірі ойға оралады [7, 27]. Неміс ғалымының белгілі атаудың мәнін түсінуге болғанмен, атаудың пәні туралы ештеңе білмеуіміз мүмкін екендігі туралы ойында да негіз бар сияқты [7, 28].

Тілдік бірліктер деңгейінде жоғарыда тізілген «сермеулердің» бәрін ой таразысының бір басына, өлең тармағындағы «алыстан сермеуді» екінші басына тартқанда да ақынның «сермеуінің» мағынасын ашар, оған балама болар дерлік ұғымға жету қиын. Тілдік бірліктерді, олардың лексикалық, грамматикалық мағыналарын сараптап келгенде, ақынның «сермеуінің» бір емес, бірнеше мағынасы барын топшылап бағамдауға болғанмен, оны дәл анықтауға, нақтылауға мүмкіншілік жоқ. Соған орай ақын ойының мәнін түсіну де оңайға соқпайды.

«Сегіз аяқтағы» «сермеудің» де, «алыстан сермеудің» де иесі – тіл, кәдімгі сөйлейтін қызыл тіл. Тіл «сермейді», тіпті «алыстан сермейді» дегенді нақты шындық құбылыстар аясында түсіну де, түсіндіру де қиын. Оның үстіне тілдің нені «сермейтінін» анықтаудың мүмкіншілігі де жоққа тән. Сөз де, ой да мінсіз. Солай дегенмен де айтылмай, ашылмай қалған әлде бірдеңе бар сияқты сезіледі. Оның өзі де сөздің мағынасынан емес, ақынның сол мағынаға өзінің тарапынан берген субъективтік

мәнінен туындайтын секілді. Сондықтан ақынның осы сөзіне қандай мағына бергенін, одан қандай мән тапқанын білу қиынға түседі. Біз іздеп отырған, білгіміз, түсінгіміз келіп отырған мән мен мағынаға қатысты ештеңе айтылмағандай. Ақынның тілі «алыстан сермеп, жүрек-тен тербеп» тұрғанына қарамастан, осы ретте тіпті «үнсіз». Сөздің мәні осы «үнсіздікте» тұрғандай болатыны да рас. Осы жерде Хайдеггердің «тілдің үнсіздікке негізделетіні» [8] туралы қағидасында да қисын барын аңғаруға болады. Расында, ақынның сөзінің мәні сөз арқылы белгілі болатын заттың, оның сынының, қимылының сипатында емес, сөздің пәні мен нысанында да емес. Ақын сөзінің мәні субъективті, ол ақынның ақыл-ой әлемінде, Бердяев айтқандай, «рухта» [9, гл.1]. Осы пікірлердің негізі әл-Фарабидің: «Ақыл-парасат күшінде алынатын ақылмен пайымдалушы мәндердің бейнелері материядағы формалардан бәрінен де алыс жатады: ...олардың ақыл-парасат күшіндегі болмысының материядағы форманың болмысымен ұқсастығы өте аз болады» [10, 61], – деген қағидасына келіп саяды. Екінші ұстаз көрсетіп отырған «ақылмен пайымдалушы мәндердің бейнелері» қатарында халықтың дәстүрлі дүниетанымы, мәдениеті категориялары үлгілерінің «бейнелері» де бар.

Халықтың дәстүрлі мәдениеті әдеби шығармада тілдік бірліктердің қызметі арқылы көрініс табады. Ал ұлттық тілдің қорынан тиісті бірліктерді, лайықты баяндау және бейнелеу құралдарын таңдап, талғап алу мен қолданудың ұстанымдары тілдік емес, мәдени-әлеуметтік құбылыстардың қатарына жатады. Мәнді мәдени-әлеуметтік құбылыстар деңгейіндегі қарым-қатынас тілдік қарым-қатынастан биік тұрады. Өйткені мәнді мәдени-әлеуметтік, әл-Фарабише айтқанда, «ақылмен пайымдалушы мәндердің бейнелері» деңгейіндегі қарым-қатынас тілдік қарым-қатынастан тыс жүзеге асады. Абайдың «алыстан сермеуі» негізіндегі мән де мәтіннің тілдік бірліктерінен тыс тұрған бейнелерді, образдарды пайымдау арқылы танылады. Халықтың дәстүрлі мәдениетінің категориялары аясындағы әдет, салт, ұғым, мінез, көзқарас деңгейлерінде, сондай-ақ тілсіз ұғысудың түрлі құралдары мен жолдары арқылы көрініске, суретке, образға айналған ахуал, жағдайлардың мәнісін пайымдау осындай тұжырымға алып келеді.

Қалай дегенде де «сермеу» мен «алыстан сермеудің» мәні мен мағынасын затты формалардан, олардың затты мағыналарынан емес, «сөйлеу» қызметімен шектес, бірақ нақты тілдік құралдардан тыс, «ақылмен пайымдалушы мәндердің бейнелерінен» іздеу қажеттігі туады. Басқаша айтқанда, құбылыстың атауы↔мағы-

насы↔мәні арасындағы қатынастың сипатын ақыл-парасат күшімен парықтауға тура келеді.

«Сермеудің» тура емес, метафоралық қатынаста қолданылуы, бұрма мағынасы негізінде деректі, нақты құбылыстың емес, дерексіз құбылыстың образы, метаобраз жасалған, метеобраздан метамағына туған. Өлеңнің бір тармағы деңгейінің өзінде өзара шектес, сабақтас, байланысты мән мен мағынаның тұтас бір жүйесі бар. Оны түзуші бірліктердің табиғаты да күрделі, түрліше және түрлі ғылым салалары аясында ғана анықталуы мүмкін. Сондықтан ақын сөзінің мәні мен мағынасы бір немесе бірнеше ғылым шегінде емес, әл-Фарабидің ілгеріде көрсетілген теориясына [10, 61] бақсақ, метағылым шегінде ғана белгілі болмақ. Оны көңіл көзімен айқын көруге, оймен нақтылауға болмайды. Өлең сөздің онтологиялық табиғаты ілгеріде көрсетілген бірліктердің байланыстары, арақатынастары негізінде туатын поэтикалық мәннің осындай жасырын, айтылмаған, жұмбақ сырымен ерекшеленеді. Ал жасырын мән, жұмбақ сыр зерттеушінің, оқырманның, аудармашының белгілі мазмұнды қабылдауы мен пайымдауындағы ассоциациялық, рефлексивті реңктегі ойлау қызметі нәтижесінде ғана біршама белгілі болады. Мұндай ойлау субъективті емес, интерсубъективті. Интерсубъективті ойлау пәндерінің сипаты мен мәні әр қабылдаушы мен әр пайымдаушының, рухани таным байлығының деңгейі мен дәрежесіне сәйкес, санасында ғана сәулеленеді. Осы тұрғыдан келгенде, мазмұн, мағына, мән арасындағы алшақтықты, поэтикалық мәннің жасырын, жұмбақ сырын қабылдаушы мен пайымдаушы өздерінің түсіне білу мүмкіншіліктері шегінде ғана екшей алмақ. Соған орай әр қабылдаушының пайымдауында, түсінігінде субъективтік сипат басым болып келеді. Ал түсінген жайды лайықты пайымдау мен бағалау ғылыми әдісті талап етеді. Ғылыми әдістің тереңіне бойлай алмаған адам ғылыми жүйеде ойлай алмайды. Ғылыми жүйеде ойлау негізінде құбылысты саралап талдаудағы мақсат, ұстаным қандай анық болса, оның ішкі сыны мен сыртқы сипатын, олардың өзара байланыстарын анықтау, сөйтіп белгілі болған жайларды өзара тығыз бірлікте пайымдау сондай негізді болмақ.

«Сегіз аяқты» орыс тіліне аударушылардың бірі (Озеров) оның бірінші тармағын «Издали зовет» [11] деп аударды. Мұны аударма ғана емес, өлең жолын аудармашының қабылдауы, түсінуі деп білгеніміз жөн. Осыны қазақ тіліне кері аударатын болсақ, одан «алыстан шақырады» деген мағына шығады. Алыстан шақырудың жұртшылыққа белгілі екі түрлі жолы бар: а) алыстан айқайлап шақыру; алыстан қол бұлап

шақыру. Аудармашы «алыстан сермеп» пен «алыстан қол бұлау» арасындағы айырмашылықты аңғармай, оларды бір-біріне балама бірліктер ретінде қабылдағанға ұқсайды. Алыстан қол бұлаудан «алыстан қол бұлап шақыру» туралы мағына туатыны рас. Бұл ойды тілдік құрал арқылы емес, «тілсіз тілдесу құралы» арқылы туған деп білген парыз. Бірақ «Алыстан сермеп» бір басқа да, «алыстан қол бұлап» бір басқа. «Алыстан қол бұлау» белгісі шақыру мағынасын білдіреді. Ал «алыстан қол сермеу» бұған кері мағынаны білдіреді. Олардың арасында ешқандай мағыналық жақындық болуы мүмкін емес. Осы реттен келгенде, аудармашы өлеңдегі «алыстан сермеу» сөзінің мағынасын «алыстан қол бұлау» мағынасында жаңсақ қабылдағаны белгілі болады. Соның нәтижесінде ақын сөзіндегі мағына да, мән де бұзылған. Әйтсе де бұл зерттеушінің немесе оқырманның, не болмаса аудармашының дайындығының төмендігінен, шектеулілігінен ғана емес, ақынның сөзі мен ойының кемел поэтикалық табиғатынан туындайтын ерекшеліктермен де сабақтасып жатыр. «Алыстан сермеуде» бір емес, бірнеше құбылыстың сұлбасы, бір емес, бірнеше мағынаның сілемі, бірнеше мән қатары бірдей көрініс тапқан. Солардың қатарында «алыстан орағыту», «алыстан парлау», «алыстан құйылу» мағыналарымен ұштасып жатқан мән бар. Біздіңше, «алыстан сермеудің» мәнісін осы бағыттан іздеу дұрыс болмақ.

«Сегіз аяқтың» мәтін түзуші мағыналық-құрылымдық бірлігін тұтас алып қарайық:

Алыстан сермеп,
Жүректен тербеп,
Шымырлап бойға жайылған,
Қиудан шауып,
Қисынын тауып,
Тағыны жетіп қайырған,
Толғауы тоқсан қызыл тіл,
Сөйлеймін десең, өзің біл [1, 117].

Мағыналық-құрылымдық бірліктегі істің, қимылдың иесі – тіл. Бірақ істі, қимылды білдіретін сөздердің бәрі тілдің белгілі бір сипаттарын, сынын көзге елестетеді. Тілдік бірліктердің пішінін, нақты мағынасын қумай, семантикалық-синтаксистік қызметін негізге алғанда, олардың бәрі «тілдің» сынын сипаттайды, оның ерекше қырларын анықтайды. Ал енді соның өзін іштей мағыналық-құрылымдық жаратылыстарына қарай саралайтын болсақ, істі, қимылды білдіретін тілдік бірліктердің, олар арқылы елес беретін болмыстағы шындық құбылыстардың өзара байланыстарында көпқырлылық, көп сатылы қатынастар қатпары бары байқалады. Алғашқы үш тармақтың үшін-

шісі білдіретін іс, қимыл белгілі бір басымдыққа, тұрлаулы сипатқа ие екені, ал әуелгі екі тармақтағы іс, қимыл жарыса келіп, осы басым, тұрлаулы сипаты бар іс, қимылдың орындалу амалын, қимыл-сынын білдіретіні, оны пысықтап тұрғаны белгілі болады. Келесі үш тармақтың лингвопоэтикалық құрылымы да осындай. Әр үш тармақта көрініс тапқан мазмұн мен мағына қатар жарысып келіп, «тілдің» ерекше қасиеттерін бедерлейді. Ал енді әр үш тармақтың алдыңғы екеуінің әрқайсысы әр үшінші тармақтың мағыналық-құрылымдық болмысымен тікелей байланысады. Солай бола тұра сегіз аяқ шумақтың алдыңғы алтауы бірдей «тілмен», логикалық мазмұны жағынан, жеке-жеке тікелей байланысқа түсуге қабілетті: алыстан сермейтін де тіл; жүректен тербейтін де тіл; шымырлап бойға жайылатын да тіл, т.б. Әр үш тармақтың өзі де өзіндік тұтасқан мағыналық-құрылымдық жүйесімен іс-қимылдың, сын-сипаттың иесімен, яғни, «тілмен» тікелей байланысқа түсе алады. Осының бәрі «Сегіз аяқтың» поэтикалық құрылымының айрықша табиғатын танытады. Құрылым жүйесі осынша әмбебап, сан қырлы болып келгенде, шумақтағы әр тармақтың, әр суреттің мәні терең жасырынулы күйде қала береді. Тілдің «алыстан сермеуі, жүректен тербеуі, шымырлап бойға жайылғаны...» – бәрі де жұмбақ. Бәрінің де мәні судағы балық сияқты: бейнесін, елесін көру қиын болмағанмен, ұстау оңай емес. Олардың дәстүрлі мәдениет кеңістігіндегі өзара қатынастары нәтижесінде пайда болатын көпқырлы мағыналық бірліктердің тұтастығынан күрделі метафоралық мағына туады. Құрылымдық-мағыналық бірліктер, осылайша, көпқырлы, көпсатылы, көпқатпарлы көркемдік мағынаның полифониялық жүйесіне айналады. Біз іздеп отырған мән осылардың тұтастығы нәтижесінде елес беретін образды құрылым сипаты арқылы ашылады.

Алдыңғы үш тармақтағы іс-қимылдар тобынан кейінгі үш тармақтағы іс-қимылдардың қатары қалың, тығыз, серпінді. Алдыңғы жағдайдағы «сермеу», «тербеу», «бойға жайылу» секілді қимыл-қозалыстарда «тілдің», анығырақ айтқанда, сөйлеушінің сөз арқылы тыңдаушының ішкі әлемінде туғызған күйінің «әдептен озбаған», сырлы, сазды қалпы сезіледі. Мұның қайбір қырлары сөз өнерінің, әсіресе, шешендік өнердің табиғаты туралы теориялық қағидалар аясында анықталады. Осы тұста Аристотельдің, М.Т. Цицеронның, әл-Фарабидің, А. Байтұрсынның шешендік өнердің сатылары, кезеңдері (тыңдаушының ықыласын аудару (ұсынба), ойын толқыту (толқытпа), бойын қыздыру (қыздырма), балқыту (балқытпа) , т.б. туралы айтқан пікірлерін еске алу артық емес [12, 26-30]. Абай

айтып отырған «алыстан сермеу», «жүректен тербеу», «шымырлап бойға жайылу» тіл өнерінің осы сатыларына сай тыңдаушының ішкі күйінің сипатын білдіреді. Осы кезеңдерге сай шешеннің сөзінің тыңдаушыларына әсер ету процесі, тыңдаушының шешен сөзін қабылдау процесі үстінде көрініс беретін катарсис (Аристотель) Абай айтып отырған «алыстан сермеудің», «жүректен тербеудің», «шымырлап бойға жайылудың» нәтижесі екені туралы ой туады. Ақынның «қызыл тілінің» бір қыры осы бағыттан ашылады: «қызыл тілдің» (тіл өнерінің) тыңдаушыларының ойы мен сезіміне көркемдік-эстетикалық әсері процесс күйінде көрініс табады. «Алыстан сермеу», «жүректен тербеу», «шымырлап бойға жайылу» осы көріністің образын, оның құрылымдық жүйесін білдіреді.

Кейінгі образды құрылымның сипаты басқаша. Онда қимыл, іс өз қарқынының, өз екпінінің шырқау шегінен көрінгендей болады. Алайда бұл жерде де қимылдың, істің қарқынын, екпінін сезуге болғанмен, оның мәніне, мәнісіне жету өте қиын. Тілдің «қиуадан шабуы» дегеннен қандай мағына ұғуға болады, ол мағынаны қалай сипаттаған дұрыс – оны ешкім дәл түсіндіріп бере алмайды. Тілдің «қисынын табуы» жайында да осыны айтуға болады. Ал енді тілдің «тағыны жетіп қайыруы» қазіргі қазақтардың көбісіне түсініксіз. Бұлардың астарындағы мағынаны түсіну, сөйтіп ақынның ұсынар ойының мәнін ұғу үшін қазақ халқының байырғы дүниетанымын, дәстүрлі мәдениетін, соған орай ойлау, ой толғау дәстүрін, тұрмыс-салты мен әдет-ғұрпын, кәсібіне байланысты ұстанымдарын түгел білуге тура келеді.

«Қиуадан шауып, қисынын тауып, тағыны жетіп қайырған» дегенде, халықтың Абай тұсындағы мәдениетінен хабары бар адамның көз алдына тұтас бір сурет келуі мүмкін. Оның құрамдас бөліктері мынадай болып елестемек: қашқан тағы; оны қайыру үшін қуа шапқан қуғыншы; қуғыншының ептілігі, айлашылдығы (қиуадан шабады; қисынын табады). Халықтың байырғы тұрмыс-тіршілігінде «қашаған қуу», «қашаған қайыру» деген болған. Жылқы баққан халық мұны жақсы біледі. Көп жылқының ішінде құрық салудан, бұғалық тастаудан қашып, әккі болған қашағандары болады. Өзіне бір қауіп сезе қалғанда, олар үйірінен безе қашып, шығандап кетеді. Ондай қашағанды қуудың да өз тәсілдері болған. Артына түсе қуған қуғыншы, астындағы аты асқан жүйрік болмаса, оған жете алмаған. Халықтың дәстүрлі тұрмыс-тіршілігінде «тағыны қуу» сөзі үй хайуанаттарымен байланысты емес, тұз тағыларымен байланысты айтылады. Екі жағдайда да қашушы бар, екі жағдайда да қуғыншы бар. Жүйрікке мінген

қуғыншы қашқан хайуанды (қашағанды немесе түз тағысын) қуа шапқанда, жолсыз, жөнсіз шаба бермейді, ақылға, айлаға жүгінеді. Тағының артынан тура немесе қыя қуу бар, алыстан орағыту да болады. Қашқан тағының бет бағдарын, жер жағдайын аңғарған айласы асық қуғыншы алыстан орағытады, туралап емес, қыялап та шабады. Қашқан тағы мұндайда қуғыншының өзінің бір қапталынан қалай сап ете қалғанын байқамай да қалады. Тағыны осындай амал-айламен қисынын тауып қайыру ертеден бар. Біздің ойымызша, ақынның «қиуадан шауып, қисынын тауып, тағыны жетіп қайырған» деген образды сөзіне халықтың тұрмыс-тіршілігіндегі осы көрініс негіз болған.

Ақын халықтың тұрмыс-тіршілігіндегі екі жүйріктің бірінің екіншісінен өнер оздырған, айла арттырған, ақыл асырған қисыншыл болмысының образын жасап, сол арқылы тілдің, сөз өнерінің барынша асыл қасиетін, сөйлеушінің тыңдаушыға эстетикалық әсерінің қуатын бейнелі суреттеп жеткізеді, құбылыстың сыртқы суреті мен ішкі мағынасын үйірлі метафора арқылы жасалған бірбүтін көріністің, жағдайдың, ахуалдың образы арқылы ұсынады. Нәтижесінде ойдың суреттелігі, сөздің көркемдігі, мазмұн мен пішіннің «тас бұлақтың суындай өңкей келісіммен жарасуы» мейлінше келісті, керемет шығармашылық үлгінің түзілуіне алып келеді. Бұл шығарманың мәтінінен (текстен, контекстен, подтекстен) тумаиды, мәтін жүйесіндегі образ бен образдылықтың дәстүрлі мәдениет кеңістігіндегі өзара және шектес, шендес, тектес құбылыстармен тоғысуы нәтижесінде оқушының, қабылдаушының ойында пайда болатын поэтикалық түсініктен туады. Бұл өмір шындығының мәтін жүйесіндегі көрінісі емес, өмір шындығын көркемдік жинақтау мен дара-лаудағы ақындық ойлаудың, ақындық шеберлік пен тамаша көркемдіктің өзегінен өніп шығатын поэтикалық мәннің үлгісі болып табылады.

Белгілі көркемдік бейнелеу құралы арқылы туатын образдың мағынасы нұсқайтын мәннің белгісіздігі өлеңнің авторының, айтушысының ішкі күйі мен тыңдаушысының ішкі күйі арасындағы тебіреністі халді бір арнаға түсіріп, олардың өзара жарасымын арттыра түседі. Әрине, айтушы өз сөзінің тыңдаушыға әсерін сезбей, білмей сөйлемейді. Өлең сөздегі мазмұн байлығы, логикалық жүйенің қуаты, эмоциялық күй тыңдаушыға әсер етпей қоймайды. Шығарма өзегіндегі эмоциялық күй, тебіреністі хал неғұрлым шынайы, неғұрлым терең болса, оның тыңдаушыға әсері де соғұрлым қуатты болып шығады. Бұл өз кезегінде өлең сөздің айрықша образдық жүйесіндегі мән мен мағынаны пайымдаудың өрісін кеңейте түседі. Өлең өзегінде

жасырын жататын мән мен мағына осындай айрықша және күрделі образдық жүйенің көркемдік қызметі нәтижесінде пайда болады.

Аталған жүйені түзуші құбылыстарды, шартты түрде, сандық және сапалық деп екіге бөлуге болады. Сандық көрсеткіштер тілдік бірліктерден тұрады. Сапалық көрсеткіштер мазмұндық бірліктерден тұрады. Олардың әрқайсысының табиғатын жете білудің қажеттігі даусыз. Бірақ сандық көрсеткіштерді білу сапалық көрсеткіштердің мәнін білудің алғышарттарының бірі қызметін ғана атқарады. Ал сапалық көрсеткіштердің сырын білу сандық көрсеткіштердің мәнін жете тануға мүмкіндік береді. Сондықтан сандық көрсеткіштердің мазмұнын, сапалық көрсеткіштердің пішінін өзара бірлікте танып, білудің маңызы зор. Өйткені өлең өріміндегі жасырын мәннің өзі осы көрсеткіштердің өзара бірлігі мен тұтастығының қызметі нәтижесінде туатын образ, көрініс, оқиға суреті, ахуал арқылы танылмақ. Келісті көркемдікке жетудің бір жолы осындай.

Әл-Фараби «тамаша көркемдікке ие болу» өнердің екі мақсатының бірі екендігін көрсетеді. Ғұламаның пікірінше, «тек тамаша көркемдікке жетуді мақсат ететін өнер философия немесе, абсолюттік мағынада айтқанда, даналық деп аталады» [10, 35]. Абай өзінің ақындық өнерінде «тамаша көркемдікке жетуді мақсат» еткен және адамзат мүмкіншілігі шегінде сол «тамаша көркемдікке» толық жеткен. Соған орай Абайдың ақындық өнерін – даналық өнер, Абайдың ақындық танымын даналық таным деген дұрыс болмақ. Ақынның даналық танымындағы әр сөздің, әр мағынаның қиюын тауып, қисынын келтіріп түсіндіру «тағыны жетіп қайырудан» қиын болмаса, оңай емес. Ақынның «қиуадан» сөзінің мағынасын аудармашылардың «Хивадан» деп аударуы осындай қиындықтарға байланысты.

«Сегіз аяқтың» келесі өлеңі (шумағы) де тіл туралы. Бірінші өлеңде (шумақта) тіл «сөйлеймін десе, өзі біледі». Оған мұндай ерік беріп отырған – ақынның лирикалық «мені». Өлең (шумақ) тілдің осындай еркімен, еркіндігімен түйінделеді. Осы қалпында өзінше толық, мазмұн мен түрдің келісімінен кемістік табылмайды. Өлеңнің тууына негіз болған шындық құбылыс, одан туған эмоциялық күй өз алдына дербес тұтастығымен ерекшеленеді. Анығырақ айтқанда, өлең (шумақ) «тілдің сөйлеуін» қолдаған, қалаған эмоциялық реңкпен аяқталады. Ақындық ой толық тиянақталған. Басқа мағыналық құрылымдық бірлікке тәуелді, бағыныңқы емес.

Екінші өлеңнің (шумақтың) түйінінде әуелгі өлеңнің (шумақтың) түйініндегі эмоциялық

мәнге тәуелсіз, мүлде басқа күйдің сарыны бар. Тілдің алдыңғы өлеңде (шумақта) көрініс тапқан еркіндігі мына жерде негізге алынбайды.

Қиналма бекер, тіл мен жақ,
Көңілсіз құлақ – ойға олақ [1, 117], –

дегенде, ақын бастапқы тақырыптық сазға қайшы басқа сазға ауысады. Алғашқы өлеңнің (шумақтың) түйінді ойының мағынасы мен кейінгі шумақтың түйінді ойының мағынасы екі түрлі, бір-біріне бағынышты да емес, бірінен бірі басыңқы да емес. Араларында сабақтастық, ыңғайластық, себеп-салдарлық қатынас жоқ. Бірін-бірі жоққа шығарғандай қарама-қайшылық бар. Қарама-қайшылықтардың арасында да сабақтастық, тұтастық болатыны рас. Бірақ мына қарама-қайшылықтардың болмысынан ондай тұтастық көзге түспейді. Осының негізінде мынадай пікір өріліп шығады: «Сегіз аяқтың» алғашқы екі өлеңіндегі (шумағындағы) екі түрлі түйінді ой ақынның бір тақырып, бір құбылыс туралы екі түрлі толғанысты күйінен туған. Мұндай екі түрлі күй ақынның ақындық толғанысына негіз, шығармашылық ой өзегінің тууына себеп болған шындық құбылыстардың сарындарының да екі түрлі екендігін аңғартады.

Екінші өлең (шумақ) жүйесіндегі көңіл күйдің туу себебін білдіретін шындық құбылыстың мәні тыңдаушының болмысымен байланысты белгілі болады. Алдыңғы жағдайда «қызыл тілдің» қасиеті немесе сөйлеушінің шешендігі туралы ғана айтылса, ендігі тұста тыңдаушы тұлғасы бой көтереді. Алдыңғы өлеңде сөйлеуші немесе «қызыл тіл» теңдессіз келісті, керемет болғанда, кейінгі өлеңде тыңдаушы сөздің не сәнін, не мәнін ұқпайтын, адам айтса нанғысыз надан болып шығады. Осылайша, қиыннан қиыстырып сөйлейтін ер данасы, «толғауы тоқсан қызыл тіл» және «соқыр, мылқау» тыңдаушы арақатынасында «надан» тақырыбы туады:

Басында ми жоқ,
Өзінде ой жоқ,
Күлкішіл, кердең наданның.
Көп айтса, көнді,
Жұрт айтса, болды,
Әдеті надан адамның.
Бойда қайрат, ойда көз
Болмаған соң, айтпа сөз [1, 117].

Басында ми, өзінде ой болмайтын адам жоқ. Жан болған соң, әркімде-ақ азды-көпті ми бар, адам болған соң, әркімде-ақ жақсылы-жаманды ой бар. Ақынның жоқтап отырған «миы» мен «ойы» басқа. Мидың жоқтығы да, ойдың жоқтығы да образды. Олардың мағынасы да, мәні де көп қырлы. Сөйлеушінің асыл сөзін ұғу үшін тыңдаушының «бойында қайрат», «ойында көз» болуы да толығымен астарлы, ауыспалы мағынада айтылып тұр. Тыңдаушыдан табылмай

отырған «ми» мен «ой», «бойдағы қайрат», «ойдағы көз» жайын парықтағанда, осы шартты мағыналар жүйесінен туатын мәннің поэтикалық қызметіне сүйенген абзал. Ақынның өзі сипаттап отырған тыңдаушысын бір сөзбен «надан» деп білуінің себебі де осы жаймен сабақтас анықталады.

«Теңіздің сыры тамшыдан танылады», – деген ойды білдіреді қазақтың халық даналығы. Мұны жалпыландырғанда, бүтіннің мәні бөлшектен танылатыны туралы теңдессіз терең қағида алдымыздан шығады. Тамшыдан теңіздің сырын тану, теңіздің сырынан тамшының мәнін білу туралы осы ойда үлкен философиялық концепция бар десек, артық емес. Мағынаны, мәнді тану, түсіну туралы герменевтикалық теорияның арғы-бергі тарихындағы өзекті қағидалардың өзегі қазақ халқының осы бір даналық тұжырымының аясына сыйып кетеді. «Сегіз аяқтың» әр аяғы – өз алдына бүтін, біртұтас көркемдік құбылыс. Мағыналық-құрылымдық тұтастық, тақырыпшалар мен тақырыптың, сөз бен образ – сөздің нақты мағынасы мен жалпы мағынасы, ашық мағынасы мен жасырын мағынасы арасындағы байланыстардың байлығы сегіз тармақтан тұратын өлеңнің көркемдік мәнінің әдеттегі түсініктен әлдеқайда тереңдігін білдіреді. Осы айтылған жайларды негізге алғанда, Абайдың белгілі бір поэтикалық ойын танып, білу, түсіну үшін, оның шығармашылық мұрасын, тарихи және мәдени ортасын түгел білуге тура келеді. Бұған «Сегіз аяқ» құрамындағы өлеңдердің әрқайсысын жеке алып қарастырғанда да көз жеткізуге болады.

Жартасқа бардым,
Күнде айғай салдым.
Онан да шықты жаңғырық.
Естісем үнін,
Білсем деп жөнін,
Көп іздедім қаңғырып.
Баяғы жартас бір жартас,
Қаңқ етер, түкті байқамас [1, 122].

Ақын жартастың образын жасаған. Образдан тіршіліктегі қарапайым, тұрмыстық сипаттағы көрініс елес береді. Сегіз жол өлеңнің мазмұны толық, пішіні жарасымды. Ой аяқталған. Мағынасы анық. Түсінікті. Бірақ лайықты білімі, «бойында қайраты», «ойында көзі» бар тыңдаушы немесе оқушы ақынның айтпағы басқа екенін сезбей қалмайды. Шығарманы түсіну барысында мұның маңызы зор. Ақынның шығармасын қабылдаудың осы деңгейінде мынадай жайлар анықталады: а) берілген сегіз жол өлеңнің мағынасы өмірдің нақты шындық құбылыстарына сай ашылады; ә) нақты шындық құбылыстарға сай ашылатын мағынаға лайықты мән белгісіз; б) ақынның айтқысы келген ойы затты шындық оқиғаларға сай ашылатын мағы-

надан басқа; в) акынның айтқысы келген ойы жасырынулы. Жасырынулы ойды анықтаудың, акынның жасырған жұмбағын шешудің үш түрлі деңгейін көрсетуге болады. Бірінші – берілген сегіз жол өлеңнің өз деңгейі. Оны, жоғарыда айтылғандай, «теңіздің сырын танытатын тамшы», бүтіннің бөлшегі деңгейінде сипаттауға болады. Бұл деңгейде өлең жұмбақ өлең сипатында қабылданады. Оның шешуін, мағынасын, мәнін әр тыңдаушы немесе оқушы өзінше шешіп, өзінше түсінеді. Екінші деңгей – осы сегіз жол өлеңді акынның бүтін шығармашылығы аясында пайымдау. Бұл бөлшекті бүтіннің аясында пайымдау дегенді білдіреді. Бүтіннің сырын білмей, бөлшектің мәнін ұғу мүмкін болмайтыны сияқты, бөлшектің мәнін ұқпайынша, бүтіннің сырын тану да мүмкін емес. Әуелдегі жасырын мағына, бүркеулі мән берілген жолдарды акынның бүтіндей шығармашылығы жүйесінде немесе тұтастай «Сегіз аяқтың» өз деңгейінде алып қарағанда ашылады: жартастың мәні, айқайдың мәні, жаңғырықтың мәні – бәрі де осы тұрғыда ғана танылады. Осы деңгейдің болмысына ден қойған жағдайда, ондағы бөлшектердің, бөлшектер мен бүтіннің арасындағы байланыстардың бәрі де логикалық қисындар негізінде жүзеге асатыны белгілі болады. Ал осы бүтіннің бөлшектерінің сипатына назар аударғанда, олардың тілдік бірліктер ғана емес, күрделі, тұтасқан образдар, образды көріністер, мағыналар, мәндер екені туралы ұғым туады. Үшінші деңгей сегіз аяқ шумақтағы жасырынулы ойдың жұмбағын акынның дүниетанымы, мәдени ортасы аясында пайымдаумен анықталады. Мұның мәнісін Құран кәрімнің мына аяты негізінде түсінуге болады: «Дыбыстағанда, үнді, айғайды ғана естіп, түсінбейтін біреу тәрізді; саңырау, сақау және соқыр. Сонда олар еш нәрсені аңғармайды» [Құран: 2:171]. Осы аяттағы сурет пен акын суреттеп

отырған жартастың бейнесі арасында айырмашылық жоққа тән: жартас та саңырау, сақау, соқыр, ешнәрсені аңғармайды, байқамайды. Құран аятында құбылыстың аты мен заты белгілі, нақты, тура мағынада сипатталған. «Сегіз аяқта» осы нақты, затты құбылыс дерексізденіп (абстракцияланып), жартас түрінде жұмбақталады. Акынның жартастың архетипі, осылайша, Құраннан табылады. «Сегіз аяқта» бейнеленген жартастың жұмбақ сырын Құран негізінде ғана толық шешуге болады. Акынның поэтикалық ойлауының, акын шығармасындағы мән мен мағына поэтикасының көп қырлы, терең сырлы болмысының бір көрінісі осы деңгейде ашылады.

Акынның «Сегіз аяғындағы» мән мен мағына поэтикасы жалпы мен жалқы, бүтін мен бөлшек арасындағы байланыстар сырын ашу мен танудың нәтижесінде туатын образды тұтастық арқылы түсінікті болмақ.

Әдебиет

1. Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – I том. – Алматы, 1977.
2. Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. – XX том. – Алматы, 1985.
3. Ахметов З. Абайдың ақындық әлемі. – Алматы, 1995.
4. Мұқанов С. Абай Құнанбаев // Мұқанов С. Таңдамалы шығармалар. Он алты томдық. – XVI том. – Алматы, 1980. – 169-391-б.
5. Жұмалиев Қ. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі. – II том. – Алматы, 1960.
6. Ысмағұлов Ж. Абай: Даналық дәрістері. – Алматы, 2007.
7. Фреге Г. Смысл и значение // <http://www.philosophy.ru>
8. Хайдеггер М. О сущности истины / Перевод З.Н. Зайцевой // <http://www.philosophy.ru>
9. Бердяев Н. Смысл творчества // <http://www.publicant.ru>
10. Әл-Фараби. Әлеуметтік-этикалық трактаттар. – Алматы, 1975.
11. Абай Құнанбаев. Избранное стихотворения. Поэмы. Слова-назидания / Составление М.Мағауина. – М., 1981.
12. Дәдебаев Ж. Белтірік Әлменұлы және қазақ шешендік өнері: оқу құралы. – Алматы, 1996.

Ы.Палтөре

АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ АЛЛАНЫҢ КӨРКЕМ ЕСІМДЕРІНІҢ КЕЙБІРІНЕ ЛЕКСИКА-СЕМАНТИКАЛЫҚ ТАЛДАУ

Аннотация. Мақалада қарастырылған мәселелер. Абай шығармаларында кездесетін Құрандағы Алла атауының мән-мағынасы, Абай қолданысындағы синонимдері. Рахман және Рахим атты Алланың көркем есімдері. Абай және ислам дүниетанымы. Тірек сөздер: Абай, Ислам, Құран, Аят. Хадис, Алла, Рахман, Рахим.

Ы. Палтөре

ЛЕКСИКО-СЕМАНТИЧЕСКИЙ РАЗБОР НЕКОТОРЫХ ИМЕН АЛЛАХА, КОТОРЫЕ ВСТРЕЧАЮТСЯ В ПРОИЗВЕДЕНИЯХ АБАЯ

Аннотация. Вопросы, рассматриваемые в статье. Смысл и значение слова Аллах в Коране, которое встречается в произведениях Абая, и его синонимы в использовании Абая. Имена Аллаха – Рахман и Рахим. Абай и исламское мировоззрение. Ключевые слова: Абай, Ислам, Коран, Аят. Хадис, Алла, Рахман, Рахим.

Y. Paltore

LEXICAL-SEMANTIC PARSING SOME NAMES OF ALLAH TO MEET IN WORKS ABAY

Abstract. The issues dealt in this article. The sense and meaning of the word Allah in the Quran, which is found in the works of Abay, and its synonyms in the use of Abay. Names of Allah - Rahmaan and Raheem. Abay and the Islamic world.

Keywords: Abay, Islam, the Quran, Verse. Hadith, Allah, Rahmaan, Raheem.

Құран аяттарында: «Алла Одан басқа ешбір тәңір жоқ. Ең көркем есімдер Оған тән» [13, Таһа, 8-аят], «Ол сондай Алла, одан басқа ешбір тәңір жоқ. Ол – Патша; өте пәк, есен-амандық беруші. Қорғаушы тым үстем. Аса өктем, өте зор. Алла олардың (серік қосушылардың) қосқан серіктерінен пәк. Ол Алла – жаратушы, жоқтан бар етуші, бейнелеуші. Оның көркем есімдері бар...» [13, Хашыр, 23-24-аяттар], – делінген. Сондай-ақ: (Уа, Мұхаммед! Сен) Оларға: «Алла» деп дұға жасандар яки «Рахман» деп дұға жасандар. Қайсысымен атасандар да ең көркем есімдер Оған тән» деп айт» [13, Исра, 110-аят], «Ең көркем есімдер Аллаға тән. Оған сол атаулармен (көркем есімдермен) жалбарыныңдар», [13, Ағраф, 180-аят] – деген мағынада аяттар бар. Жалпы осы көркем есімдердің саны туралы Мұхаммед пайғамбардың хадистерінің бірінде: «Алланың тоқсан тоғыз, бірі кем жүз есімі бар...» [Хадис: Бұхари, Дағуат-6047], – деп айтылған. Мұхаммед пайғамбар көзі тірісінде Құранда айтылған аяттарға сай Алланың көркем есімдері мен сипаттарын атай отырып, оған дұға-тілек жасаудың үлгілерін күллі мұсылман жамағатына үлгі-өнеге еткен. Осы үрдіс бойынша қазіргі кезде еліміздегі мешіт имамдары, діни қызметкерлер түрлі құлшылық рәсімдері орындалған соң немесе орындау кезінде пайғамбар үйреткендей етіп, Алланың көркем есімдерін атап, оған дұға-тілек жасауды әдетке айналдырған.

Хақим Абай да өз заманында: «...Рахман, Рахим, Ғафур, Уадуд, Хафиз, Сәттар, Раззак, Нафиғ, Уәкил, Латиф...» [1,192], – деп Алла тағаланың көркем есімдерінің кейбірін атап, олардың мән-мағынасын біліп, кәміл үйренуді өз шығармаларының бірінде (отыз сегізінші қара сөзінде) өсиет етеді. Осы көркем есімдердің ең басында Алла арабша [الله] (Allah) атауы тұрады. Бұл атау – Құдай тағаланың жеке (жалқы) есімі. Құлшылық етуге лайық, ғибадат етілуші Ие, Тек, Бір Тәңір мағынасында. Құран дүниетанымы бойынша бұл есім бір жаратушыдан басқа ешкімге айтылмайды. Алла сөзінің араб тіліндегі шығу этимологиясы жайлы араб тіл білімі ғалымдары бірнеше пікірді алға тартады. Олардың ішінде ең көп мақұлданғаны Алла атауының араб тіліндегі «әләһә – яләһу – иләһәтән» (الاهة – يالاه – الهة) деген «құлшылық ету» мағынасындағы етістіктің түбірінен «әл-Иләһу» (ال) үлгісінде жасалып, жиі қолданылғандықтан «әл» артиклінен кейін келген кәсралы әлиф (транскрипциядағы «и» әрпі) түсіп қалу арқылы ләм әрпі ләмге қосып, бір рет жазылып үстіне тәшдид (шәдда) белгісі қойылу арқылы оқылады. Сондай-ақ жаратқанды ұлықтау мақсатында ләм әрпі жуан оқылып, нәтижесінде «Allah» [الله] үлгісіндегі сөз шыққан делінеді [2,32]. (Сөз соңындағы «h» әрпі қазақ тілінің орфографиялық ережелері бойынша хатқа түскенде жазылмай «Алла» үлгісінде қолданылып жүр...). Бұл сөздің қазақша мағынасы «бүкіл әлемді жаратушы, құлшылық етуге ең лайықты ие» дегенді білдіреді. Қазақ әдеби тілінің сөздігінде Алла сөзіне: «18 мың Ғаламды, Қиямет-Қайымды жаратушы Құдай, асқан құдірет иесі» [3,424], – деген анықтама берілген. Бұл сөз Құранда сөйлем ішіндегі орнына қарай әртүрлі (мысалы, атау, ілік, табыс септіктерінде) кездесіп, жалпы саны бір дерек бойынша 2697 рет, [4,47] ал екінші бір дерек бойынша 2724 рет кездеседі делінеді [14].

Осы Алла атауы Абай шығармаларында да жиі қолданыс тапқан. Ақынның: «Алланың өзі де рас, сөзі де рас...», «Алла деген сөз жеңіл, // Аллаға ауыз қол емес...», «Алла мінсіз әуелден, пайғамбар хақ, // Мұмин болсаң үйреніп,, сен де ұқсап бақ. // Құран рас, Алланың сөзідүр ол, // Тәуіліне жетерлік ғылымың шақ.// Алланың, пайғамбардың жолындамыз,... Алла ішімді айтқызыбай біледі ойла,...», «Алланың рахматын, // Жар тұтып әрнеге...» деген сияқты тағы басқа көптеген өлең жолдарында, қара сөздерінде тіпті, орыс тілінен аударған аудармаларында да көрініс тапқан. Абай тілі сөздігіне жүгінсек, Алла сөзі Абай шығармасында 133 рет кездеседі [5,40]. Бір ескеретін жайт Құранда Алла есімі Құдай тағаланың барлық көркем есімдерін қамтиды. Ешбір атауға синоним ретінде қолданылмайды. Көптік жалғауын қабыл етпейтін жеке, дара есім ретінде қарастырылады. Ал Абай шығармаларында: «Патша құдай, сыйыным, // Тура баста өзіңе...», «О да құдай пендесі, // Түспей кетер деймісің. Тәңірінің құрған тезіне?!», «Я, Құдай, бере гөр // Тілеген тілекті...», «Шын жүрек елжіреп, // Алладан тілеймін...», – деген сияқты үлгілерде Алла атауы «Тәңір», «Құдай» сөздерімен синоним ретінде қолданылуымен ерекшеленеді. Абай тілін зерттеген ғалым Р.Сыздықова: «...қазақтың исламға дейінгі жалпы түріктік тәңірі-сі бар ма, парсы-

ның құдай-ы, арабтың алла-сы, ... бар ма – барлығы да бұл кезде актив сөздер. Абай да оларды жатсынбай синонимдік қатар түзіп пайдаланады...» [6,72], – деген. Негізі Құран дүниетанымында жаратқанның Алла деген есіміне «Тәңір», «Құдай» сөздері синоним бола алмайды. Себебі, бұлар Алла атауының семантикасын, мән-мағынасын толық қамти алмайды. Бұл туралы Құран аяттарына қазақша мағына мен түсінік беріп аударған Халифа Алтай да өзінің «Хұтпалар» атты еңбегінде: «...Жаратқан, жасаған «Алла»: түрікше «Тәңір», парсыша «Худа», қазақша «Құдай» деп аталады. Бірақ – тәңір, худа, құдай деген сөздер «Алла» деген атаудың орнын толтырмайды. Жетпей қалады...» [7,9], – деген. Дегенмен қазіргі ауызекі сөйлеу тілінде, тіпті, қазақ әдеби тілінде «Тәңір – Құдай – Алла» сөздері бірінің орнына бірі қолданыла беретіні белгілі. Мысалы, Бұхар жыраудың: «Ей, айтышы, Алланы айт, Аты жақсы Құдайды айт. Төрт шадияр Мұстафа, Мұсқап ашқан ғалымды айт. Тәңірім сөзі бұрқанды айт. Кәлім Алла Құранды айт, Тәңірім салса аузыңа, Жан жолдасың иманды айт», «Құдайды білмес би-намаз», «Қарсы болма Аллаға», «Бірінші тілек тілеңіз, бір Аллаға жазбасқа...» [8,10-15], – сондай-ақ Шал ақынның: «Жігіттер, ғибадат қыл, маған нансаң, Намаз оқы, Алланы ойыңа алсаң, Жарлығы екі болмас хақ Құдайым, жанында серігі жоқ тақ Құдайым, Жанымды алсаң, Құдая, иманмен ал, Шайтанның қазасынан қақ, Құдайым...» [9,155], – деп толғанғаны сияқты, т.б. Негізі осы сияқты мысалдарды қазақтың көптеген ақын-жазушыларының шығармаларынан кездестіруге болады. Бұл дегеніміз Құрандағы Алла сөзінің «тәңір – құдай» сөздерімен семантикалық байланысқа түсіп, қазақ тілі ұғымында құрылысы әртүрлі болғанымен мән-мағынасы бір болып кеткен сөздер деуге болады.

Мұнан басқа айтарлықтай жаңалық Абай тілінде кездесетін Алла атауына көптік жалғауының жалғануы. Нақтырақ айтқанда, Абайдың отыз сегізінші кара сөзі деп аталып жүрген шығармасында Абай Алла тағаланы танымақтық оның көркем есімдері мен сипаттары арқылы болатындығын аңғарта келе араб тіліндегі «Әмәнту биллаһи кәма һуә би әсмәәһи уа сифатиһи» яғни, «Мен Аллаға оның көркем есімдері мен сипаттарында баян етілгендей етіп оны танып, оған иман келтірдім», – дегенді түсіндіргенде «...Ол есім Аллалар һәмма ол Алла тағаланың фиғыл ғазимләрінің аттары, олардың мағынасын біл һәм сегіз сифат затиялары не деген сөз, кәміл үйрен» [1,187], – дейді. Осында «...Ол есім Аллалар...» – деп, Алла сөзіне көптік жалғауын жалғайды. Әрине бұл Құран дүниетанымы бойынша мүлде қабылданбайтын мәселе. Араб әріптерімен жазылған Мүрсейіт қолжазбасында да: «اول اسم الله لار», яғни «Ол есім Аллалар» үлгісін-

де кездеседі екен. Сондықтан мұны баспа тарапынан жіберілген яки текстологиялық кемшілік дей алмадық.

Егер біз Абай сөз етіп отырған имандылыққа қатысты айтқан мәселесіне үңілсек, ақынның араб тіліндегі «Әмәнту биллаһи кәма һуә би әсмәәһи уа сифатиһи» тіркесінің қазақша баламасын айтып жатпай-ақ, «...би әсмәәһи яғни, есімдерімен» дегенді «...Ол есім Аллалар...» деп түсіндіріп, яғни, «ол есім Алланың аттары, көркем есімдері» деген мағынаны бір ауыз сөзбен жеткізіп, Алланың көркем есімдерінің қайсысын айтсаң да бір Алланы меңзеген боласың дегенін аңғарамыз. Абай «...Ол есім Аллалар...» деуі арқылы бұрын-соңды болмаған тіркесті қолданады. Ақынның Құран дүниетанымына жат мұндай үлгіні қолдануы сол кездегі қарапайым халыққа түсінікті болсын деген мақсатта айтқан болу керек деген жорамал жасаймыз. Бұған ақынның өз шығармаларында имандылық жайын сөз еткенде ең алдымен, Алла тағаланы дұрыс танып-білуге, оған жасалатын тағат-құлшылықтың дұрыс болуын, сөз бен іс арасында алшақтықтың болмауын басты тақырып етіп көтеретіндігі дәлел. Абай өз өлеңдерінің бірінде: «Алла деген сөз жеңіл, // Аллаға ауыз қол емес // Ынталы жүрек, шын көңіл, // Өзгесі хаққа жол емес...», – деуі де осының бір айғағы болса керек. Қорыта айтқанда, Абай тілінде Алла сөзі «Тәңір», «Құдай» сөздерімен синонимдік қатар түзіп қолданылса, екіншіден, оған көптік жалғауы жалғану арқылы да бір рет қолданыс тапқан. Мұның алғашқысын яғни, Алла сөзін «Тәңір», «Құдай» сөздерімен синоним ретінде қолдануды Абай өзіне дейінгілерден алған деген пікірді қолдасақ, екінші Алла сөзіне көптік жалғауын жалғап «Алла + лар» деп қолдануы ақынның өзі тапқан тәсіл. Негізі бұл тәсіл Құран тіліне түбегейлі жат. Бұл тәсіл Құран тілінің, қазіргі классикалық араб тілінің грамматикалық ереже-қағидаларына қайшы болғанымен, Абай айтқан ойдың Құран дүниетанымына еш қайшылығы жоқ. Себебі, Абай Алла сөзіне көптік жалғауын жалғау арқылы жаратқанды бірден көп деп тануға емес, керісінше «...Ол есім Аллалар...» – деп ең көркем есімдер тек Аллаға тән дегенді ұқтырады. Сондықтан мұсылман адам дұғатілек жасағанда сол есімдердің қай қайсысын атаса да бір Алланы меңзеген болады. Бірақ бұл атаулардың мән-мағынасын біл, Алланың сегіз затия сипатының не екендігін кәміл үйрен дейді. Осылайша Абай Алланы оның көркем есімдері мен сипаттары арқылы саналы түрде дұрыс тануға шақырады. Бұл айтылғандар Құран ұстанымдарына еш қайшы келмейді, керісінше құпталады.

Орайы келгенде айта кететін жайттың тағы бірі, Абай Алла сөзін Алла тағала, Алла табарака

уа тағала үлгісінде сондай-ақ кейде осы сөзге синоним ретінде *құдай* сөзін пайдаланып: *Құдай тағала*, *Құдай табарака уа тағала* деген тіркестерді құрап пайдаланған. Осындағы тағала сөзі арабша *тағала* [تعالیٰ] сөзі екені анық. Бұл сөздің қазақша ұғымы *аса жоғары, ұлы мәртебелі* дегенді білдіреді. Біз Абай тілі сөздігіне үңілгенде: «Тағала: алла тағала (63)...», ал «құдай тағала – жаратушы құдірет (33)» [5,479], деп Абай шығармаларындағы саны көрсетілген екен. Дегенмен, өз бетімізше қайта санақ жүргізіп, қарағанымызда Абай қара сөздерінде *Алла тағала* үлгісіндегі тіркес 33 рет, ал *Құдай тағала* үлгісінде 36 рет, сондай-ақ *Алла табарака уа тағала* үлгісінде 3 рет, *Құдай табарака уа тағала* үлгісінде де 3 рет кездесетіндігін анықтадық. Қалай десек те, Абай тілінде Алла сөзі жай ғана айтылып қоймай, жаратқанға ізеттілік пен оған деген құрметті аңғартатын *тағала* сөзімен қоса берілгені дау туғызбайды. Бұл сөз жоғарыда саны көрсетілгендей *құдай тағала* үлгісінде де аз қолданылмаған. Осы тіркестерді қазақшалағанда *аса жоғары, ұлы мәртебелі Алла* деген мағынадағы сөз тіркесі шығады. Жалпы мұсылман жұртшылығы Алланы осылай дәріптеуді Құран аяттарына негіздейді. Құранда *тағала* сөзі 14 рет қайталанады екен [16]. Жаратқанның осы Алла атауынан кейінгі кезекті алатын *Рахман* арабша [الرَّحْمَنُ] «*эр-Рахман*» және *Рахим* арабша [الرَّحِيمُ] «*эр-Рахим*» деген есімдер. Бұл екі есім де араб тіліндегі «رَحْمَةً — رَحْمَةً وَرَحْمَةً» (мейірімділік, қамқорлық етті) деген мағынаны білдіретін етістіктен өрбиді. Нактырақ айтқанда, «*эр-Рахман*» [الرَّحْمَنُ] (аса қамқор, өте мейірімді) және «*эр-Рахим*» [الرَّحِيمُ] (ерекше Мейірімді, Рақымды) сөздері рақымшылық, мейірімділік, қамқорлық ету мағынасындағы «*эр-Рахмәту*» [الرَّحْمَةُ] сөзінен туындаған араб тіліндегі асыртпалы, күшейтпелі шырай болатын сөздер. *Рахман* сөзі *Рахим* сөзінен күштірек әрі мағынасы ауқымды атау. Бұл атау Құран дүниетанымы бойынша Алланың осы дүниедегі мейірімі мен қамқорлығының жалпылығын аңғартады. Құранда: (Уа, Мұхаммед! Сен) Оларға: «Алла» деп дұға жасаңдар, яки «Рахман» деп дұға жасаңдар...» деп айт» [13, Исра, 110-аят], – деп бұйыруы да Рахман сөзінің мағынасының жалпылығының дәлелі. Бұл есім тек Аллаға ғана лайық ат екендігі айтылады. Ал *Рахим* сөзінің ауқымы тар, мағынасы шектеулі, сондықтан бұл сөз қазақ тіліне ерекше мейірімді деп аударылады. Түйіндеп айтқанда, Алланың «Рахман» есімі барша жаратылыс атаулыға бірдей рақым етуді аңғартса, «Рахим» атауы тек мүмін-мұсылмандарға ғана мейірім ететінін білдіреді. Бұл айтылғанға Құрандағы: «Ол мүміндерге мейі-

рімді» [13, Ахзаб, 43-аят], – деген аят дәлел бола алады.

Алланың өте мейірімді, аса қамқор деген мағынадағы «*эр-Рахман*» есімі Құран аяттарында 57 рет қайталады [4,466]. Тіпті, Құранда «*Эр-Рахман*» деп аталатын 78 аяттан тұратын сүре де бар. Ал енді өте рақымды, ерекше мейірімді деген мағынадағы «*эр-Рахим*» атауы Құранда әл артиклімен 34 рет, әл артиклінсіз 61 рет, сондай-ақ табыс септігінде «*Рахмимән*» [رَحِيمًا] үлгісінде 20 рет, жалпы бәрін қоса санағанда 115 рет қайталанады екен [4,465]. Бұл екі есім де Құран дүниетанымында Алланың ең негізгі көркем есімдері саналады. Алланың осы *Рахман* және *Рахим* атты көркем есімдері Абай шығармаларында бір-екі жерде сол Құрандағыдай арабша қалпында кездессе, енді бірде сөздің түбірі саналатын «*эр-Рахмәту*» [الرَّحْمَةُ] (Рахмат, рахмет яғни, рақмет), сондай-ақ Рақым, рақымдылық үлгісінде көрініс табады. Мысалы, Абай: «Алланың рахматын // Жар тұтып әрнеге, // Эр Рахман ол атын Үйреткен жұлмеге» –десе, енді бірде: «...Зар қылып тілеймін // Рахметін Алланың, // Елжіреп жылаймын, // Көңілін аш пенденің // Сыйхатын қалқама, // Бере гөр, я, Рахим! // Тілегім – бұл ғана, Қайғымды қыл шағын...», – дейді. Міне, осы өлең жолдарында Алланың Рахман және Рахим есімдері арабша аталады. Абайдың: «Эр Рахман ол атын Үйреткен жұлмеге» деген өлең жолдарының діни астары бар. Себебі, Мұхаммед пайғамбардың хадистердің бірінде: «Алла тағала мейірімділікті жүз бөлікке бөлді. Сөйтіп, оның тоқсан тоғыз бөлігін өзінде ұстап қалып, тек бір бөлігін ғана жер бетіне түсірді. Осы жер бетіне түсірілген бөліктің шаарапатынан барша жаратылыс иесі бірі-біріне мейірімділік етеді. Тіпті, жануар да өз төліне зияны тимесін деп тұяғын мұқияттан көтереді» [Хадис: Муслим], – деп баяндайды. Дәл осы мәтінге жақын тағы бір хадис нұсқасында: «Расында Алла тағала жүз мейірімділікке ие. Оның бір бөлігін ғана жындар мен адамзатқа, жан-жануарлар мен шыбын-шіркейлерге түсірді. Міне, сондықтан олар осы бір бөлік бойынша бірі-біріне сүйіспеншілік, мейірімділік танытады. Бірі-біріне рақымшылық, жанашырлық етеді. Осы (жерге түсірілген) бір ғана бөлік бойынша жыртықтың өзі баласына мейірімін төгіп, сүйіспеншілікпен қарайды. Ал мейірімділіктің, рақымдылықтың тоқсан тоғыз бөлігін Алла өзінде алып қалған. Онымен Қиямет күні пенделеріне рақымшылық етеді» [Хадис: Муслим], – деп түсіндіреді. Абай ақынның «Эр Рахман ол атын // Үйреткен жұлмеге» деген өлең жолдары осы пайғамбар хадистеріне негізделсе керек. Себебі, осындағы «жұлмеге» деген сөз араб сөзі қазақша аударғанда «баршаға, бүкіл жаратылыс атаулыға» деген мағынаны білдіреді. Осылайша Абай

жоғарыда айтылған хадистің мән-мағынасын, түпкі өзегін бір тармақ өлеңмен керемет жеткізе білген. Осы сияқты «...Сыйхатын қалқама, // Бере гөр, я, Рахим!» – деп, енді бірде Алланың Рахим есімін атайды. Мұнда да діни астар жатыр. Негізі бұл өлең жолдары ақынның «...Болашағынан үлкен үміт күткен ұлы Әбдірахман науқастанып жатқанда бір құдайға жалбарыну, ұлының дертіне шипа, жанына саулық тілеу мазмұнына құрылған» [10, 81]. Осы өлең жолындағы «сыйхат» сөзі арабтың денсаулық деген мағынаны білдіретін – «ас-сыххату» [الصحة] сөзі.

Абай осы өлең жолында: «Уа, ерекше мейірімді Алла! Ұлымның денсаулығын бере гөр» дегенді айтқан. Енді неліктен Абай *Рахман* сөзін емес, *Рахим* сөзін айтып, Аллаға жалбарынды десек, мұның жауабын осы Рахим сөзінің мағынасынан табамыз. Себебі, жоғарыда айтып өткендей, Рахим сөзінің мағынасы тар, мұсылмандарға ғана ерекше, аса мейірімді деген мағынада қолданылады. Бұған дәлел ретінде Құрандағы «Ол мүміндерге мейірімді» [13, Ахзаб сүресі, 43-аят], – деген аятты келтірген едік. Тағы бір айта кететін жайт пендеге денсаулық беретін, дертіне шипа дарытатын да бір Алла деген ұғым Құран дүниетанымына саяды. Құранда Ибраһим пайғамбар: «...Ол, қашан ауырсам, маған шипа береді» [13, Шұғара, 80-аят], – дейді. Мұнан басқа: «Құраннан біз мүміндерге шипа әрі рахмет түсіреміз» [13, Исра, 82-аят], «...Ол Құран иман келтіргендерге бір тура жол әрі шипа де», – деген мағынадағы аяттар да кездеседі. Сондай-ақ Абайдың: «...Көңілін аш пенденің...» деген өлең жолдары Құрандағы «...иман келтірген қауымның көңілдерін ашсын» [13, Тәубе, 14-аят] деген аяттың мән-мағынасымен астарласып жатыр. Мұхаммед пайғамбардың хадистерінде де науқастанып қалған кісінің көңілін сұрап барып, оған: *أَسْأَلُ اللَّهَ الْعَظِيمَ رَبَّ الْعَرْشِ الْعَظِيمِ أَنْ يَشْفِيكَ* «Саған ұлы Аршының Раббысы аса ұлы Алладан шипа тілеймін» деп айтуға бұйырған. Сондай-ақ пайғамбардың: Егер отбасы мүшелерінің бірі науқастанып қалған болса, оның хал-жағдайын сұрап, «Уа, адамдардың раббысы – Алла! Мына дертті кетіре гөр. Сен шипа берушісің шипа бере гөр. Тек сенің шипаңнан басқа ешбір шипа жоқ. Толық еміңді бере гөр» [Хадис: Муслим], – деп жаратқанға жалбарынғаны бізге жеткен. Бұл да Абай дүниетанымына әсер еткен болуы мүмкін. Дегенмен, Абай Алланың *Рахман* және *Рахим* есімдерін айтып, дұға-тілекті өлең жолына төгіп, өз бетінше Жаратқанға жалбарынады. Молдалар мен қожа-ишандар тіліндегі жаттандыны айтпайды.

Мұнан басқа осы екі сөздің түбірінен өрбитін қайырым, мейірім, шапағат мағынасындағы «Рақым, Рахым», «Рахмат, Рахмет» сөздері де Абай шығармаларында «Алланың рахматын // Жар тұтып әрнеге...», «...Рахметіне Алланың

көңіл сенер...», «Тәңрім рақым еткені-ай!...», «Көкке бақтым «Алла» деп, // Тамаша етіп құдіретін. Рахматы оның онда көп...» деген сияқты үлгілерде тіркес құрап, Алланың *Рахман* және *Рахим* есімдерінің мән-мағынасын береді.

Тағы бір атап өтетін мәселе ол Абайдың 1869 жылы Ділдәдан туған ұлы Әбдірахман есімімен байланысты болмақ. Себебі, осы атау Алланың біз сөз етіп отырған *Рахман* есімімен аталған. Нақтырақ айтқанда, Әбдірахман арабтың *абд* [عبد] (құл) *ар-Рахман* [الرحمن] (аса мейірімді, қамқор Ие) деген сөздерінен тіркесіп жасалған. Араб тіліндегі *абд* [عبد] сөзінің алғашқы әрпі «айн» [ع] атты дауыссыз дыбыс қазақ тілінде болмағандықтан бұл әріп қазақ тіліне кейде «ғ» кейде «э» дыбыстарымен алмастырылады. Арабтың Абдурахман [عبد الرحمن] дегенін қазақтың Ғабдурахман, Әбдірахман дейтіні сондықтан. Бұл атаудың қазақшасы «Аса мейірімді иенің құлы» дегенді білдіреді. Ал енді Абай неге ұлының атын Әбдірахман деп қойған дегенге келсек, мұның да өзіндік діни астары бар деуге болады. Себебі, ислам дүниетанымы бойынша балаға қойылатын аттардың ең абзалы Алланың құлы дегенді білдіретін құрамында *абд* [عبد] (құл) сөзі бар Мұхаммед пайғамбардың сүннетімен дәлелденген игі-көркем есімдердің бірі болғаны құпталады. Осындай құпталған есімдердің ішіндегі ең абзалы Абдулла [عبد الله] (Алланың құлы, пендесі) мен Абдурахман [عبد الرحمن] (Раханның, аса мейірімді иенің құлы) деген есімдер. Бұл туралы Мұхаммед пайғамбардың хадистерінің бірінде: «*Расында сендердің аттарыңның ішіндегі Аллаға ең қатты ұнайтыны – Абдулла мен Абдур-Рахман*» [Хадис: Муслим және Дауд], – деген. Осы сияқты тағы бір хадисте: «*Ұлыңды Әбдірахман деп ата!*» [سم ابنك : عبد الرحمن] деп пайғамбардың бір кісіге кеңес бергені айтылады. Міне, осы хадистерден хабардан болғандықтан Абай да ұлын Әбдірахман деп атаған болса керек деген ой түйеміз. Абай осы ұлынан көп үміт күткен, бірақ ол науқастанып жүріп 1895 жылы ажалы жетіп дүниеден озады. Бұл қаза Абайды қатты есеңгіретеді. Бұл туралы М.Әуезов та: «...Оспанның өлімінен соң Абайды қатты күйіндірген өлімнің бірі осы болады. Бұл баласы Абайдай әке өмірінің жалғыз бір үлкен жұбанышы еді. Соның мұратына жете алмай, ерте өлгені артында қалған әкесін қатты қайғыға салған» [11, 302], – дейді. Абай ұлы Әбдірахман науқастанып жатқанда оған: «*Я, құдай бере гөр // Тілеген тілекті...», «Алланың рахматын // Жар тұтып әрнеге...»* деп хат жолдаса, Кәкітай атынан: «*Тілім, саған айтайын...», «Көзімнің нұрысың...»* деп басталатын хат-өлеңдер жазған. Ал дүние салғанда: «*Арғы атасы қажсы еді...», «Кешегі өткен ер Әбіш...», «Тұла бойың ұят, ар*


едің...», «Жиырма жеті жасында...», «Талаптың мініп тұлтарын...», «Орынсызды айтпаған...» деп жоқтаса, Әбірахманның әйелі Мағышқа: «Жылағанды тоқтатып...» деп басталатын жұбату өлеңін айтты. Сондай-ақ: «Бермеген құлға қайтесің...» деген өлеңінде: «...Өмірін берген құдайым // Ажалын да беріпті... // Оспанды алған бұл өлім, // Тәубе қылсақ керек-ті...» деп Алланың ісіне пенделікпен қарсы келсек, тәубе етейік, жаратқаннан кешірім сұрайық дей отырып, «...Қажыны алған бұл өлім // Сабыр қылсақ керек-ті» деп өз әкесі Құнанбай қажының да дүние салғанын есіне алып, өзін де, өзгені де сабырға шақыра білді. Пенделікке салынып, мұсылманшылыққа қайшы келетінді мүлде айтпайды. Түйіндеп айтқанда, Абайдың Алла туралы, өмір мен өлім жайындағы дүниетанымы, діни көзқарасының біразы осы Әбірахманға арнаған хат-өлең, жоқтауларынан көрініс табады деуге болады. Біз сөз етіп отырған Алланың *Рахман* және *Рахим* есімдері де ақынның Әбірахман науқастанып жатқанда оның дертіне шипа, деніне саулық тілеп, жаратқанға жалбарынып айтқандары. Бұл – ақынның жастық шағындағы шығысқа еліктеулері іспетті емес, өзіндік дүниетанымы қалыптасқан, айтқан сөздерінің тамыры тереңнен тартқан, даналық деңгейге жеткен шағы. М.Әуезов ақынның осы кездерін: «...әріне, бұл уақыттарда Абай терең, даналықпен толғайтын ақынның өзі болған...» [11, 302], – деп баға бере білген. Негізінде ақынның Оспанның, Әбірахманның өліміне арнап айтқандары Абайдың ішкі жан дүниесінен сыр шертетін, Құран дүниетаны мен қарым-қатынасын айқындай түсетін, сәуле-жарық беретін тұстар.

Міне, осылайша қорыта келгенде, өз тарапымыздан Абай шығармаларында ең жиі қолданыс тапқан Жаратқан Иенің *Алла*, *Рахман* және *Рахим* есімдеріне лексика-семантикалық талдау жасауға тырыстық. Талдау барысында Абай дүниетанымы қасиетті Құран, ислам дүниетанымымен астарласып, біте-қайнасып жатқандығына тағы да көз жеткіздік.

Әдебиет

1. Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. II том. Алматы, «Ғылым» баспасы, 1977. 321 б.
2. Тәфсирул-Құран әл-Азим ли-Ибн Кәсир. I-том.
3. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. I-том. / Құраст.: Т.Жанұзақов, С.Омарбеков, Ә.Жүнісбек және т.б. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2006. I-том. – 752 б.
4. Мұғжам әлфаз әл-Құран әл-Кәрім. I-том. 619 бет.
5. Абай тілі сөздігі. Алматы, «Өнер» 2011. – 616 бет. (2-қайта басылымы)
6. Сыздықова Р. Абай және қазақтың ұлттық әдеби тілі. – Алматы. «Арыс» баспасы, 2004. – 616 бет.
7. Халифа Алтай Хұтпалар. Алматы, 2001. – 192 бет.
8. Бұхар жырау Қалқаманұлы. Шығармалары. – Алматы, 1992. – 240 б.
9. Бес ғасыр жырлайды. – Алматы: Жазушы, 1989. – II том. 280 б.
10. Абай. Энциклопедия. (Бас ред. Р.Н. Нұрғалиев). – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының Бас редакциясы, «Атамұра» баспасы, 1995.-720 бет.
11. Әуезов М. Шығармалар. Он екі томдық. Он екінші том. Мақалалар, зерттеулер. «Жазушы» баспасы, Алматы – 1969. 536 бет.
12. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. I-том. / Құраст.: Т.Жанұзақов, С.Омарбеков, Ә.Жүнісбек және т.б. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2006. I-том. – А – А. -752 б.
13. Халифа Алтай. Құран Кәрім қазақша мағына және түсінігі. Алматы, 2000. – 476 бет.
14. <http://ar.wikipedia.org/wiki>

АБАЙ ИНСТИТУТЫНЫҢ ЖАҢА КІТАПТАРЫ



Тарақов Ә.С.

Аударма әлемі : оқу құралы. – Өңд., толықт. – 2 бас.
- Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 332 б.
ISBN 978-601-247-248-6

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филология факультеті аударма теориясы кафедрасының профессоры, филология ғылымдарының докторы, Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі Ә.С.Тарақовтың «Аударма әлемі» аударма теориясы, аударматану саласындағы зерттеу тәжірибесі мен ой-пайымдауларына негізделген танымды, жаңа оқу құралы. Автор біраз жылғы теориялық әрі тәжірибелік ізденісін қорытындылап, аударманың жазбаша түрлеріне, техникасына, тәсілдеріне, құрылымдық сипатына тоқталған. Шетел және ТМД елдері аударма зерттеушілерінің ой-пікірлерін талдап, салыстыра сараптаған. Аударма мәселесін лингвистика, салыстырмалы стилистика, әдебиеттану, эстетика, логика пәндерімен сабақтастықта саралаған. Көркем аударманың жанрлық түрлері, тектері бойынша проза, драматургия, поэзия аудармасын талдаған. Оқу құралы қайта редакцияланып, толықтырылып, жүйеленген. Тың тақырыптар қамтылған. Аударма теориясын түрлі мысалдармен дәлелдеп, тұжырымдаған. Кітап «Аударма ісі негіздері және стилистика», «Поэзия мәтіндерін тәржімалау», «Аударма шығармаларын талдау және редакциялау» пәндерін негізге алған.

АБАЙТАНУ ТАРИХЫНАН

С. Сейфуллин

ИБРАҺИМ ҚҰНАНБАЙҰЛЫ (АБАЙ) (1845 -1904 жж.)

Аннотация. Мақалада қарастырылатын мәселелер. Абайдың өмірі мен шығармашылығы. Ақынның балалық шағы. Орыс әдебиетімен танысуы. Араб, парсы әдебиетін білуі. Ақынның эстетикалық нысанасы мен шеберлігі. Ақын шығармашылығының маңызы. Тірек сөздер: Абай, өмір, шығармашылық, орыс әдебиеті, араб, парсы әдебиеті, ақындық нысана, шеберлік.

С. Сейфуллин

ИБРАҺИМ КУНАНБАЙҰЛЫ (АБАЙ) (1845 -1904 гг.)

Аннотация. Вопросы, рассматриваемые в статье. Жизнь и творчество Абая. Детство поэта. Знакомство с русской литературой. Знание арабской, персидской литературы. Эстетические идеалы и поэтическое мастерство поэта. Значение творчества поэта. Ключевые слова: Абай, жизнь, творчество, литература, русская, арабская, персидская, эстетические идеалы, поэтика, мастерство.

S. Seifullin

IBRAGIM KUNANBAEV(ABAI) (1845 -1904)

Abstract. The issues dealt in this article. Life and work of Abai. Childhood of poet. Acquaintance with Russian literature. Knowledge of Arabic, Persian literature. Aesthetic ideals and poetic mastery of poet. Value of poet's work. Keywords: Abai, life, work, literature, Russian, Arabic, Persian, aesthetic ideals, poetics, mastery.

АҚЫННЫҢ БАЛАЛЫҚ ШАҒЫ

Абай – Арғын Тобықты руынан, 1845 жылы Шыңғыс тауында туды. Абайдың шын аты Ибраһим. Қазақ әдеті бойынша шешесінің еркелетіп қойған Абай атын толық атап кеткендіктен біз де Абай дейміз.

Абайдың әке тұқымы – Тобықтыға басшы би болған, бай жуан ата. Үлкен атасы Ырғызбай да әрі батыр, әрі жуан би болып елді аузына қаратып өткен кісі. Осы Шыңғыс тауы қонысқа лайық, малға жайлы жер деп орын қылған кісі.

Онан соңғы атасы Өскенбай би, Абайдың өз әкесі Құнанбай – жұртты аузына қаратқан, ел билеген ақсүйек байлар табының өз елінде көсемі болған азулы би байы.

Өз тұсында қазақ арасында мұсылмандықты жайып, дін, шариғаттың орнауына мықты еңбек сіңірген діншіл кісі болған.

Заманында өз табы – (өзі үшін) діннің мықты құрал екендігін мықтап түсініп, ел арасына діннің тамырлап, тарауына арнап еңбек сіңірген.

Құнанбай, өзге жұрт баласын орыстан қашырып тығып жүргенде, өз баласын орыс мектебіне беріп, орысша оқытқан.

Абайдың шешесі – қазақ ортасында елді күлдіргі, қалжыңымен сөгіп, шешендікпен атақ алған әйгілі Қантай, Тонтаймен туысқан Тұрғанның қызы. Абайдың шешесі өзінің тұқымдарындай от ауызды – әрі бай, әрі жуан би, той-думан арылмайтын, ақын, жыршы, шешен, би кетпейтін ауыл болған.

Атадан ұл туси геді,
Ата жолын қуси геді... –

деген ескі нақыл бойынша Абай жас шағынан-ақ сөз тындап, сөзге үйір боп өсе бастайды. Осындай қожа, молдалар, билер, ақындар кетпеген ортада тәрбие алады.

Абайды ақындыққа ыңғайланған жағдайдың бірі осы сияқты. Он жастан он екі жасқа дейін

ауылда мұсылманша оқып, сауатын ашып қана қоймай білімін кеңіте береді. Он үш жасқа шығарда Семейде молда Ризәнің медресесінде оқиды. Медреседе оқып жүріп Приходский школінен орысша оқып, 14 жасында сабақтан шығады.

15 жасында балалықты былай қойып, үлкендер қатарында жұмыс атқаруға кіріседі. Өз тұсында ақылды, саналы, зерделі, шешен, көсем жігіт болып ел билігіне араласады.

20 жасында Абай халық ортасында маңдай алды шешен болады. Орақ ауызды, от тілді кісі атанады.

Абай жасынан-ақ, қазақтың бұрынғы салтын, қалпын, әдет-ғұрпын, дәстүрін, ескі сөздерін, ескі билердің ережелі тапқартарын, тапқыр, пішін сөздерін, биліктерін көп зерттеп, үйреніп, тексереді, көп оқиды.

Ескі мақал-мәтел, қазақтың өзінің бұрынғы өткен билерінің нақыл мысал өрнек етіп айтқан сөздерін көп зерттеп жаттайды. Бұрынғының барлық шебер сөздерімен Абай өте жақсы таныс болып, өзі де сондай сөздерге өмір бойы машықтанады.

Абайды сөзге, сөз өнеріне, шешендікке баулыған жағдайдың бәрі өмір бойындағы Абайды қоршаған – жуан көсем бидің, ірі байдың ауылы. Абай араб, парсы, түрік тілдеріндегі әдебиеттерді еркін оқып түсінетін болды. Заманында арабшаны, парсышаны, түрікшені Абайдан артық білетін ешкім болмайды. Шала, шапты оқып, шарифат айтып, мал тауып жүрген дүмше молдалар Абай отырған жерде қысылып, сескеліп, сөйлей алмайтын болады.

Абай әлгі тілдерді жақсы білгеннің арқасында әдебиетін де көп оқитын болады. Сөйтіп, араб, парсы, түрік әдебиеттерімен де әжептәуір таныс болады.

Абайдың әдебиетке жақындауына бұлар да көп себеп болады.

Абай 14 жасында-ақ құрбы-құрдастарына арнап тәлкек, сықақ өлеңдер жаза бастаған. Құрбылары Абайдың өлеңдерін жаттап алып, елге жайып жіберетін болған. Өлеңдері сол кезде мәнді, дәмді болған. Бірақ Абай өзін-өзі ақынмын деп санамаған, өзі жуан атаның баласы болған соң, «кедейлер істейтін ақындық кәсібін кәсіп етіп», өзін-өзі ақын деп санамай, бері таман келгенше оның соңына түсуге арланатын болған.

Ол кезде қазақ ортасында ақындықтың қадірі де шамалы болатын. Ақындық кәсіп еткен кісіге жоқшылықтан істеген кәсіп есебінде болатын.

АБАЙДЫҢ ОРЫСТЫҢ, БАСҚА ЕЛДІҢ ЖАЗУШЫЛАРЫМЕН ТАНЫСУЫ

Абайдың бойындағы қайнап жатқан қуат, зердесінің жарыққа шығып, «жалпыға» жеміс

болып шашылуына сол замандағы жер ауып жүрген орыс халықшылары көп себепші болады. «Орыс әдебиеттеріменен таныстырып, өрісімді кеңейтіп, көзімді ашқан жер ауып келген Михаэлис, Маковецкий, фольклор жинаушы Гиросс деген кісілер болады», – дейді екен Абайдың өзі. Шынында Абайдың сана-сезімінің ұлғайып, өлеңді өнер деп тануына, өлеңнің соңына шұғыл түсуіне әлгі айтылған кісілер көп көмек көрсетеді. Орыстың атақты ақын-жазушылары Пушкин, Некрасов, Салтыков, Толстой, Тургенев, тағы басқа ақын, жазушы, сыншыларымен таныстырады. Олардың мұрат-мақсаттарының қандай болғандығымен де таныстырады. Сондықтан Абай өле-өлгенінше: «Менің әкемнен артық жанашырлық қылып дүниеге көзімді ашқан Михаэлис еді», – деп айта беретін болған.

Абай бала жасынан тырыстығының, зеректігінің арқасында орыстың өте көп жазушыларының шығармаларын оқып шықты, оқып қана қоймай өзіне керектерін пайдаланды.

Пушкиннің, Лермонтовтың, Крыловтың бір-қатар шығармаларын қазақ тіліне ұғымды, жатық, әдемі ғып аударды.

Кей аудармаларының көркемдігі ана ақындардың түп сөздерінен кем болмаған.

АБАЙДЫҢ ҚАРТАЙҒАНДАҒЫ БІР АРМАНЫ

Абай елдің бар жұмысына қатынасты: болыс та, би де болды. Барлық елді өз аузына қаратып ескі билерше билеп отырғысы да келді. Бірақ Абайдың табы – билер-феодалдар табының әкімшілік дәуірі ол кезде өшкен еді. Сондықтан заман дегенін істетеді. Абайдың бір арманы осы болды. Жас кезінде тереңнен тексерерлік ілім оқи алмады. Қартайған кезіндегі бір зор арманы осы болды. Бұл туралы Абай мынадай өлең шығарды:

Жасымда ғылым бар деп ескермедім,
Пайдасын көре тұрып тексермедім.
Ер жеткен соң түспеді уысыма,
Қолымды мезгілінен кеш сермедім.

Өзінің өмірінің үлгісін есінен алып, балаларының бәрін жастайынан оқуға берді, оқытты. Балалардың оқып білім алғанын өте жақсы көрді. Бұл туралы:

Адамның бір қызығы бала деген,
Баланы оқытуды жек көрмедім.
Баламды медресеге біл деп бердім,
Қызмет қылсын, чин алсын деп бермедім, –

деген.

Абайдың балаларының бәрі де оқымысты болған.

АБАЙДЫҢ ӨЛЕҢІ

Абай өлеңді жазғанменен, құнттап жинамайтын болған. Жазған өлеңдерін ел адамдары, өлеңші жігіттер жаттап алып, елден елге таратқан. Абайдың өлеңдері халық аузында мақал-мәтел орнына жұмсалып ардақталатын болған.

Абай өзінің өлеңіне карағанда үздік жақсы екенін түсініп, халықтың оншалық бағалай қоймауына назаланып, мынадай өлең айтқан:

Батырды айтсам, ел шарлап алған талап,
Қызды айтсам, қызықты айтсам, қыздырмалап,
Әншейін күн өткізбек әңгіме үшін,
Тыңдар едің бір сөзін мыңға балап.
Ақыл сөзге ынтасыз жұрт шабандап,
Көнгенім-ақ соған деп жүр табандап.
Кісімсінген жеп кетер білімсіз көп,
Жіберсем өкпелеме көп жамандап.

Абай өлеңді өнер деп түсіне бастаған соң, өлеңге қоятын шартты да зор деп, қиын деп түсінеді. Өлең жазу екінің бірінің қолынан келмейді. Екінің бірі жазған дәлдубатпақ өлең де болмайды.

Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы,
Қиыннан қиыстырар ер данасы.
Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,
Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы.

Өнерге әркімнің-ақ бар таласы,
Сонда да солардың бар таңдамасы.
Іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын,
Қазақтың келістірер қай баласы? –

дейді. Бұқар жырау, Шортанбайлар сияқты бұрынғы ірі ақындарға сын тартады. Міне, Абай өлеңге осындай шарт қояды. Осындай, осы айтқандай болып келген өлеңді өлең дейді. Осындай қылып өлең жазған ақынды ғана ақын дейді.

Сөйтіп қазақтың атақты аты шулы ақыны Абай 1904 жылы алпыс жасында дүниеден қайтты.

Қазақ әдебиетіне ұлы қазына дерлік мұра қалдырды. Осы мұраны Ленинше ұғып, пайдамызға асыру біздің әдебиетіміздің міндеті.

АБАЙДЫҢ ӨЛЕҢДЕРІ ТУРАЛЫ «АТТЫҢ СЫНЫ»

Мынау «Аттың сыны» – Абайдың сол замандағы жақсы деген атты тілмен, сөзбен суреттегені, жақсы суретші Абайдың осы сөзіне қарап отырып, оп-оңай Абай айтқан аттың суретін салып шығарар еді. Шебер жазушының бір затты суреттеп айтқан сөзіне қарап, сол заттың суретін жолдап алуға болады.

Ат қай заманда болса да керексіз мал емес, ат мықты көліктің, мықты құралдың бірі.

Абай заманы – ескі заман. Ол заманда ат өте-өте қадырлы болған заман. Онда осы күнгі қазақ арасындағы пойыз отарба жоқ. Ауыл арасы, ру ішіндегі тап тартысы, жиын-той, дау-

шар атқа байланысты еді. Ол кезде жаңа, өте-өте одан арғы замандарда да жақсы ат қазақтың бір қызының қалың малы еді. Осы күнге дейін айтылып келген «бір қыздық ат» деген мәтел сол замандардан қалған.

Атқа арнап, ат болғанда осындай ат жақсы деп сол замандағы «Аттың сынын» сыншыларша жазды. Ат болса осындай ат болсын дейді. Әрине, әр дәуірдің бір нәрсеге қойған сынында белгілі айырмашылық болуға тиіс.

АҢШЫЛЫҚ ТУРАЛЫ

Аңшылық осы күнге дейін маңызын жоғалтпаған кәсіп. Бірақ Абайдың айтып отырған, Абайдың әдемілеп суреттеп отырған аңшылығы біздің кешегі байлар билеген ауылдың аңшылығымен таныстырады. Солардың аңшылыққа беретін сабағымен, көзқарасымен, суреттеуімен таныстырады. Байлар билеген замандағы әлділердің ит жүгіртіп, бүркіт салып, ат шаптырып, ас беру суреттері Абайдың өлеңдерінде айқын керінеді. Ақсүйектер, байлар аңшылықты тек қызық салтанат, атақ деп бағалаған.

Абайдың аңшылықты суреттеуі, Абайдың аңшылыққа көзқарасы, мырза байлардың көзқарасы екенін айқын көрсетеді.

ЖЫЛДЫҢ ТӨРТ МЕЗГІЛІ

Жылдың төрт мезгілі: жазғытұрым, жаз, күз, қыс. Абайдың көркем жазылған шығармалары. Абайға шейін қазақ көркем әдебиетінде жаратылыс құбылыстарын жазған Алтынсарыұлы Ыбырай еді.

Құнанбайұлы Абай Алтынсары Ыбырайдан да толық әсерлі қылып суреттейді.

Жылдың 4 мезгілін бөлек-бөлек қылып суреттегенде, Абай көркем, әсерлі тілмен, жанды суреттермен пернелейді.

Жасарып, гүлденген жаздың түрін, әнін, махаббатын суреттейді.

Жаз суреттері, күлген, елжіреген күн. Маса-тыдай құлпырған жердің жүзі, әдемі киінген қыз-келіншек, жаңа шыққан гүл-бәйшешек, гүлге қонған көбелектер, «Сыбдыр қағып бұрандап аққан су», қаршыға салған жігіттер, қырда торғай, сайда бұлбұл, ойнаған жастар, оң-сол ән-күй, балалаған мал, ойнаған бала... біреуі екеу болған шаруа, көшкен ел...

Шілде суреттері: көкорай шалғынға семірген мал, сыңқылдап күлісіп үй тіккен қыз-бозбала, жақсы атқа мініп келген бай, кілемнің үстіне қымызға отырған байдың үйі, байға жарамсақтанып малшыларға «малды әрі қайыр» деп ақырған ақ сақалды қарт, таңертеңнен асау мініп, салпылдап келіп тұрған жылқышылар.

КҮЗ БЕЛГІСІ

Сұр бұлт түсі суық қаптайды аспан,
Күз болып дымкыл тұман жерді басқан.

Тоңғаны ма білмеймін, тойғаны ма,
Жылқы ойнап, бие қашқан, тай жарысқан.

Жасыл шөп, бәйшешек жоқ бұрынғыдай,
Жастар күлмес, жүгірмес бала шулай.
Қайыршы шал-кемпірдей түсі кетіп,
Жапырағынан айырылған ағаш-қурай.

Бұрынғыдай жадырау, көлеңке іздеу жоқ,
кемпір-шал құнжың қағып, бала бүрсен қағып,
жылы жер, жылы киім іздей бастаған.

Осы жерде Абай еріксіз кедей мен байдың күзгі
тұрмысын косып, күздің суретін талқылайды.

...Кәрі қой ептеп сойған байдың үйі,
Қай жерінен кедейдің тұрсын күйі.
Қара қидан орта қап ұрыспай берсе,
О да қылған кедейге үлкен сыйы.
Үй жылы киіз тұтқан айналасы,
Бай ұлына жалшы ұлы жалынышты
Ағып жүріп ойнатар көздің жасы.

Кедейдің күзгі қызықсыз халын суреттейді.
Осы суық күзде бай сары тонға оранып, от
басында отырса, кедей дірдектеп, соның малын
бағып жүреді. Баласы көзінің жасы ағып жүріп
байдың баласын ойнатады. Бұл өлеңде осы тең-
сіздікті көрсетеді. Абай бұл теңсіздіктің аяғы-
ның бара-бара жақсы болмайтынын, байға да
оңай соқпайтынын сезіп, кедей мен байды
келістірмек болады.

...Алса да аяншақтау кедей сорлы,
Еңбек білмес байдың да жоқ қой орны.
Жас бала, кемпір-шалын тентіретпей,
Бір қыс сақта, тас болма сен де о ғұрлы.

ҚЫС БЕЛГІСІ

Ақ киімді, денелі, ақ сақалды.
Соқыр-мылқау танымас тірі жанды.
Үсті-басы ақ қырау, түсі суық,
Басқан жері сықырлап келіп қалды.

Міне, қысты ақ сақалды мылқау қарттың
суретіне теңейді, ол мылқау қартты қаһарлы
қылып суреттейді.

Дем алысы үскірік аяз бен қар
Кәрі құдаң қыс келіп әлек салды.
Ұшпадай бөркін киген окшырайтып,
Аязбенен қызарып ажарланды...

Міне, Абай жылдың терт мезгілін өстіп
суреттейді.

АБАЙ ӨЛЕҢДЕРІНІҢ ТІЛІ, ТҮР ШЕБЕРЛІГІ

Тіл ретінен Абайдың шығармалары көп
пайда береді... Қазақ тілінің барлық байлығын,
барлық тұлғасын Абай шығармалары толық
көрсете алады. Сондықтан да Абай шығарма-
ларының мәні зор. Онан қазақ тілін сұлулар,
көркем накыштап, әдемі кестелеп, әсерлі жыр,
сұлу күйлі өлең қылып шығару ретінде де Абай
үлгі өрнек болатын үздіксіз шебер ақын екендігі
белгілі. Бұл ретте Абай сөздерінің мәні зор.

Ескі тұрмыспен, ескі санамен танысу үстінде
Абайдың шығармаларының мәні зор.

Сейфуллин С. Шығармалары.
Көп томдық. VI том

Е. Ысмайлов, З. Шашкин

АБАЙДЫҢ ПОЭТИКАСЫ

*Аннотация. Мақалада қарастырылған мәселелер. Абайдың поэтикасы. Абай және Пушкин.
Абай поэзиясының ерекшеліктері. Буын түрлері және өлең өлшемдері. Ырғақ.
Тірек сөздер: Абай, поэтика, поэзия, буын, өлең өрнегі, ырғақ, ұйқас.*

Е. Ысмайлов, З. Шашкин

ПОЭТИКА АБАЯ

*Аннотация. Вопросы, рассматриваемые в статье. Поэтика Абая. Абай и Пушкин.
Особенности поэзии Абая. Стихосложение. Ритм.
Ключевые слова: Абай, поэтика, поэзия, слог, стихосложение, ритм.*

E. Ysmailov, Z. Shashkin

POETICS OF ABAI

*Abstract. The issues dealt in this article. Poetics of Abai. Abai and Pushkin.
Features poetry of Abai. Versification. Rhythm.
Keywords: Abai, poetics, poetry, syllable, versification, rhythm.*

ӨЛЕҢ ӨРНЕКТЕРІ

Абай – қазақ поэзиясының сөзсіз бір биік
асқар белі. Қазақ поэзиясына тұйықтан жарып
шын мәнді поэзияның тұңғыш есігін ашты.
Әдебиет тарихымызда поэзияның айқын жол-

дарын салды. Ол жол қазіргі әдебиетімізде де
сайрап жатыр.

Пушкинге дейінгі орыс поэзиясы халық
әдебиетінің сарынынан етек алып шыға алмаса,

Пушкин орыстың үлгілі поэзиясының кілтін бұрады. Тетігін тауып, кілт бұралғасын, поэзия еркін құлашын жайды. Өмір тарихының өріне өрмеледі. Бұрын поэзия өмірдің босағасынан орын алса, енді төрінен орын алды. «Евгений Онегинмен» орыс поэзиясы мейлінше аспандады. Пернелі сөз, өлеңнің нелер сұлу кестесімен, терең мағыналы пікірмен Пушкин поэзиясы тарихтың желісін тартты. Кейін Лермонтов, Тютчев, Некрасовтармен поэзия кемеріне жетіп тасыды. Декаденттер символистерге жеткенде, кемеріне жетіп тасыған поэзия төгіліп төмен түсе бастады. Жиһангерлік дәуірмен байланысты ол пернелілер (символистер) поэзиясы аспандап көтеріле алмады. Октябрь төңкерісінің зор толқынына араласқан Маяковский поэзиясы ғана дәуірлейді.

Осы қалып шақ келмегенмен, біздегі поэзияның өсуі, бәсеңдеп қайта көтерілу кезеңдері орыс әдебиетінің сарынымен жүріп отыратын сияқты.

Абай Пушкинмен замандас болмағанмен, Пушкиннің әдебиет мәні Абай заманына сәйкес. Іргесі берік, феодал қоғамына сауда капиталының шеті көріне бастаған дәуірдегі жағдай Пушкин заманында Ресейде кез келсе, қазақ жағдайында айырмасымен Абайға кез келді. Сондықтан Абайдың Пушкинмен пікірі қосылып, олардан көп оқып, көбірек ала білген. Өзіне тұспа-тұс жақын келген Некрасов, Салтыковтерден алмаған. Неге десеңіз, Некрасовтар капитализм өсіп, белең алған кезеңдегі бұқарашыл ағын еді, Абай бұдан алыс еді.

Қазақ поэзиясына Абай Пушкиндей төңкеріс жасады ма? Жасай алды. Абай да өзіне дейін болған тәртіпсіз халық әдебиетінің тетігін тауып, Батыс-Шығыс әдебиетіндегі нелер жылғы поэзия өнерінің үлгісімен жаңа шын көркем поэзияға жол ашты. Абайға дейін қазақтың бай ауыз әдебиеті, тілі өріс ала-алмай тұйыққа тіреліп тұрса, Абай ол тұйықты жазды. Өзінің поэзиясына жаңадан өріс іздеді. Ол қамала беретін тұйықтан құлашын жайып, қанаты талмайтын жазыққа құлаш ұрды. Ол шыңнан аспанға өрмелеген жоқ, жазықтан шыңға өрмеледі. Жазықтан поэзияға сара жол салып аспандады. Сондықтан Абай қазақтың нағыз көркем поэзиясының басы десек дұрыс болар еді.

Енді Абай поэзиясының ерекшеліктеріне тоқтайық. Абай өлеңдеріне, өзіне дейін болған қазақтың ауыз әдебиеті түгелдей кіреді. Ауыз әдебиетте бар 11 буынды қара өлең, жыр, тақпақ, терме, толғау, мысалдау, арнау, даттау, ақыл-нақыл, үгіт, жоқтау, жұмбақ, мақалдау түріндегі өлеңдердің бәрі бар. Бұл жағынан қарағанда, Абай қазақтың нағыз әдебиетінің жуан ортасында, соның бір мықты қазығы сияқты.

Қазақтың әнге келтіріп айтатын өлеңінің көбі – 11 буынды өлең. Осы 11 буынды өлеңнің өлшеуін Абай өте көп қолданған, оның өлеңдерінің негізі, осы қара өлең. Абайда 16 өлеңнің мөлшері болса, бірінші орынды 11 буынды алады. Абайдың барлық өлеңі 210. Соның 84 өлеңі 11 буынмен жазылған. Оның үстіне бұл өлеңнің ұйқасуын 4 жолмен қайырып тоқтатпайды. Бір келкі ұйқаспен созып, 30-32 қатарға дейін апарады. Мысалы:

Қалың елім қазағым, қайран жұртым,
Ұстарасыз аузыңа түсті мұртың... –

деген үйлес пен қатарын жазбай отырып:

Пыш-пыш демей қала ма? Ол да астыртын! –

деп, 30-жолымен бір-ақ аяқтайды. Бұған Абайдың өлеңге еркін, сөзге қысылмай, айтайын деген ойын бір-ақ кестелі ұйқасымен іркілмей айтып бере алатындығын көрсетеді. «Байлар да мал қызығын біле алмай жүр» деген өлеңнің үйлесі отыз екінші жолмен қайырылады. «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек» деген өлеңі бір түрлі сергек үйлес пен қырық төртінші жолдан, «Қан сонарда бүркітші шығады аңға» деген өлеңі елу жолдан қайырылады. Қазақтың бұрынғы поэзиясының ұзын арқауы осы 11 буынды өлең болып отырса, Абай поэзиясының да ұзын арқауы – осы 11 буынды өлең. Абайдың ең тәуір деген өлеңдері де, поэмалары да осы өлшеумен жазылғаны көрінеді. Абайдағы өлеңнің екінші өлшеуі – жыр, тақпақ, терме өлеңдері.

Бұл өлеңдерде Абайға дейін халық әдебиетінен, билер сөзінен, шешендер сөзінен толғау, арнау, жоқтау сияқты жырлар да үлкен орын алған. Абай бұл өлшеуді де поэзиясында көп қолданған. Абай өлеңдерін үгіт өлеңдері мен нағыз лирикаға айырып екіге бөлсек, үгіт жырлары осы жыр, тақпақ түрінде айтылады.

Ғылым таппай мақтанба!
Орын таппай баптанба!
Құмарланып шаттанба,
Ойнап босқа күлуге
Бес нәрседен қашық бол!
Бес нәрсеге асық бол.
Адам болам десеңіз,
Тілен, өмірің алдында
Оған қайғы жесеңіз...

Бұл – терменің үгіт түріндегісі. Мұнда жырдың сыртқы дәлдігін, тармақтарының бірдей қатар келіп отыруын, ұйқасымдардың бір қалыптасуын ескермейді, айтатын ойын көпке жеткізу мақсатын алға тұтады. «Сабырсыз, арыс, еріншек» деген тақпақ үлгісімен жазылған. Ол – даттау жыры. Сол кездегі ақынның өзіне жақпаған, өмірде оғаш көрінген жаман қылық-

тарды әшкерелеп даттап отыр. Әбдірахман өлгенде жазған жоқтау жырларының бұрынғы ауыз әдебиетінде бар жырдан айырмасы жоқ.

Арғы атасы қажы еді,
Бейістен тартқан шербеті.
Жарықтықтың өнері
Айтуға тілді тербетті.
Балалық ақыл жасынан,
Қозғапты, тыныштық бермепті...

Тағы осы ретте қайталап келе береді. Жыр өлеңдері әдетте 7 буыннан аспайды. Жыр түрімен жазылған өлең 36 («Жаз», «Антпен тарқайды» деген өлең бұған кірмейді).

Енді Абайдың «Жаз» деген өлеңі туралы бір-екі сөз. Абайға дейінгі халық әдебиетінде де, Абайдың жыр үлгісімен жазылған өлеңдерінде де «Жаздай» шебер жазылғаны жоқ. Бұл өлеңде Абай сөзді ойнатып, ырғаққа билетіп, дауыс толқындары да бірыңғай шығып, ұйқастарында ешбір олқылық білінбейді, жорға аттың жүрісіндей ырғалып, тайпалады да отырады.

Мына:

Жазды күн шілде болғанда,
Көк орай шалғын бәйшешек.
Ұзарып өсіп толғанда
Күркіреп жатқан өзенге,
Көшіп ауыл қонғанда:
Шұрқырап жатқан жылқының
Ат, айғырлар, биелер,
Бүйірі шығып ыңқылдап... –

деген өлеңді бастап оқып жібергеніңде, өзінді еріксіз ерітіп, еліктіріп үйіріп ала жөнеледі. Жүрісті жорғаға мініп алғанда, қамшы салғызып, тізгінін қаққызбайды, желіп жөнеледі. Тізгінді тежеп жүрісіне сүйсініп, жаның жай тапқандай болады. Баратын жеріңе жетпей жорғаның басын тартпайсың ғой. Сол сияқты «Теп тегіс айналасы жұмыр келген» бұл өлеңді сондай қызығып, сүйсініп оқысың. Өлеңнің ұйқастары 2-3-4 жолдан бір аспайды не кемімейді. Абай өлеңдерінің ішіндегі көтеріңкі, серпімді рухпен жазылған шаттық жағдайды жалғыз ғана өлеңнің мағынасынан ғана емес, ырғақ, дауыс толқыны, ұйқасымның өзінен көрініп отыратын өлең. Сондықтан «Жазды» өз алдына бір түр етіп алдық!

«Жаз» өлеңіндегі сөздерді жеке талдап, есепке алғанда, өлеңнің жаңалықты әсерлі күші бар екенін мына кестеден көруге болады.

Бұл өлеңдегі сөздің көпшілігі – қимылды, істі көрсеткен етістік. Оның үстіне түс, бояу мен дыбысты да бірдей келтіргендіктен, салқын қанды баяу өлеңдей емес, желпіндіріп отыратын жанды (динамичный) өлең. Онан соң қайталап келген сөздер (2 рет қайталаған сөздер) орнымен қайталанған. Мысалы: «Ақ білек, ақ көйлек», «көк орай, көк құсы», «Жас бала, жасы үлкен», «күн, күннің» деген сияқты. Бұл қайталауда өлең ешбір әлсіремейді. 6 рет қайталап айтылған көмекші етіс «деп» кей жерінде орынсыз қайталағаны байқалады.

Сөз есебі	Жол ұйқасы	Бірыңғай келген етістіктер	Түс бояуды көрсеткені	Дыбыс үнді көрсеткені	Қайталаған сөздер				
Барлық сөз	60 жол 18 ұйқас	86	16	17					
Ат, ақ, мал, Қымыз, бір бөлек көк, қаз, су, дос, күн, келер				2 реттен					
Ауыл, бай, тұр, жаз, жатыр				3 реттен					
Деп.....									6 реттен

«Бай байғұсым десін» деп, басынан мүдірмей оқып келе жатқаныңда, осы араларына сәл кідіріп қаласың! Барлық қайталаған 29 сөзді шығарып тастағанда, 155 сөз – тыңнан қолданылған сөздер. Мұнда демеу, жалғаулық, септеу, жалғау, үстеулер сөз есебінде алынған жоқ.

Сөзді түйіп айтқанда, «Жаз» өлеңі Абайдың бұрын-соңды қазақ поэзиясында ерекше шеберлікпен жазылған өлеңі дейміз.

Енді тоқталатын өлеңдеріміздің көбі – Абайдың өзіне дейінгі ауыз әдебиетте болмаған поэзияға кіргізген жаңа өлшеулері. Өлеңдер шумағы,

өлшеуі, ырғақ, бунақтары жағынан қара өлең мөлшерінен айырылады.

«Әсетке» деген өлеңі әлгі 8 буынды «Жаз» өлеңіне қарама-қарсы жазылған. «Жаз» өлеңінің ырғағы өзінді ілгері алып қашып жорғалап отырса, бұл өлең шабан аттай жортақтайды. Шалқалап кейін серпіп жатыр. Әдетті қазақ сөзінде екпін сөздің ақырғы буынында келсе, бұл өлеңде ақырғы буынға таяу буында.

Ақыл жоқ, қайғы жоқ онда,
Есі жоқ, теріс пе оң ба?

Тіленіп, телміріп ізденер,
Тиын ба яки бір сом ба?
Кісімсіп, белгілі білгіш,
Біреуге сондай-ақ күлгіш.
Бұлықсып, бұлданып босқа,
Өзімшіл, оңбаған шерміш.

Бұл – екі шумақты өлең. Екпін үлгісі: үйлескен а, а, а жолдарының бәрі де екпінді біркелкі. Аяқталған соңғы буын екпінсіз. Өлеңді мұндай тартыншақ ырғақпен келтіріп жазу Абайға дейінгі әдебиетте болмаған. Бұл ырғақтың өзі белгілі бір мағына береді. Ол мағына өлеңнің өзінде айтылып тұрған негізгі пікірге сәйкес. Сондықтан буын ырғақтары, дыбыс күйлері өлеңнің сыртқы құрылыстары Абай поэзиясында мағынамен қалыптасып ұштасып жатады.

Абайдағы бесінші өлеңнің өлшеуі:

Жүрегі айна көңлі ояу,
Сөз тыңдамас ол баяу.
Өз өнері тұр таяу,
Ұқпасын ба сөзді тез.

Әр жол 8 буыннан. Екпін ақырғы буында. Өлеңнің ырғағы не көтеріңкі, не басыңқы емес. Баяу бір қалыпта келе жатып 4-жолда тоқтап тынады. Ырғақтың жүрісі шапшаң болмаса да, ақырын жүрістің өзінен қанаты талып шаршағандай 4-жолда кілт тоқтап тұра қалады. Бұл енді – Абайдың ызалы ойға бет алған дәуірінің басы. Өлеңнің мағынасымен бірге ырғақ, рухы да бәсеңдеп, идеясындағы ұлы сарынның жолына түседі. Бұл өлеңнің түрі Абайдан кейін әдебиет дәуірінде де осы күнгі әдебиетімізде өте аз қолданған. Әлі өрістеп орын алған жоқ. Алтыншы өлеңнің өлшеуі «Сегіз аяқ»:

Алыстан сермеп
Жүректен тербеп
Шымырлап бойға жайылған.
Қиуадан шауып,
Қисынын тауып
Тағыны жетіп қайырған.
Толғауы тоқсан қызыл тіл
Сөйлеймін десең өзін біл.

Қайғылы сарын күйі жүректен қалғып шығып, қалғып сорғалап аспанда өрлеп барып, қайта жайылып бәсеңдейді. Тұла бойды шымырлатып балқытады. Күйдің пернесі қайталап тартылғандай дауыс толқыны бір көтеріліп өрлеп өрістей, тағы басылып тынғандай болады. Бірақ жаңғырық күйі тынбастан іле шала іркілген түйдек толқыны бір шапшып жарға ұрылғандай шаңқ етіп, беті қайтады, жаралы болған жан тәрізді өзін мойынсұндырып, әлсіреп, әлі бітіп барып тоқтайды! Өлеңнің ырғағы, дыбыс толқындары (әні өз алдына және бар) «Сегіз аяқтың» осы сарын күйін күшейте түседі: тағы

ырғақ пен мазмұнның ән күйіне бірлігі келіп шығады.

Өлеңнің бунақ, буындары ешбір ауыспайды. 11 буынды қара өлеңде Абай өлеңдерінің бунақ, буындары бір шумақтың ішінде әлденеше рет ауысып отырса, мына ұйқас, буын, ырғақ дәлдігін қатты ұстайды.

Жетінші өлеңнің өлшеуі: «Қор болды жаным». Енді бұл өлең бүтіндей құлап түскен. Еш бір көтеріліп серпіле алмайды. Шаршап, талығып аяғы нәзік әлсіреген үнді дыбыс пен тоқтайды да, сәл серпіліп, сілкініп бойын жазбақ болып, өзін бір қалыптағы ырғақта тербетеді. Бірақ, ауыр салмақ зілді көтеріп, өзін-өзі жеңіл билей алмайды. Дауыс толқыны ырғақта дірілдеп, тәлтіректеп тоқтайды.

Қор болды жаным.
Сенсіз де менің күнім.
Бек бітті халым
Тағдырдан келген зұлым.
Тағдыр жетсе Алла.
Не көрмейді пенде.

Бұл өлеңде буын, бунақ, өлшеулер артық не кем болмайды да, дәл келіп отырады. Екпін сөз аяғында келіп тұрса да, басыңқы болып, төмен түсіп кеткендіктен, екпін күші «н, м» дыбыстарының ықпалымен әлсіреп жойылып кетіп отыр. Сондықтан тиянақты болып тұрған екпін сарын күйге балқып, тірек таба алмайды. Бұл өлеңнің түрі Абайдан кейінгі ақындарда да кездеседі. Бірақ, буынға буын, ырғаққа ырғақ дәл келерліктей емес. Ұзын ырғақ үлгісі ғана.

Сегізінші өлеңнің өлшеуі.

«Мені не етесің?»

Сен мені не етесің?
Мені тастап
Өнер бастап
Жайыңа;
Және алдап,
Арбап
Өз бетіңмен сен кетсең
Неге әуре етесің?
Қосылыспай,
Басылыспай;
Бойыңа
Және жаттан
Бай тап
Өмір бойы қор етесің!

Абай өлеңдерінің ішіндегі техникасы күшті өлеңнің бірі. Өлеңнің кестесін, мәнерін бұзбастан шығаруға ақын өте көңіл бөлген. Әрбір шумақ, әрбір ырғақ, буындарын бытыстырмай, заңды етіп алып отырған. Мұнда әлгі жаншылып, қайғыға гүл болған көңіл күйі қайта серпіліп, өмір қиясына құлаш ұрады. Бірақ, өмірдің соқпағы бой бермейді. Өмір соқпағымен алы-

сады. Аласұрады. Өлең ырғағы, буын, бунақ өлшеулері, тақталары да біркелкі келмей, әр мөлшерде келуінің өзі – өлеңнің өмір соқпағынан серпіліп шыққан сарын күйді көрсетеді. Ұйқасып келген тармақтардың буын саны бірдей емес.

$$\begin{aligned}6 + 8 + 6 + 8 &= a + 4 + 4 = d \\4 + 4 &= e \\3 + 3 &= c \\2 + 2 &= e\end{aligned}$$

Аяғы «н»-мен біткендіктен, екпіндері де заңды емес, толқып тұр, д. в. үйлестеріндегі 4 буынды тармақтардың екпіні аяғында емес, аяғына таяу буында:

$$\begin{aligned}B) & - - i - \\& - - i - \\C) & - - i - \\& - - i -\end{aligned}$$

Абайдың бұл өлшеуі кейінгі поэзияда ешбір қолданылып орын алған жоқ.

Тоғызыншы өлеңнің өлшеуі: «Татьяна, Онегин» жырлары. Бұл орыс әдебиетінде Пушкин заманынан бері қалыптанған түрі. Абайға дейінгі әдебиетімізде болмаса, Абайдан кейінгі әрбір ақындардың өлеңдерінде бар.

$$\begin{aligned}\text{Таң ғажайып бұл қалай қат.} & - a \\ \text{Мағынасы алыс, өзі жаз.} & - b \\ \text{Сөзі орамды әр түрі жат.} & - a \\ \text{Және әдепті, және рас...} & - b \\ a + a &= 8 + 8 \text{ (кейде ден)} \\ b + a &= 8 + 8\end{aligned}$$

Осы айғыс-ұйғыс үйлес өлшеуімен жазған өлеңі 50. Қара өлең түрімен жазғаны 84 еді ғой. Онан кейінгі 2-орынды осы алады. Үшінші орындар жыр, тақпақ өлеңдері 36. Бұл өлеңнің екпіні ылғи нық келіп отырады. Ырғақтары дауыс толқыны әуені көтеріңкі де, түсіңкі де емес, түзу қалыпта таразының тең басқан екі жағындай ырғалып шайқалады да тұрады.

Оныншы өлеңнің өлшеуі: «Бар секілді». Бұл өлеңде ойдағы арманды ашық үгіт түрінде білдірген. Төңіректі атпен шоқытып жүріп болып, бір түсейін деген сарынды көз алдыға елестетеді. Өлеңнің ырғағы да, ұйқастың қатарласып келуі де аттың жорғасындай емес, жортағысындай болып отырады.

$$\begin{aligned}\text{Бай сейілді,} \\ \text{Бір бейілді,} \\ \text{Елде жақсы қалмады,} \\ \text{Елдегі еркек,} \\ \text{Босқа селтек;} \\ \text{Қағып елін қармады.}\end{aligned}$$

$$\begin{aligned}\text{Немесе:} \\ \text{Бойы бұлғаң}\end{aligned}$$

$$\begin{aligned}\text{Сөзі жылмаң} \\ \text{Кімді көрсем, мен сонан,} \\ \text{Бетті бастым,} \\ \text{Қатты састым} \\ \text{Тұра қаштым жалма жан.}\end{aligned}$$

Әуелгі шумақ 5 буыннан 7 буынмен қайырылады. 2-шумақ 4 буынмен ұйқасып, 7 буынмен қайырылады. Абай мұндай өлеңнің мөлшері мен жан күйіктерін, ішкі қасірет қайғыны ашшы тілмен еш уақытта жазбаған. Себебі, өлеңнің тыныштықты бұзатын ырғағы, ызалы жүректің нәзік тербеліп қана ақырын күйін шертетін өлшеулеріне жақындайды және ақынның жанын жай таптырмайды. Соның үшін өлеңнің сыртқы құрылысын, жүректің күйін шертуге, ішкі пікірді түйіп, сыртқа шығарып айтуға сәйкестей білген. Осы күнгі әдебиетімізде бұл үлкен орын алған. Бұ да Абай жасаған түр. Онан кейін:

$$\begin{aligned}\text{Ем таба алмай} \\ \text{От жалындай} \\ \text{Толды қайғы кеудеге.} \\ \text{Сырласа алмай,} \\ \text{Сөз аша алмай} \\ \text{Бендеге!.. —}\end{aligned}$$

деген өлеңнің өлшеуі де осы оныншы түрге кіреді. Тек айырмасы 6-жол 3-жолмен бірдей 7 буын болып келмейді.

Он бірінші өлеңнің өлшеуі: «Ақылбайға»

$$\begin{aligned}\text{Ата-анаға көз қуаныш,} \\ \text{Алдына алған еркесі.} \\ \text{Көкірегінде көп жұбаныш,} \\ \text{Гүлденіп ол өлкесі.} \\ \text{Еркелік жетті} \\ \text{Ер жетті} \\ \text{Не бітті?...} \\ \text{Оқытарсың молдаға оны.} \\ \text{Үйретерсің әр нені.} \\ \text{Медеу етіп ойы соны} \\ \text{Жаны тыныштық көрмейді.} \\ \text{Жасында күтті} \\ \text{Дәме етті} \\ \text{Босқа өтті!..}\end{aligned}$$

Құрысқан бой шаршап жалыққандықтан жазыла алмайды. Екпін де, ырғақ та ілгері өрге қарай өрістеп көтерілмейді. Иықтан кері тартып, етектегі шегелеген ауыр зіл бар. Ол ағынды шаршатқан, талыққан бойдан, күйінген, назаланған ойдан қанша көтеріліп, жазылып күй шертуіне болмайды. Ақырында өзін өзі еріксіз айналмаға отырып, басы айналғандай, жүрегін басып, шекесін ұстап, не бітті деген әлсіреп шыққан үнді естеді.

Өлеңнің кестесі бірыңғай заңдылықты бұзбайды. Абайдың бұл өлеңінің түрі – өзінде осы жазылған бір-ақ өлең. Кейінгі поэзиямызда да орын алмаған.

Он төртінші өлеңінің өлшеуі: «Ақыр заман жастары». Бұл өлең – айқыш-ұйқыш өлеңнің 7 буынмен жазылған үлгісі.

Заман ақыр жастары,
Қосылмас ешбір бастары.
Біріне бір қастыққа
Қойнына тыққан тастары.

Бұл өлеңнің өлшеуімен 15 өлең жазылған. Өлеңнің ырғақ күйі ширақ, балқып, ерітіп еңсе түсіп кетпейді. Жастардың салқын қанды жайда отырып, ащы тіл, улы сөзбен шенейді. Кейін қазақ әдебиетінің әр кезіндегі ақындардың өлеңдерінде көп қолданылған.

Он үшінші өлеңінің өлшеуі: «Қызарып, сұрланып» немесе «Көзімнің қарасы».

Көзімнің қарасы,
Көңлімнің санасы.
Кетпейді ішімде
Ғашықтық жарасы.

Бұл 11 буын қара өлең үлгісінде әлгі «Заман ақыр жастарынан» да қысқа 4 жолы 6 буыннан құралған.

Қызарып, сұрланып,
Дірілдеп жүрегi.
Өзгеден ұрланып
Өзді өзі керегі.

Әр тақтадағы буын ырғағы ақырғы буынға түспеген дауыс толқыны, екпін де жол ортасында, орта буындарда. Сондықтан ырғағы бірыңғай құлашын жайып серпіп отырады. Не кібірткітеп тұрып та қалмайды. Тербеліп, шайқалып, көңілдің шақ қана ермегі пайда болады. Бірақ өлең Абайдың өзі айтқандай айналасы «теп тегіс жұмыр келген», 6 буындымен жазып отырса да көп пікірді сыйғызып айтады. Бұл өлеңнің түрі кейінгі әдебиетте бар. Бірақ, көп емес.

Он төртінші өлеңінің өлшеуі: «Қатыны мен Масақпай», «Сегіз аяқ», «Сен мені не етесің» деген өлеңдерінен, кейінгі құрылысы өте қиын келген өлеңнің бірі. Бұл түрмен Абай бір-ақ өлең жазып кеткен. Кейін онысын заңдандырып, өзі еліктеп күшейтіп әкетпеген.

Сырмақ қып астына,
Байының тоқымын.
Отының басына
Төрінің қоқымын.
Бүксітіп,
Бықсытып,
Қоқсытып
Келтірді.
Осының бәрімен
Көңілде міні жоқ.
Жүзінің нәрі мен
Бойының міні жоқ.
Бөкшиіп,

Сексиіп,
Түксиіп
Өлтірді.

Әр түрлі ырғақ, әр түрлі ұйқасым. Әр түрлі дауыс толқындарымен келіп бір шумақ өлең 16 жолдан құралған. Өлеңнің күйі үй шаруасы, үй ішіндегі күнделік тұрмыстың сарынын елестетеді. Үй тұрмысында да адам бір отырмайды, кейде келіп назаланады. Кейде қуанады, күледі. Кейде жай отырып, бұрқан-тарқан болып ашуланған әйелдің сүйкімсіз мінездері оғаш, өрескел көрінеді. Осы қалып, осы жағдай адам көңіліне күй салады. Ақын осы жағдайға лайық өлеңнің ырғағын, ұйқасу, үндестіктеріне сәйкес етіп, сонымен өзінше мазмұнды тереңдетіп беруге тырысқан. Бірақ, қоғамдық маңызы бар терең мәнді өлең емес.

Он бесінші өлеңінің өлшеуі: «Сұрғылт тұман дым бүркіп». Бұл өлеңде «Ақылбайға», «Қор болды жаным» деген өлеңдердің ырғағымен жазылған. Ақынның өзіндік қайғылы ойы асқынып, оны сыртқа орағытып, жанамалы көзбен айтып отыр. Пікір терең. Заманның, өмірдің қайғысы бұл өлеңде де аңқып тұр. Ырғақ та соған лайықталып жасалған. Жабырқау тартқан жүректің күйігі.

Сұрғылт тұман дым бүркіп,
Барқыт бешпент сулайды.
Жеңіменен көз сүртіп,
Сұрланып жігіт жылайды.
Әйелмісің, жылама!
Өлең айт,
Үйге қайт!

Көзден қанды жасты төгіп аласұрып, ауыр қайғының күйіне ере бермей бір мезгіл шыдамдық қылып, Құдайына сыйынады. Өзімен өзі ғана өлең айтуды ермек қылатын сияқты. Өлеңнің алғашқы 4 жолына ырғақ, дауыс толқыны да бірде баяу, бірде көтеріліп қалқиды. 5-6 жолдарда көтеріңкі ырғақ сөз толқыны бәсеңдейді. Талықсыған, жайылып кеткен күйді көрсетеді. Соңғы жолдары мүлде төмен құлдырап түсіп, әлсіреп тек орнында тұрып қалады. Әлі бітіп тек бір орында ғана тыпырлай беретін сияқты. Абай өлеңдерінің мұндай ырғағы көбі көтеріңкі болмай, түсіңкі, тозып, азып, күні бітуге таянған феодалдық заманның өлуге бет алғандағы қайғылы сарынды көрсетеді. Бұл тек өлеңнің мағынасында ғана емес, сыртқы ырғақ, дауыс толқындарының өзінде ғана. Сондықтан «Абай байлар табының дәуірлеген жыршысы еді» деген лағушылардікі сөз емес екендігін дәлелдемей-ақ қояйық.

Енді ақырғы он алтыншы өлеңінің өлшеуі: «Антпен тарқайды». Бұл өлеңі жыр үлгісімен басылса да, 36 жол, бір-ақ шумақ айқыс-ұйқыс ұйқаспен келіп отырады. Бірінші жолдың ұйқасы

«тарқайдымен» басталып 18 жол бір үйлесіп, «шайпайдыдан» аяқталады. Екінші жол «кеңеске» деп басталып, ода 18-жол «Он беске»-мен аяқтайды. Не бір ырғақ, не бір екпін орын ауыспайды. Немесе ұйқастар қайталамайды. Бәрі – тың, жаңа сөз. Өлең басынан аяғына дейін 7 буыннан келеді. Аяғын шапшаң тымпындап басып, тынбай жүріп отыратын жүрдек тайдың жорғасындай. Қатты көсіліп кетпейді. Не аяқ тұсалып тұрып қалмайды. Ақын үнемі кара жамылып, қайғыра бермейді. Кейде серпіліп, сілкініп тастап, бойын көтеріп, төңірегіндегі шындықты көріп, соны не сөзбен, не іспен қамтиды. Кемістігіне күйініп, тәуіріне сүйсініп мақтайды. Міне, бұл өлең сондай мүнәттік серпілісте ғана жазылған.

Абайдың барлық 16 өлең түрлеріне қысқаша пікірді қорыта келгенде, Абай өлеңдеріндегі өлшеуі көбі әлі әдебиетімізде қолданбағандығын, тіпті өзі де кейбір түрлерді жетілтпей кеткендігін көреміз.

16 өлең түрінің бастапқы екеуінен басқасы – Абайдың кіргізген жаңалықтары. Абай өлеңдерінің ең қиын, ең оңай мөлшер, өлшеулері де қазақтың бұрынғы халық әдебиетінде бар үлгі мен шығыс, орыс әдебиетінен алғаны.

Абай поэзиясында парсы, араб өлеңдерінің өлшеу ырғақтары, ұйқасым құрылыстарында үлкен орын алып отырады. Мысалы, Рубаи үлгісімен жазылған мына өлең:

Иузи – раушан, көзі – гәуһар
Ләғилдек бет үші әхмәр,
Тамағи қардан әм биһтар,
Қашың құдрет қоли шигә!
Өзәң гузәлләра раһбар,
Сәңе ғишық болып кәмтар,
Сүләйман, Ямшид, Искандәр,
Ала алмас барша мүлкігә.

Шағатай, Иран ақындарына еліктеп жазған. Әуелі үш жол 7 немесе 8 буыннан бірдей үйлеседі де, 4-жолда қайырылады. Сонан екінші шумақтың 4-жолы мен 1-шумақтың 4-жолы ұйқасады. Бұл өлеңнің ерекшелігі буын екпіндері әнге, күйге келіп айтылуына қарай. Ырғақ екпінін өлеңнің күйі, сарыны билейді. Соның үшін мұнда, қазақтың өзінікіндей, буын аяқта келе бермейді. Бұл Ғаруз өлшеуіндегі (метрический) өлең дауысты созып, ырғағы кеңінен жайылып отырады.

«Жүрегі айна, көңілі ояу» деген өлеңнің үлгісі де осы Рубаи! Бірақ оның буын, ырғақтары, дауыс толқындары парсы, шағатай әсерін жойып жіберген. Буын екпіндері түгел сөз аяғында! «Әліпби» өлеңі 11 буынды болғанмен, негізі парсы, шағатай ақындарына толық еліктеген. Өлеңнің ырғақтары, екпіні сөздің аяғында

бірыңғай келіп отырмайды, толқып, біресе жол ортасында, біресе жол басында келеді. Оның себебі әлгіде мәт үзезіні ғаруз өлшеуіне жақындатып жазғандықтан.

Онан кейін көп өлеңдерінде арап, парсы өлеңінің мәт үзезінге лайық әдетті үйлестің тынуы келіп те отырады. Бұл жоғарғы өлеңдегідей өз алдына толық еліктенген өлеңдер емес, қазақтың өзінің өлеңі етіп жазғанында көрінеді.

Сенсің – жан ләззәті,
Сенсің – тән шәрбәті.
Артықша жаратқан
Алланың рахматы.
Көрік – тәңірі дәулеті,
Қылса ұнар құрметі.
Сұлуды сүймектік
Пайғамбар сүнеті.

Міне, мұнда өлең аяғы «ті, ты»-мен ұйқасып тынып тұрса да, әуелде Абай «тій, тый» ұйқасына бейімделген. Сондықтан кейде бұл өлең, өзінің әніне салып айтқанда, «тій, тый»-мен жырланып кетеді.

«Толғауы тоқсан қызыл тіл» деген «толғау» болып әнде айтылуы, ол да сол Шығыс әдебиетіндегі өлеңнің сарын күйіне еліктелгендіктен туған. Абай поэзиясында парсы, араб, шағатай тілдерінің әсері бар екендігіне тоқталмай-ақ қояйық. Бұл арада ескерте кететініміз: Абай өлеңдері түр, өлшеу жағынан шығыс әдебиетінен зор үлгі алғандығын көреміз! Сондықтан Абай поэзиясының түр өрнектері, ырғақ сарын күйлері қазақтың ауыз әдебиетіне негізделіп жатумен қабат арап, парсы, шағатай, орыс әдебиеттерімен де араласып жатыр. Солардан үйренгендігі, солардан өлең түрлерін (әсіресе орыстан) қазақ жағдайында өзінше жасай білгендігін көріп отырмыз. Енді Абайдың сөз пернелеріне, сөз кестелеріне тоқталайық.

АБАЙДЫҢ КЕРІКТЕУ ЗАҢЫ

Тілдің керіктеу жүйесі жазушының өмір тану сатысымен, талантымен, шындықты білуімен байланысты болса, осыған қарай тіл сөздігінің байлығы, тазалығы, өткірлігі кернеп отырады. Бір жағынан тіл, сөз образ сықылды сырлы поэзия тұрғызудағы қажетті шартты еркін билеп-төстеп алмаса, ірі шебер жазушы болмауы да мүмкін. Міне, Абайдың белгілі таптық тіл жүйесін тексеруді осы жағынан алып қарауымыз керек.

Ең біріншіден, Абай керіктеу заңын (идеология) қалай қолданды, қай жағы басым – соған тоқтап өтейік. «Тілі жеңіл, жүрекке жылы тиюі», «іші алтын, сырты күміс» болуы керек. Ол үшін әрбір суреттер, жазып отырған нәрсе

көңілге қонымды, жанға әсерлі болуы керек. Көмескі, күнгірт нәрсені асық-айқын нәрсеге сипаттап, ұқсатып, теңеп, салыстырып суреттеуі керек. Абай поэзиясының ең басым, күшті жағы теңеуде жатыр.

Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы
Аласы аз, кара көзі нұр жайнайды.
Жіңішке қара қасы сызып қойған,
Бір жаңа ұқсатамын туған айды.

Абайдың бұл шумағы тегісінен теңеуден құралған. Әйелдің маңдайын жарқыраған «ақ күміске» ұқсатып теңеп, оның тұлғасын ашығырақ көрсеткен. Абайдың барлық сыршылдығы (лирикасы) осы теңеу арқылы құралған.

Сылдырлап өңкей келісім
Тас бұлақтың суындай.

Қыранша қарап қырымға.

Тоты құс түсті көбелек.

Жас баладай жаңыс қой,
Байлауы емес ақыл ой.

Масатыдай құлпырар жердің жүзі.

Бұлыттай қасы жауып екі көзін,
Басын сіліксе, қар жауып, мазанды алды.

Мұндағы «тас бұлақтай», «қырандай», «тоты құстай», «жас баладай», «Масатыдай», «бұлыттай» деген теңеулер бәрі де бір қалыптас, өз бетімен өлеңге көрік, жан беретін үдемелі теңеулер емес. Бәрі де оқтын-оқтын сол теңеу арқылы күшейеді!.. Абайдың бұл теңеулері – өзінің сол уақыттағы көңіліне, толқымалы ойына сәйкес алынған теңеулер. «Кейде тасыған бұлақтай» кейде «тырна құстай» қалғып, кейде бұлыттай түнеріп, қабағын жауып, күрсініп қайғыланатыны, кейде «масатыдай» құлпырып, жайдары болып қалатыны көңілінің соқпаларына кез келеді.

Абай теңеулерді кездейсоқпен алмайды. Оның өзін тандап жүрегіне жаққан, ойына сайма-сай келген теңеулерді алып отырады. Абай теңеулері үдемелі өсіп, ылғи алға қарай өршіп отырған теңеу емес. Бірде көтеріліп, бірде басылып отыратын теңеулер. Абайдың теңеулері сол қоғам құрылысына ырза болмай, өз ортасынан іздеген мақсатын таба алмағандықтан, «ол дүниеден», жаратылыстан іздеген теңеулер. Онан кейін өз кара басына ғана алған теңеулері.

Екінші, Абайдың көп қолданып, поэзиясын жандандыруы, уыт беруі, күшейтіп, сырландырып, бір нәрседе болмайтын күйді екінші нәрседе болатын күймен көрсетіп, асығырақ, сезімді тартып бейнелеп (метафора) суреттейді.

Көңіл құсы құйқылжыр шар тарапқа,
Адам ойы түрленіп ауған шақта

Салған ән – көлеңкесі сол көңілдің,
Тактысына билесін ол құлаққа.

Мұндағы әннің, музыканың ерекше ауыр сезіміне әсер ететіндігін көрсетуді бейнелеу арқылы суреттеп отыр. «Салған ән – көлеңкесі сол көңілдің», – дегенде, ән көңілдің көлеңкесі деп, ерекше бейнелеп отыр. Біздің жәй уақыттағы ұғымымыздағы «көлеңке» – ағаштың, үйдің, адамның «көлеңкесі». Ән сол көлеңке сияқты адам сезіміне, сол сағатында ғана түсіп, көңіл күйінің бір жапсарын біреуінен жасырып қана тұрған сияқты. Абай күйінішті, ызалы болып жүрген уақытында ән сол ызалы жерге түскен күннің көзін жасырған көлеңкедей жасырып қана, біраз уақыт көңілін көтеріп тастайтынына бейнелеп, ұқсатып отыр.

Сағыныш бар, дүниеде жұбаныш бар,
Көңілді көтеретін қуаныш бар.

Уақыттарын ғана қамтып көлеңкелеген ән. Өмірдегі күреске, іске адам санасы арқылы біздің дәуірде күш беретін құрал. Бізге де сол өткен өкінішке қайғырмай, келешек бақытты өмірді оятуға, толғандыруға әсер етеді.

Абайдың бейнелеуінің өзі сол таптық пікірге арналған белгілі тіл жүйесі арқылы алынып отыр.

«Жанымның жарық жұлдызы»,
«Үйі – базар, түзі – той»,
«Ұйықтаған ойды кім түртпек»,
«Жүрек – теңіз, қызықтың бәрі – асыл тас»,
«Жүрегі – айна, көңілі ояу», –

дегендегі «жарық жұлдызы», «үйі – базар», «түзі – той», «ұйытқыған ой», «теңіз, айна», «асыл тас» деген бейнелеулері де әртүрлі. Бірақ сурет түрі бір қалыпта асық емес. «Ұйқы», «теңіз», «базар», «айна» – бәрі де сұрғылт, күнгірт, бұлдыр. Немесе «той», «базар» сияқты шоғыр. «Жұлдыз» бен «асыл» ғана асық. Онысын Абайдың бейнеулі атастыратын объектілерінің негізгі тетігі өз кара басынан алыстап ұзап кетпейді. «Жүрек, көңіл, ой» – бәрі де ақынның өз кара басындағы сипаттар. Олай болса ақынның әлде алдағы үміті жарқырамай, күнгірт тұрғандығын, айналадағы өмірдің шындығынан өз кара басының сипаттарын жоғары қоятындығын көрсетеді.

Абайдың поэзиясының бір өзгешелігі – кейіптей жазып отырған жансыз нәрсеге жанды кейіпті беріп, ерекше күшпен суреттеу. Бұ да Абайдың поэзиясын жандандырып отырады.

Күн жоқта кісімсінер жұлдыз бен ай,
Ол қайтсін кара түнде жарқылдамай,
Таң атқан соң шығарын күннің біліп,
Өңі қашып, бола алмай бұрынғыдай.

Мұнда күздің қара суығын сипаттап беруде өзге әдіс қолданған. «Жұлдыз бен айдың» түнгі уақытта шығатынын, таң атқан соң біртіндеп сөніп, жоғалып кететінін кейіптейді.

Күн – күйеу, жер – қалыңдық сағынысты,
Құмары екеуінің сондай күшті.
Күн қырындап жүргенде, көп қожандап,
Күйеу келді – ай, жұлдыз к... қысты.

«Асау терек долданып, буырканып,
Тауды бұзып жол салған, тасты жарып
Айдаһардай бүктеліп жүз толғанып»

«Асау жүрек қайнамай,
Жуасыр ма еді кезінде»

«Ақ киімді, денелі, ақ сақалды,
Соқыр, мылқау, танымас тірі жанды.
Үсті-басы ақ қырау, түсі суық,
Басқан жері сықырлап, келіп қалды».

Міне, Абайдың, ерекше шебер, күшті ақынның, керіктеу заңының бір саласын кейіптеу арқылы, жанды түрде көрсетуі. «Асау терек», «Асау жүрек», «Ақ киімді, денелі, ақ сақалды» деген кейіптеулерін өзінің өмірге көзқарасы өмірді өзінше топшылай білуіне жаратылыс, өмір құбылыстарының қаншалықты қамти білуіне байланысты. «Құс» дегенде, тұрақсыз, алаңдампаз, ұшып-қонып жүрген объектіні айқындайды. Жалғыз бұл емес, Абай поэзиясында кейіптеу ірі орын алады. Ол жүйе болып кірген.

Ендігі бір шарты – Абай алған тақырыпты, суық, жалаң етіп айтып қана шықпай, көрсетіп, суреттеумен қатар әрбір сөзін айқындап, ерекше көзге түсерліктей етіп көрсетеді. Абайдың қай өлеңінде болсын айқындаудан аяқ алып жүре алмайсың. Бірақ айқындауының өзі белгілі нысанада тұр. Одан әрі өтіп кете алмайды.

«Сорлы жүрек мұнша ауыр»,
«Ауру жүрек ақырын соғады жай»,
«Ет жүрек өртенді»,
«Ызалы жүрек, долы қол».

Бұл айқындаулардың бәрі де біркелкі. Бәрі де бір нәрсеге ырза болмағандықтан, ақынның жүзі тойтарылып, қапаланып жамыққаннан шыққан «сорлы», «ет», «ауру», «ызалы» деген айқындаулар әлі құрып, төмендеп құлап бара жатқан күйді көрсетеді. Ақын сыршыл лирикасын дамытумен бірге, айқындаулар әлсірей береді. Бұл әлсіреу жыл уақытына байланысты. Алғашқы кезде, әуелі еттей сұлық жатады. Одан кейін бәсеңдеп, істер қайрат жоқ, жалынышты болады: «Сорлы». Одан кейінгі өзінен өзі булығып, көтеріліп кернейді: «Ызалы». Ең ақырында дәрменсіз сылқ етіп құлайды: «Ауру». Төмендеп түсіп келеді. Міне, Абайдың айқындау кемері осы.

«Ағар көзден ыстық жас»,
«Қызыл тілім буынсыз»,
«Сайра да зарла қызыл тіл»,
«Улы сия, ашты тіл».

Мұнда да жоғарғы қалыптас. Өз тілін өзі аяп, тіліне сөйлеп, тілін ермек етіп, ыңғай тұйықта жүреді. Бір шешіліп, жайылып кете алмайды.

Абайдың лирикасындағы орталық тұлға «жүрек», «көңіл», «ой», «тіл» – бәрі де алысқа ұзай алмаған, өз басындағы образдар.

Абай поэзиясындағы ендігі бір шарт әсірелеу.

«Әділ мырза ел болып, әлемге жайған өрнекті»,
«Жазасыз жақын жердің бәрін шапты,
Дарияның суындай қандары ақты», –

деген әсірелеу де бар. Бірақ, өткендегі эпостардағыдай емес, әсірелеу аз кездеседі. Абай – әсірелеп суреттеуден көрі бейнелеп, кейіптеп суреттеуге жақын ақын. Сол өз қоғам қатынасына, ортасына ырза болмағандықтан, көбіне әсірелеу, асыра мақтап, күшейтіп, дәріптеу шамалы орын алады. Абай феодал дәуірінің ақ жүрек ақсақалдарының ортасынан шығып, бір жақ қолы соның ортасында болумен қабат жаңа кіре бастаған сауда капиталының жас байларының өсуін де көріп, бір жақ ұшы соларда болуының өзі шындық жырлауына әсер еткен. Ол көрген шындығын бүркеп пернелеуде (аллегория) бейімделген жоқ. Пернелеп жазу Абайда аз орын алады. Жалғыз-ақ Крыловтан аударған мысалдары болмаса, жанамамы бүркеп пернелеп жазуы кем. Аздап жазғандары болса, онысын Абай дереу шешіп, байсандап кетеді. Абай өлеңдерінде түйдектеу арнау ретінде де келе береді.

Жүрегім, ойбай, соқпа енді,
Бола берме тым күлкі,
Көрмейсің бе, тоқта енді,
Кімге сенсең, сол шикі! –

деген өз жүрегіне бұрылып, сөйлесіп, жарлай арнап отыру да бар (риторические обращения). Жарлай арнаудың өзіне бұлай қас етіп алу өзі мен қоғамдық өмірі арасындағы қарым-қатынасына байланысты.

Ішім өлген, сыртым сау,
Көрінгенге деймін-ау;
Бүгінгі дос – ертең жау,
Мен не қылдым, япырым-ау?! –

деген сияқты сұрай арнау (риторика) да кездесіп, бір жүрегінің маңынан шықпай айналып жүреді. Бұлай өзінің өзегімен айналысып тұрып, жекешілдікке салыну өмірден түңілдікке соғады. Атақты үлгілі ақын Пушкин, Лермонтовтар да бар сипат қой.

Абайдың өлеңдерінде арнау-жырлау түрімен келетін жырлар аз емес. Бұл – нағыз адамға тірілей сезім берерлік қас лириканың өзі. Тек өз кара басы түгіл, жансыз нәрсеге де арнап, сонымен сөйлесіп, соған жүрегін ашып, сырын ақтарып бірлеседі. Сонда Абай жырды түйдек-теп төгіп тастап отырады. Қуандырса, қуандыра біледі. Жылатса, қайғыландырса, қайғыландыра да біледі.

Абай поэзиясының көрнектеу заңдары (идеологиясы) осы қалыпта.

ДАУЫС ЫРҒАҒЫ ТУРАЛЫ

Дауыс ырғақтары өлеңінің образдарына қуат беріп, жандандырып отырады. Абайдың кейбір өлең тармағының бастары ыңғай бір дыбыспен басталып, дыбыс қуалап отыруы (аллетирация) орын алған. Ақын алған тақырыбын түсінікті етіп, образды, пернелі түрде беріп, оқығанда ертіп, еліртіп отырады.

Абайдың «Патша Құдай, сыйындым» деген өлеңінде 6 жол «С» дыбысымен басталып, дыбыс қуалап отырып одан әрі аяқтамай бұзылып қалады.

Самороданы сары алтын
Саудасыз берсең алмайды
Саудыраған жезіне.
Саудырсыз сары қамқаны
Садаға кеткір сұрайды
Самарқанның бөзіне, –

дегенде бірыңғай «с» дыбысымен басталған. «Ақылбайға» деген өлеңі де 4 жол «С» дыбысымен басталып барып қалып қояды. «Қайғы шығар ілімнен» деген өлеңінде мұнда да 4 жол «т» дыбысымен басталып барып бәрі де жоғалған. Ең соңғы «Оспанға» деген өлеңінде 16 жол. Соның бәрі де «ж» дыбысымен басталып аяқтап шығады. Кейбір тармағында жол бойын қуалап кетіп те отырған.

Жайнаған туың жығылмай,
Жасқанып жаудан ығылмай,
Жасаулы жаудан бұрылмай,
Жау жүрек жомарт құбылмай, –

деген сияқты ыңғай «ж»-мен басталып, өлеңнің дауыс ырғағын күшейтіп отырады. Бұған дейінгі жазылған өлеңдерінің ішінде 3-4 тармақтың басы дыбыс қуалап барып жазылып кетпеуі жоғарғы «Оспанға» деген өлеңінің аллетирациясына дейінгі даму жолын қайталай көрсетеді.

Екінші – Абайда дыбыс әр түрлі. Кейде өлеңнің аяғына да ауысып отырады (эпифора). «Тоты құс түсті көбелек» деген өлеңінде 12 жол бойы дыбыс қайталақтап отырып, бірдей тұтас ұйқасып шығады.

Әр кімді заман сүйремей,
Заманды қай жан билемей,
Заманға жаман күйлемей,
Заман оны билемей.

Міне, осы сияқты барлығы да «к» дыбысына тынып отырады. Оның бер жағында дыбыс ырғағын күштірек естіріп тұрған:

«мек»
«мек»
«мек»
«мек»

деген буындар. Онан кейін бір дыбыс қайталақтау бір ыңғай басқы жолға ауысып отырған (анафора)

ҚҰЛАҒЫНАН өтеді.
ҚҰР айҒАй салған әндері.

Әрбір дыбыстар өзінің орнын тауып қайтадан жолдың басына көшкен. Мұндағы «Л», «Р» екеуі де ымыралы дыбыстар. Естілгенде соңғы дауысты дыбыстың ықпалына еріп бірдей шығып отыр.

Абайда дыбыс қайталақтаудың үшінші түрі бірінші жолдың аяғында келіп, екінші жолдың басында келіп отырады (стык).

«Айналадағы үшеуін таратып БАқ
БАсты байла жолына малың түгіл».
«ОЙ көзімен ҚАрасаң
ҚойдАН жылқы асыл ма?»

Мұндағы жоғарғы көрсетілген дыбыс қайталауы емес. Бұл – оқуға өте жеңіл келтіретін жұмсақ түрі. Шыр айналып, дөңгеленіп отырады. Дыбыс қайталаудың бұл түрі өте майда. Жалғыз бұл түрі емес. Дыбыс қайталақтау түрін жіктегенде, бір тармақтың басынан да, аяғынан да қатарласа келгенін кездестіреміз.

СопЫСЫНсып, ҚАҚ десін ҚАҚты
ЫСЫН ҰмытСЫН.
ҚАҚ.
қак.
ЫСЫН.

Мұнда 7 дыбыс қайталақтап екі реттен келген. Әрине, бұл өлеңнің айтылуына, ырғағына өте көп жеңілдік беріп отыр. Дыбыс үшін бір тармақта бір үндес дыбыстарды жинаған болмау керек. Сөз ырғағы толқындап, сөз арасының соқпаларын көтеріп, төмен түсірмей, майдалатып, жоғарылатып отырады. Ақын шығармасының сөздегі дыбысын зерттеуде бір үлкен саласы – мол дыбыстың естілуі. Ақындар сол естілуі бойынша жазып отырған түрлі жаратылыс құбылыстарының үндеріне, дыбыстары-

на қарай әріптерінің ішінен дыбыстары сәйкес келгендерін алып еліктеу жазушылық та бар.

Абайдың «Күз» деген өлеңінің дыбыстары жаратылыстың кей бір құбылыстарын келтіріп тұрады. Күздің қоңыр салқын желінің ысқырып, ызыңдағанына, дамыл алмай құбылып тұратындығын, Абайға бір жағынан дыбыс естілуінен көрсетілген. «С» қосымша «З» дыбыста, әсіресе, жоғарғы екеуі желдің ысқырып, ызыңдап тұрғанын дыбыс еліктеуінен анықтап тұр. Абайдың «Күзді» жазғанда «с», «з» дыбыстары келуінің өзі де кездейсоқ емес.

«Күзде» небары 24 жол бар. Сол жолдарда 38 «с», 8 «з» дыбысы бар. Ең ішіндегі асып түскен осы дыбыстар.

Сұр бұлт түсі суық қаптайды аспан,
Күз болса, дымқыл тұман жерді басқан.

Бұл екі тармақта 6 «с» бір «з» дыбыс бар. Бұл дыбыстардың бәрі бір жерге жиналуы сол жазылып отырған жаратылыс құбылысының дыбысынан алынған.

Күзеу тозған, оты жоқ елдің маңы, – з, з,
Тұман болар жел соқса шаң тозаңы, – с, с, з,
От жаппаған үйінің сұры қашып. –с,
Ыстан қорыққан қазақтың құрсын заңы – с, з, с, з.

$$Z(2+1+2) + (2+1-) S = Z - 5 + S = 10$$

Шумақтар	м	н	ң	а	қ	ж
1	1	6	2	6	3	0
2	3	6	1	13	3	2
3	0	10	1	13	4	0
4	4	5	1	9	2	7
5	0	6	0	9	4	3
6	3	7	0	7	1	0
7	1	9	13	Пі	0	0
8	2	3	4	9	1	2
9	4	7	3	12	4	1
10	2	5	2	9	3	1
11	4	7	2	8	1	2
12	1	5	5	14	6	0
13	4	4	0	10	2	2
	29	80	34	130	40	14

Міне, бұл цифрға қарағанда, «н», «м», «ң» үшеуін бір қосқанда, 187 дыбыс болып, бәрінен асып шықты. Барлық жолы 54. Әрбір жолда 2,5 ызың дыбыстан келеді. Бұл жабайы есеп бізге енді толық есеп берді. Абайдың бұл өлеңінен басқа да күңіреніп, сарнаған дауысы осы ымырасыз дыбыстар «Қор болды жаным», тағы басқа өлеңдер арқылы өте көп берген. Бұл дыбыстардың өзінің естілуі сол сарынға жақын. Көбіне соны естіріп отырады. Міне, Абайдың дыбыс ырғағы, естілуі осы іретте.

Енді біз азғантай поэзиясының түс бойына тоқталып өтейік.

Мұндайда «ө», «з» дыбыстары тармақтанып, ұшын кең жайып алған. Күздің кейпін көрсетуде оның негізгі сипаты – дауыл, қара суық болса, олардың ысқырған дыбыстарын «с» дыбыстарының естілуімен барып жалғыз бұл емес, Абайдың басқа өлеңдерінде де бар.

Абайдың «Өзгеге көңлім тоярсың» деген өлеңі өте жабығып, зарланып, тарығып, қысылып жазылған өлең. Күңіреніп, жүрегі толып сарнаған дауысты «н», «м», «ң» дыбыстары берген. Бұл өлеңнің аяғы бірыңғай «н»-мен тынып, сарнап, ыңылдап отырған күйді толық естіріп отыр.

Жүрегінмен тыңдамай, – н, м, н, н, м
Құлағыңмен қармарсың – н, м, н, м, н
Соны көріп соларға, – н
Қайтып қана сарнарсың? – н, н, н
Ң – 3, м – 4, Н – 7-14.

Бұл шумақта 12 сөзге 14 дыбыс келуі аз емес. Бұл ақынның сарнаған сарынын, күңіренген күйін, ызың қағып қапаста отырғанын көрсетеді. Сол зарлап жазған Абай дауысты жоғарғы көрсетілген дыбыстардан естіліп тұр. Бұл өлеңдегі дыбыстан жинақтап қорытқанда, мынадай болып шығады:

Поэзияда айқын, жарық, сұрғылт, қоңыр түс бояуы болуы мүмкін.

Жарық бояу түс пен кең дауысты дыбыс «о», «а»-мен бірге қосылып кетіп «қ» түсті беруі заңды нәрсе.

Абайдың «Қыс» деген өлеңінде ақ қардың түсін анық көрсетіп береді.

Ақ киімді денелі ақ сақалды – а, а, а.
Соқыр-мылқау танымас тірі жанды – о, а, а, а, а
Үсті-басы ақ қырау, түсі суық – а, а, а, а
Басқан жері сықырлап келіп қалды – а, а, а, а.

Бұл жол өлеңде 15 «а», 1 «о» дыбысы бар. Бұлардың бәрі де сол қыстың ақ түсін бояуын көрсетуге жұмсалған, лайықтап қорытылған дыбыстар. Бұл өлеңнің бәрі де кең дыбыстармен басталып, кең дыбыстармен аяқталған.

Абайдың қазақ дауысын тексергенде мысалға алған «Өзгеге көңілім тоярсың» деген өлеңінің түс бояуы қоңырланып тұр. «Н», «м» ымырасыз дыбыстар зардың күңіренген, сарынның үнін берумен қатар қоңыр түс беріп, түнерікіреп тұр. Ол, әрине, Абайдың идеясына бағынған дыбыс, түс, образдар. Оларды Абай идеясынан айырып алуға ешқашан да болмайды.

Абайдың «Сабырсыз, арсыз, еріншек» деген өлеңі өз алдына түс бояу беріп тұр.

Адам біреуді жек көргенде де бет құбылысқа өз алдына жыбыр пайда болады. Беттің сала-салалары тырысып, тартылып, ерні жыбырлап өзгеше дыбыс шығарады. Сол еріндік қатаң дыбыстар сезімге нысана беріп, жек көрініштік ызаланған күйде түс бояуын туғызуы мүмкін. Мысалы «с» дыбысы ысқырық үндерін ыза, жек көруінің түстерін көрсетуі заңды нәрсе.

Сабырсыз, арсыз, еріншек, = 3с
Көрсө қызар, жалмауыз, = 1 с
Сорлы қазақ сол үшін, – 2с
Алты бақан, ала ауыз.

Міне, мұнда 5 «с» бар. Бәрі де сұрғылт тартып, көгелдірленіп, беті ашылып, айқындалмай, ыза кернеп тұрған түсті беріп тұр. «С» пенен ысқырып, жек көріп, ақын баяғы қапасында жүр.

Абай – ірі жыршыл, лирик ақын. Абайдың лирикасы тасыған бұлақтай сырғып, оқығанда сылдырлап еліктіріп, ертіп, тартып, желпілдетіп отырады. Өлеңнің кестесі тармактанып, жайылмай жұмырланып, дөңгеленіп отырады. Ірі кестелі лирика болуға барлық салаларын өзінің идеясына бағындырған. Негізгі нысанасынан асып кете алмайды.

Абай өз дәуірінен алынған мазмұннан тұр туғызып отырды. Тұр туғызып, тұр жасауда Абай үлкен шеберлігін көрсетеді. Сонымен қатар, Абайдың түрін еліктеп, ойламай, үстірт қолдана қоюға болмайды.

Абай түрін қорытып, қайта жасап, жазуды өнерге лайықтап пайдалану керек. Ахмет Абайдың «Сегіз аяқ» түрін алғанда, өзінің ұлтшылдық тілегіне, оның сары уайым сары күйіне бағындырып пайдаланды. «Жыйған-тергенінде» сол сарынға Абайдың ізін алып, өзінің идеясын берді. Әрине, Ахмет өзінің таптық тілегіне икемдеп пайдаланды.

Бізде Абайдың түрін қолданушылық бар, бірақ теріс қолданған. Сол дәуірдің мазмұнынан шыққан түрді әкеліп үстірт ала салып, жаңа мазмұнды жапсыра салуға бола ма? Жоқ.

Қазіргі қазақ ақындарының ірі мәстір жазушымыз Бейімбет «Сегіз аяқтың» өлшеуін алып, «Жаңартты қазір жырды ауыл» деген өлең жазды (1929 жыл).

«Сегіз аяқ» – Абайдың жүрегінен шыққан ызалы, қайғылы күй. Ол күй белгілі бір қоғамдық мән беретіндігін, ол күй сол қоғам ортасының жемісі екендігін көреміз.

Жаяуы қапты,
Аттысы шапты,
Қайрылып сөзді кім ұқсын?
Іште дерт қалың,
Ауыздан жалын
Бырт етіп көзден жас шықсын.

Күйдірген соң шыдамай,
Қояды ма екен жылатпай?!

Өлеңнің барлық кестесі, өлшеуі, ырғақ күйі сол күйікшілдік идеясына бағынған. Бейімбеттің коллектив тақырыбына, жаңа өмірді құттықтап, қуанышпен қарсы алған күйі «Сегіз аяқтың» сарынды, қайғылы күй-ырғақты кестесімен жазылуға тиіс пе еді? Жоқ, тиіс емес еді! Бұл жаңа күйге салынған соң, қуанышты күй емес, не жылаған сарын емес. Абайдың ойып кеткен оюына Бейімбеттің апарып тіге салған кестесі болып шықты.

Зауыт бүрк-бүрк,
Мәшіне зырк-зырк
Көсемі күшті жұмыскер.
Ескі өмір кезіп,
Жаңалық озып
Істеліп жатыр ұлы істер.
Жаңа өмірді құрды ол,
Жаңарды жер-жерде ауыл.

Міне, жаңа өмірдің, жаңа істің толқынын суреттейтін жаңа жыр Абайдың ескі оюына оранып, тығылып, жан таласып, шыға алмай тұр. Оюы мөлшеріне тар келген. Мазмұн босаңғысы келіп лықылдап, шырмалып шыға алмай тұр. Тұр мен мазмұн екі айырылып, қабыспай тұр. Бейімбет үстірт, қалай-болса солай қолдана салған. Әрбір түрдің өзінің мазмұны бар. Әрбір мазмұнның өзіне сәйкес түрі бар екенін түсінбеген. «Сегіз аяқтың» өрнегі, құрылысы өте бай және шебер келген. Абайдың өлең түрін қорытып, қайта жасап қана пайдалану керек.

Оның түрді-түрдің кестелерін, образдарын өзінің идеясына бағындырып, алған тақырыбын өрнектеп беретіндігінен үйрену керек. Өлеңнің ырғағы, сөз екпіндері, сыртқы құрылысы мағынасыз, қалай болса солай қолдана салатын нәрсе емес. Онда да мағына, онда да идея, пікір бар.

Абая сияқты классик-мастер, шебер, шешен, ұста ақындар өз дәуірін қалай суреттеді, қалай көрсетті, соны көрсетуде тілді қалай жұмсады, қалай пайдаланды – міне, осы шеберлік жағынан үйреніп дәуірімізді, отанымызды осылай суреттей білу керек. Әрине, Абайда кемшілік жоқ емес, төрт аяғын тең басқан ақын деуге болмайды. Әрбір көркемділік, жақсылықтың өзінің кемшілігі болады. Кемшіліксіз болмақ емес. Абайдың негізгі бір кемшілігі көп өлеңінің ырғағы әнге келмейді. Жорғаламайды. Кейде сүрініп қалып отырады. Сүрінгенде тармақ, буындары бірінен-бірі асып, жалпы ырғақтың кестесін бұзбайды, бунақ арасындағы буындары ауысып, жолдың соқпа-соқпа арасын ушықтырып отырады.

Бөтен сөзбен былғанса, сөз арасы,
Ол – ақынның білімсіз бейшарасы.
Айтушы мен тыңдаушы көбі надан,
Бұл жұрттың сөз тыңдамас бір парасы.

Мұнда сыдыртып оқып келгенінде, бір жерінде кідіріп қана қаласың. Өнге салып, даусыңды шығарып, ызындап оқысаң, 4-тармақтың аяғында тұтығып, өз дененді өзін жұтып қаласың. 1-бу - нақтары 4 буыннан, 2-бунақтары 3 буыннан, 4-бунақтары 4 буыннан келеді де ең ақырғы 4-жолда бірінші бунақ 3 буын, екінші бунақ 4 буын болып ауысып келеді. Сөздің соқпалары бұзылып, ырғақты бұзып жіберген.

«Сөз тыңдамас бұ жұрттың бір парасы» десе, еш бір тұтықпасы жоқ. Майдаланып кетеді. Міне, Абайда осы жағынан кемшілік бар. Біздің соңғы жас ақындардың өлеңінің көбі әнге келмейтіні сол, ырғақ кестесі бұзылып, бунақтың буындары ауысып кеткені. Біздің қазақ өлеңдерінің ырғақ – кесте негізі – метрлік өлшеу. Метрлік өлшеудің түпкі қазығы – әндетіп айтуда. Біздің бұрынғы жырлау, ақындардың шығарған өлеңдерінің бәрі әндетіп, әнге салынып жүрді. Оның бәрі біздің қазақ өлеңінің негізгі метрлік өлшеу екендігін дәлелдейді.

Олай болса біз ол негізді әлі бұзғамыз жоқ. Әзірше сол негізбен келеміз.

Екінші – Абай өлең жазғанда көп түзетпей, қалай боса солай жазып тастай берген. Кейбір өлеңдері тіптен аяқталмай басталып қалып қойған. Міне, осы жағын ескеру керек. Біздің жас ақындар өлеңге салақ қарамай, көп еңбек еткен жағынан үйрену керек.

Үшінші – Абайдың өлеңдерінің ішінде жалаң, құрғақ суреті жоқ үгіттер де кездеседі. Нағыз суретті, лирикалы өлеңдеріндей дамып отырып шықпайды. Жалаң, құрғақ-үгіт түрінде келеді.

Міне, Абайдың негізгі кемшілігі – осылар.

Абай – қазақ поэзиясының атасы. Шебер, шешен, ұста, классик ақын. Оның түрінен үйрену керек. Оның поэзиясының барлық түрін зерттеу керек. Бетін ашып, көпшілік алдына тарту керек.

Әдебиет майданы. – 1934. – № 11-12. – 97-115 б.

Қазіргі қаріпке түсіріп,

«Абай институтының хабаршысына»

дайындағандар:

ф.ғ.к., доцент Ж.Мәмбетов,

ізденуші Б.Қалабаева

Ж. Смағұлов

АБАЙТАНУ ӘЛИХАННАН БАСТАЛАДЫ

Аннотация. Мақалада қарастырылатын мәселелер. «Қазақ өлкесі» және А.Н.Седельниковтың зерттеулері. Ә.Бөкейхановтың абайтану ғылымына қосқан үлесі. География қоғамы:

А.Құнанбаев, Михаэлис және Ә.Бөкейханов байланыстары.

Тірек сөздер: Абай, Ә.Бөкейханов, абайтану.

Ж. Смағұлов

АБАЕВЕДЕНИЕ НАЧИНАЕТСЯ С АЛИХАНА

Аннотация. Вопросы, рассматриваемые в статье. «Киргизский край» и исследования

А.Н.Седельникова. Вклад А.Бокейханова в абаеведение. Географическое общество:

А.Құнанбаев, Михаэлис, А.Бокейханов.

Ключевые слова: Абай, А.Бокейханов, абаеведение.

Zh.Smagulov

ABAI STUDY BEGINS WITH ALIKHAN

Abstract. The issues dealt in this article. "The Kyrgyz territory" and studies of A.N.Sedelnikov.

Contribution of A.Bokeyhanov to the Abai study. Geographical Society:

A.Kunanbaev, Michaelis, A.Bokeyhanov.

Keywords: Abai, A.Bokeyhanov, Abai study

1903 жылы Санкт-Петербургте «Россия. Біздің Отанымыздың толық географиялық сипаттамасы» деп аталатын көп томдықтың XVII томы қазақ халқының тарихына арналып, «Киргизский край» (Қазақ өлкесі) деген атаумен шықты. Осы томның «Халқы» деп аталатын бөлімінің «Қазақ өлкесінің тарихи тағдыры және оның мәдени жетістіктері» деген IV тарауын жазғандар -

Ә.Бөкейханов, А.Н.Седельников, С.Д.Чазовтар деп көрсетілген. Ал «Қазақ өлкесінің территория бойынша орналасу тәртібі және оның этнографиялық құрамы, тұрмысы мен мәдениеті» деген V тарау авторы – А.Н.Седельников. Бұл еңбектердің этнография, тарих, география және т.б. ғылымдарымен қатар, ұлттық әдебиеттану ғылымында да алатын орны зор. Әсіресе

V тарауда қазақ халқының мәдениеті мен өнері, әдебиеті сол кездегі таным-білік деңгейінде сөз бола келіп, ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікір әдеби мұраны ең алғаш рет ауыз әдебиеті және жазба әдебиеті деп бөледі. Ауыз әдебиетінен көптеген халық жырларының аты аталып, «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырына тарихи және әдеби сипаттама жасалған. Жазба әдебиет өкілдерінен Ноғайбай, Шортанбай және т.б. ақындарды атап, Абайға арнайы тоқталынып, ол «қазақ әдебиетіндегі соны бағыттағы жаңа әдебиетінің көш басшысы» деп бағаланады. «Енді қазақ поэзиясындағы жаңа ағымның өкілі ретінде Құнанбаевты – формасы жағынан айрықша және мазмұны жағынан (әсіресе табиғатты бейнелеуде) арынды көптеген өлеңдердің авторы деп атауға болады. Осы автор «Евгений Онегинді» және Лермонтовтың көптеген өлеңдерін (қазақтарға түсініктілерін) жақсы аударған, сондықтан да Семей әншілерінің аузынан «Татьянаның хаты» атты өлеңін тыңдауға болады», – деген пікірді классикалық мұраны ғылыми тұрғыда игеру жолындағы ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-көзқараста соны жаңалық, профессор Т.Кәкішевтің сөзімен айтсақ, «Абайдың көзі тірісінде тұңғыш рет жасалған ғылыми мәнді қорытынды» [1, 184 б.] деуге болады. Ұлттық әдебиет тарихын зерттеудегі ізденістің елеулі бір қадамы екені анық.

Осы жерде бұл томды, оның ішінде жоғарыдағы тарауларды кім жазды деген сұрақ туындайды. Тарихи деректерге сүйенсек, бұл томдық Санкт-Петербургте А.Ф.Девриенің баспаханасында басылып, оны жазуға Ә.Бөкейхановпен бірге жоғарыда аталған орыс ғалымдары қатысқан. Кеңес дәуірінде Алаш арыстарының мұраларына тыйым салынған кездегі ғылыми айналымда жоғарыдағы екі тарау авторы орыс ғалымы А.Н.Седельников саналып келді. Тәуелсіздік алғанымызға дейінгі Ә.Бөкейханов есімін атауға қарсы талап-тілекке сай бұл томдағы Шортанбайдың «Зар заманы» және Абай туралы мәнді пікірлерді орыс ғалымы А.Н.Седельниковке апарып таңып жүрген тұжырым ұлттық әдебиеттану ғылымында әлі күнге дейін орын алып отыр. Еңбектегі ғылыми мәні мол V тарау әлі күнге осы орыс ғалымының еншісінде жүр. Көптеген ғылыми еңбектерде сілтеме әлі де болса осы ғалымға жасалуда. Оған дәлел – бұл тарау Ә.Бөкейхановтың екі бірдей 1994 және 1995 жылы шыққан таңдамалы жинақтарына енгізілмеген. Соңғы жинақта томдықта орыс ғалымдарымен бірге жазылды деп көрсетілсе де, тек «Қазақ өлкесінің тарихи тағдыры және оның мәдени жетістіктері» аталатын IV тарау ғана бар. Еуропацентристік көзқарасқа әбден мойынсұнып, бізге барлығын орыстар жасап берді деп

өзімізді өзіміз мансұқ етіп келгеніміздің бұл да бір мысалы.

XVII томдағы қазақ әдебиетінің тарихы, оның көрнекті өкілі Абай туралы пікірді А.Н.Седельников жазды дегенде, оның қазақ фольклоры мен әдебиеті туралы басқа орыс фольклористермен салыстырғанда жартымды ештеңе жазбағанын да естен шығардық. Мысалға В.М.Сидельниковтың «Казахское поэтическое творчество казахского народа» аталатын библиографиялық көрсеткішін қарасақ та жеткілікті. Әрі-беріден соң осы автор Әлиханнның «Қобыланды батыр» жырындағы әйелдер» аталатын көрнекті мақаласын Ә.Диваевтікі деп көрсетіп жіберген. Ең құрығанда «Туземец» деген жасырын атымен бергенде оны «ұлтшылсың» деп ешкім кудаламасы хақ еді. Орыс ғалымының қазақ даласын зерттеудегі негізгі нысанасы географиялық жағдайлары, жануарлар мен өсімдіктер дүниесі, этнографиясы болған. Ә. Бөкейханов оны «зерттеуші-ботаник» деп көрсетеді [2, 221 б.]. Бұл пікірді «Қазақ совет энциклопедиясындағы»: «Оңтүстік Алтай өлкесін зерттеуші. Осы өңірге 12 рет экспедиция ұйымдастырып, көптеген өзен-көлдерді зерттеу нәтижесінде үлкендікішілі 21 ғылыми еңбектері жарық көрді. «Россия» атты сериялық еңбектердің «Қырғыз (қазақ) өлкесі» деп аталатын кітабын жазушылардың бірі» [3, 98 б.], – деп ғана көрсетілген анықтама дәлелдей түседі. Әзірге қазіргі этнография, фольклортану саласындағы белгілі еңбегі «Қазақ өлкесінің территория бойынша орналасу тәртібі және оның этникалық құрамы, тұрмысы мен мәдениеті» деп атап көрсетіліп жүр. Осындай бір жақты көзқарастың кесірінен де біз дауласып отырған тарау атауы «Қазақстан ұлттық энциклопедиясындағы» Ә. Бөкейханов ғұмырнамасында да көрсетілмей қалған. Негізінен алғанда А.Н. Седельников Орыс географиялық қоғамының Батыс-Сібір бөлімшесінің мүшесі бола тұра атақты «Щербина экспедициясына» қатыспаған және Семей, Қарқаралы өлкесін зерттеді деген де ешбір мәлімет жоқ. Оны 13 том болып шыққан еңбектің Павлодар уезіне арналған IV томына жазған Ф. Щербинаның алғысөзінен байқау қиын емес. «Собирание сведений по Павлодарскому уезду было произведено во второй половине 1897 года. Сначала сюда были направлены пять партии, именно: А.Н. Букейханова, П.А. Васильева, А.А. Боровского, А.Г. Бутковского и П.П. Кондратьева, а затем немного позже присоединились партии Л.К. Чермака, Н.Ф. Дмитриева и М.Ф. Гусева», – деп жаза келіп, осы партиялардың көмекшілері болды деп бірнеше орыс фамилияларымен қоса Жүсіп Сатыбалдин деген адамды атайды. Сонан соң: «а регистрарами были Эрежеп Итбаев, П.А.Беляков, Мажит

Чумбалов, султан Тлекиев, Кудайкулов, Джасмаганбетов, Серкебаев, Айманов и Вечеслав», - деп жазады [2, 123 б.]. Егер «Россия» деп басталатын көп сериялы томдықтың «Қазақ өлкесі» аталатын XVII томы 1903 жылы, ал Ә. Бөкейханов тікелей қатысқан «Щербина экспедициясының» «Материалдары» 1903-1905 жылдары жарық көрсе, А.Н. Седелников осыншама бай ғылыми деректерді қай уақытта зерттеп алып жүр деген күмән туады. Сондықтан «Әдебиетке, әсіресе Абайға байланысты пікір осы тарауда айтылғандықтан Ә.Бөкейхановтың қатынасы болуы қай дәрежеде екенін аңғаруға тиіспіз» [1, 84 б.] деген профессор Т.Кәкішевтің пікірінде көп сыр жатыр. Сонымен қатар экспедиция жұмыстарына жергілікті жердің беделді және сауатты адамдары қатыстырылған болса, онда Семей уезінің болыстықтарының жері зерттелген уақытта Абайдың бұған ат салыспауы мүлде түсініксіз болып шығады. Мұрағат ақтарып тарихи деректерді салыстыра дәлелдеуге өзі-ақ сұранып тұр.

Біздің ойымызша А.Н.Седелников жазған деп жүрген «Қазақ өлкесіндегі» V тараудың да авторы Ә. Бөкейханов болуы керек. Оны мына дерек дәлелдей түседі. Осы тараудағы Абай шығармашылығы туралы айтқандағы «Семей әншілерінің ауызынан «Татьянаның хаты» атты өлеңін тыңдауға болады» деп жазған пікірін 1905 жылы «Семипалатинский листок» газетіндегі «Абай Құнанбаев» (некролог) атты мақаласында: «1899 жылы Көкен болысының әнші қазағы Әділхан бізге «Татьянаның хатын» скрипкаға қосып орындады. Бізді таң қалдырғаны «Татьянаны қайдан білесің» дегенде, Әділхан өзін нұсқап қойып, орыстың өзі сияқты Пушкин деген ақыны болыпты, ол Татьяна сұлудың Онегин деген жігітті сүйгенін айтып хат жазғанын жырлайды. Сол кеште Әділхан бізге Абайдың Лермонтовтан аударған өлеңін әнмен айтып, сонымен қатар Лермонтов өмірге риза болмаған, ал Пушкин оған данышпанша қарады деп түсініктеме берді. Осы жолдардың авторы соңынан Абайдың Пушкин мен Лермонтовтан аударған өлеңдерін домбырамен қосып айтқан бірнеше ақындарды кездестірді», - деп нақтылай түскен болатын. Оның үстіне бұл орыс ғалымы қазақ тілін жақсы түсініп, сөйлей білген деген дерек әзірше жоқ. Ендеше оның алыс ауылдағы қазақ әншісінің не туралы жырлап отырғаны туралы айырықша ынта қойып тыңдап, ерекше ықылас білдіре қоюы неғайбыл. Еуропацентристік пиғылдағы орыс ғалымдарының көбі миссионерлік және шовинистік көзқараста болғаны жасырын емес. Ә. Бөкейхановтың басқа да ғылыми еңбектерімен тарихи және стильдік жағынан салыстыра зерттесе көп сыр

ашылатыны анық. Осы кезеңдегі ғылыми бағалаушылық мәнде жазылған мақалаларды қарап отырсақ, жеке ақын-жазушының шығармашылық ерекшелігін ашу арқылы әдебиеттің халықтығы, тарихилығы мәселелерін танытуға деген талап байқалады. Әрине шығармашылық дүниетанымның көрініс табуы секілді күрделі мәселеге бара қойған жоқ. Бірақ Ә. Бөкейхановтың жоғарыдағы пікіріндегі Абайды жаңа ағымның өкілі деген уақытында сыншыл реализмді айтып отырғанына, ал жанр, түр мен мазмұн мәселелерін сөз етуі, ақын творчествосына әдеби талдау жасауға деген ұмтылысты байқатады. Бұл ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің классикалық мұраны игеру барысында жалпыдан жалқыға қарай даму заңдылығына орай нақтылыққа бой ұра бастағанына айқын мысал. Қысқасы, 23 беттен тұратын бұл тараудағы халықтың орналасу тәртібі, этнографиясы, тұрмысы туралы жазған жерлерін А.Н. Седелниковке қалдыру керек те, әдебиет, мәдениет туралысын Алаш көсемінің еншісіне қайтару қажет.

Бұл томдағы қазақ әдебиетін, Ұлы Абайды сөз еткен тарауды Ә.Бөкейханов жазған дегенде Әлихан мен Абай бірін-бірі білген бе деген негізгі сөз етейік деп отырған мәселе туындайды. Бұл мәселені шешіп алу – абайтану ғылымы және Ә. Бөкейханов мұрасын зерттеу үшін ғана емес, ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің туу, қалыптасу жолын көрсетуде де маңызы бар. А.Н. Седелников жазсын, Әлихан жазсын, әйтеуір Абай тұлғасы орыс жұртшылығына тұңғыш рет осы еңбек арқылы танылды ғой деп «жауырды жаба тоқып» кете беруге енді болмайды. Академик Р. Нұрғали Әлихан Бөкейхановтың 1905 жылы «Семипалатинский листок» газетіне жарияланған «А. Құнанбаев» (некролог) аталатын мақаласын сөз ете келіп: «Шындығына келгенде, Абай мен Әлиханның жас айырмасы екі-ақ мүшел, екеуі де бір атыраптан, Семей губерниясы, Қарқаралы уезінің адамдары, сондықтан бұлардың көзі тірісінде ұшырасуы, сұхбаттасуы әбден ықтимал, бірақ ондай сөзді Әлихан жазбайды. Абайдың ұлы Тұрағұлмен, ағаларының балалары Шәкерім, Кәкітайлармен қалай танысты, қалай достасты, қалай хат жазысты бұлар туралы анық деректер келтіреді. Қалай дегенде, Әлиханның Абайды, оның айналасын, шығармаларын өте терең білгендігін айтылмыш мақаладан анық көреміз» [4, 61 б.], – деп жазады. . Бұл тегіннен тегін айтылған пікір емес.

Біздің ойымызша, Әлихан Абаймен көзі тірісінде кездескен және пікірлес болған. Оған үш түрлі дәлеліміз бар. Бірінші. Әлихан 1894 жылдан бастап Орыстың императорлық география қоғамының Батыс Сібір бөлімінің жұмыстарына

белсене араласқандықтан 1896 жылы толық мүшелігіне қабылданып, 1901 жылы оның басқару комитетіне сайланады. Осы қоғамның Семей бөлімшесін ашуға ат салысып, оның статистика комитетінде Г. Потанин, П.П. Семенов-Тянь-Шанский, Е.П. Михаэлис және А. Құнанбаевпен бірге мүше болады. Қазақтың екі данасының бұл комитет атқарған жұмыстар барысында таныс болмауы мүмкін емес. Комитет құрамында Е.П. Михаэлистің болуы да көп жайды аңғартады. Е.П. Михаэлис қайтыс болғанда «Қазақ» газетіндегі (1914, № 44) жазған «Офат» деп аталатын азасөзінде Абайдың «Өлсем орным қара жер сыз болмай ма» деген өлеңін келтіріп, осы өлең жолдарымен аяқтауы жақсы сыйлас адамдар болғанын байқатады. Осы азасөздегі «Қазақтың жалғыз ақыны Абайды тура жолға салған осы Михаэлис еді. Абай өле-өлгенше «менің көзімді ашқан, маған жаныашырлық қылған Михаэлис еді» деп айтып отырушы еді» (астын сызған біз – Ж. С.) делінген пікір де көп жайды аңғартады. Батыс-Сібірлік Географиялық қоғамның Семей бөлімшесінің «Запискиның» 1914 жылы Е.Михаэлиске арналған VIII шығуында «Қазақ халқы да Михаэлисті жоқтайды» деп Әлиханнның осы азасөзін ерекше атап өткен.

Екінші. Көкшетау мешітінің имамы атақты Науан хазірет пен осы мешіт жанындағы медресе мұғалімі Шаймерден Қосшығұловтың Россияның отаршылдық саясатына, діни мекемелерді, мектептерді, мешіттерді жауып, дін иелерінің мұсылман дінінің шариғат жолымен қызмет жасауына тиым сала бастаған жаңа тәртібіне қарсы күрес ұйымдастыру мақсатында жер-жердегі ел сыйлайтын адамдармен байланыс жасады. Бізге Ш.Қосшығұловтың Абайға жазған екі хаты белгілі. Алғашқысы – Абай баласы Тұрағұлға беріп, ол «шылым орау» үшін болыс Р.Құдайбердинге беріп, ақын үйі тінітілген кезде соның қалтасынан шыққан хат. Екіншісі – Абай Семейдің уезд бастығы И.С. Навроцкийдің қатысуымен Аркат почта бөлімінен алып берген хат. Абай үйін тініту - 1903 жылы болған оқиға. Науан Хазірет пен Ш.Қосшығұлов бастаған адамдардың қазақтарды орыстандыру, шоқындыру саясатына қарсы іс-әрекеті ертерек басталған болуы керек. Абайға жазылған екінші хатта Ш.Қосшығұлов Семейдегі жәрмеңкеде болатын кездесу мен Жетісу жеріндегі кеңес туралы жазғанда Абай бұлар жайында бұрын хабардар болғаны байқалады және хат жазысқан да сияқты. Оған екінші хат соңындағы «Хатты мына адреске: Көкшетау қаласы, қазақ мектебі, Абдулла Зиядуға тисін деп әдепкі жолмен жіберсеңіз аламыз» [5, 424 б.], – деп жазғандағы «әдепкі жол» тегін айтылмаса керек. Сонымен қатар полиция Науан хазірет пен Ш. Қосшығұловты

Кәсімбай Құсайынұлы ертеректе жазған «Ұлтым жайлы толғансам» (1948) өлеңінде адам болмысына ғана емес, бүкіл халқы (ұлты) жайлы толғанады. Адам уақыт, заманнан тыс тұра алмайды. Ендеше ақын өлеңдеріндегі қоғамдық мән-мазмұнды жоққа шығару дұрыс болмас еді. Кәсімбай да заман, қоғам алдындағы жауапкершілікті терең сезіне білген адам. Мәселен,

Өнер-білім үйренуге жалқауымыз,
Сондықтан да басқалардан аңқауымыз.
Бір қазақтың баласы боп тусақ та
Алысқанда ала болған алтауымыз, –

деген жолдар да өмір шындығынан туғандығы

тұжырымдалады.

Т

а ц т

заман жыршысы. Әдебиеттің басты мәселелесінің бірі – адамгершілік. Осы реттен келгенде әдебиет адам тәрбиелеудегі көркемдік-эстетикалық құрал десек те болады. Сондықтан ақынның көптеген өлеңдері адам болмысын арқау етеді. Ақ, қараны ажырата жырлап, ізгілік пен имандылаққа үндейді.

Кәсімбай Құсайынұлының біршама арнау өлеңдері бар. Арнау өлеңдер арысы әлем, берісі қазақ әдебиетінде молынан кездеседі. Ақынның «Қарт ақын Қапезге», «Имамәди», «Байқожаға», «Қарт жырау Боздаққа», «Бәдет Ахметжановқа», «Композитор досыма» атты өлеңдерінде өнер адамдарына сипаттама береді, жоғары бағалайды. Кейбірінің ақындығына, кейбірінің адамгершілік қасиеттеріне баса назар аударады. Оларға ақ ниет-пейілін көрсетеді. Өзіне қол ұшын берген адамдарға жақсы сипаттама береді. «Жеңгелерге әзіл», «Құрдасым Сапарбекке» өлеңдері жеңіл шымшыма әзіл түрінде жазылса, «Опасыз дүние жалған-ай», «Қасіреттің мұзы» деп аталатын өлеңдерінде үміт күткен баласынан айырылып, анырап қалған ақынның көңіл наласы, жан жарасы, өкініш-тебіренісі байқалады. Бұл екі өлеңді арнау емес, жоқтау десек те болатындай. «Еңбегіне елі сүйінген, жүрегі жылылыққа толы» жастың бейнесі көз алдымызға келеді. Ақынның арнау өлеңдері жақсының жақсылығын айтып, көпке үлгі етеді. Алайда Кәсімбайдың сынап-мінейтін туындылары да жоқ емес. «Бір ақынға әзіл» деген өлеңінде оның тұрлау-тиянағы жоқ әрекетін де, дәм-татуы аз өлеңін де орынды шенейді. Қалай десек те жаманнан жиренуге, жақсыдан үйренуге үндейтін туындыларының мәні зор. Әрине, ақын тыңнан боразда тартқан жоқ. Бұл – арыдан келе жатқан дәстүр сабақтастығы.

Адам баласына және қоғам үшін қажеттіліктің бірі – еңбек. Өйткені еңбек барлық ырыс пен игіліктің көзі. Сондықтан халқымыз еңбекқорлықты жақсы қасиеттің қатарына қосқан. Еңбек арқылы адамның қоғамдық белсенділігі артады. Тіпті кейбір әдеп-дағдылары нығая түседі. Ақын еңбекті адам өмірімен ұштастыра жырлайды. Бір кездері Ыбырай, Абай, Шәкәрімдер айтқан дәстүрді ұстанған ақын әркезде жазған бір шоғыр өлеңдерінде еңбекті мадақ етеді. «Еңбекші қыз», «Құрышшылар жыры», «Жылқышы мақтанышы», «Тракторшы әні», «Атыз жыры», т.б. өлеңдерінде лирикалық кейіпкер өз еңбегін мақтан етеді. Қыс көзі қырауда жылқы бағып данққа бөленсе, жер жыртып, дән сеуіп байлыққа кенелгеніне қуанады. Аянбай тер төксе, молшылыққа қолы жететініне сенеді.

Құшағында шынығып өр еңбектің,
Қызы болып таңдаулы келем көптің.

Еңбегіммен кестелеп дала төсін
Ұшан-теңіз байлыққа кенелмекпін.

Ақын мал бағып, кен қазғандарды да, жер жыртып, егін салғандарды да үлгі етеді. Адал еңбек арқылы ғана баянды бақытқа қол жеткізуге болады деп санайды. Адамның абыройға бөленіп, көктеп-көгеруі еңбекке байланысты деген қорытындыға келеді.

Ақын жас кезінде бірнеше махаббат лирикасын жазған. Олар «Арман-ай», «Ақ маңдайлым», «Жібек көйлек» деп аталатын туындылар. Махаббат – мәңгілік тақырып. Сол себепті бұл өлеңдерден лирикалық қаһарманның сан түрлі көңіл күйі көрінсе, бірде сыпайы-сынық мінез затты қызға көңілі тояды. Ақынның жүрек лүпілі мен аңсар-арманын, сағыныштың мұңлы сазын аңдау қиын емес.

Кәсімбай Құсайынұлы – әрі лирик, әрі эпик ақын. Оның алғашқы «Өмір белестері» дастаны 1980 жылы жазылған. Шабыт шақыру түрінде айтылған «Сөз басы» деп аталатын кіріспесі бар. Осы кіріспеде «мынау менің өзім жайлы дастаным» деп ескертеді. Оқиға лирикалық қаһарманның атынан баяндалады. Ол өзінің жарық дүниеге келген күнінен бастап, белгілі өнер иесі болып қалыптасқанға дейінгі өмір жолын сол тұстағы қоғамдық-әлеуметтік шындықтармен байланыстыра баяндайды. Сондықтан шығарма жалқының өмірі арқылы жалпының басынан өгіп қоғамдық сипат алған жайлардан хабардар етеді. «Екі түрлі заманға куәгер» болған кейіпкердің өмірінде даңғыл жол бола қоймағанын да көреміз. Бір кездері козы баққан бала оқып-үйренудің аркасында өнерлі тұлғаға айналу жолы сатылап баяндалады. Дастандағы лирикалық кейіпкер – халық өкілі. Ол үнемі жетілу, өсу үстінде көрінеді. Бірде Толы партизандарының құрамында гоминдан өкіметіне қарсы күреске қатынасады. Халықтың бостандығы үшін күреседі. Көкірегі ояу, көзі ашықтарды «жау» санайтын кезді де басынан өткереді. «Көрінді көзі ашықтар жау саналып, жүретін надан ғана дәу саналып», – деуі шынайы сөз. Өйткені «шаш ал десең, бас алатын» ұр да жықтардан шолақ белсенділердің көп шығатыны белгілі. Ақынның меңзеп отырғаны – осы. Лирикалық кейіпкер «алыстап бой жасырдым елден кетіп» деп ағынан ақтарылады. Әлеуметтік өмірдегі теңсіздікті айтқаны үшін осындай күйге душар болады. Дастанның «Өмір белестері» деп аталуы кездейсоқ емес. Шығармада лирикалық кейіпкердің өмір жолы кеңінен қамтылып, елеулі оқиғалармен қос өрім тарта суреттеледі. Объективтік шындықпен бірлік тауып отырады, сондықтан дастанда ғұмырнамалық деректер жиі ұшырасып отырады. Бұл

туындының шынайылығы мен тәрбиелік мән-маңызын арттыра түседі.

Ақынның екінші дастаны «Өгей ғарып» деп аталады. Шығарма шағын, негізгі кейіпкер – Тауасар есімді шал. Көп сөйлемейтін тұйық, өзімен өзі болатын шалдың туған жері, яғни ата қонысы – Семей өңірі. Басқа елден бас сауғалап еріксіз келгендіктен, ешкімге тіл қатып, тіс жармайтын, көбіне іштен тынады. Қыстың боранды бір күні Тауасар бір қоржаға (селоға) зорға жетеді. Ауру меңдеткен қызы қайтыс болып жалғыз қалады. Тірі жан тірлігін істеп жүріп жатады. Кейінірек жағдай тағы өзгереді. «Мәдениет төңкерісі» кезінде жазықсыз жазаланады, бүкір болып қалады. Ауыр еңбекте жүрген бүкір шал мен ақын бір күні оңаша қалады. Тауасар өзінің ішкі сырын ашады.

Мың тоғыз жүз он алтыншы жыл екен,
Ел жайлауға қонған күннің түні екен.
Сүркейлі үндер естілгенде жаңғырып,
Ұйқы қашып ойсырады гүл мекен, –

дейді. 1916 жылы бүкіл Орта Азияны шарпыған ұлт-азаттық көтерілісі кезінде Тауасар бас сауғалап шекара асуға мәжбүр болады. Атамекенін тастап босқын болу себебін ақынға баяндап береді. Он алтыншы жылы патша өкіметінің жазалаушы әскерлерінің қырғындауына ұшыраған қаншама қазақтар көршілес елге ауып кеткенін тарихи құжаттар да растайды. Солардың бірі – Тауасар. Түйіндей келгенде, К. Құсайынұлының дастандары шытырман оқиғаға құрылмаған. Кейіпкерлердің ширыққан тартыстары да жоқ. Осыған қарамастан заман – кезең шындығы көрініс тауып отырады. Ақын алғашқы шығармасында лирикалық қаһарманның, екінші дастанында Тауасар тағдыры арқылы белгілі бір кезеңдегі әлеумет өмірінің шынайы болмысын бейнелейді.

Кәсімбай өлеңді жазып та, суырып салып та шығарған. Ақынның бірнеше айтысы бар. Олар: Кәсімбай мен Гүлғайшаның, Кәсімбай мен Зылиханың, Кәсімбай мен Айжәміштің, Кәсімбай мен Мұрын келіншектің айтыстары. Бұл айтыстардың бір ерекшелігі Кәсімбаймен айтысқан келіншектердің (Гүлғайша, Зылиха, Айжәміш, Мұрын келіншек) – бәрі де нағыз төкпе айтыс ақын екендіктері бірден аңғарылады. Өйткені айтыс көпшіліктің көз алдында өтетіндіктен ақындардың ойы ұшқыр, қарсыласына қолма қол тапқыр жауап айта алатын қабілет-қарымы болуы шарт. Осындай ерекшелік бұл айтыстарда сақталған. Кәсімбай ақын келіншектермен өзі іздеп барып айтыспаған. Кездейсоқ кездесіп қалып өнер сайысына түседі және айтысты көбіне келіншектер бастаған. Себебі Кәсімбайдың мысын тездетіп басуды ойласа керек.

Алайда, оның да оңай олжа бола қоймайтын ақын екенін мойындайды. «Бой беретін еместей бірме-бірге». Сондықтан айтысты тоқтатуға ұсыныс жасайды. «Ертедегі ақындар айтысында өз елдерін мақтасу, байлығын, мықтылығын айтысу дәстүрі» (М. Әуезов) бойынша Гүлғайша Кәсімбай елінің тұрмыс-салтын сынға алады. Кейде кемсіте сөйлеу де болмай қалмайды. Былайғы уақытта айтыла бермейтін ащы шындықтар айтыс үстінде айтыла береді. Бұл – қарсыласын тоқтатудың бір тәсілі. Бұдан шығатын қорытынды сол – Кәсімбай Құсайынұлы XX ғасырдағы айтыс өнерінің дамуына айтарлықтай үлес қосқан талант иесі.

Көшпелі өмір салтына сәйкес рухани қажеттіліктен туып, ұлттық мәдениетімізді қалыптастыруда өлшеусіз үлес қосқан адамдар сал-серілер екені белгілі. Мәселен, Біржан, Ақан, Жаяу Мұса, Мұхит, үкілі Ыбырай, Балұан Шолақ, Дәурен сал, Иманжүсіп, Әсет, т.б. өнер иелері. Кәсімбай да осылардың өнерінен, дәстүрінен үйренген, дамытқан. Арыдан тамыр тартатын бұл өнер халық өмірінде ерекше мәнді болған. Бір адам бірнеше өнер иесінің міндетін атқарып, көптің ерекше ілтипатына бөленген. Аталған сал-серілердің көбі дәулетті адамдар болса, Кәсімбай жас кезінде жоқшылықтың тауқыметін көп тартады. Ол соңғы кездері жақсы ат, қыран құс, тұзу мылтық ұстап ойын-тойдың көркіне айналады. Кәсімбай – өзі шығарып, өзі орындайтын екі жүзден астам ән-күйлері бар белгілі композитор. Халық және сал-серілердің әндерін тамаша орындайтын асқақ үнді әнші, шебер күйші болған. Өлеңді жазып та, төгіп те шығаратын талантты ақын. Ол – көптеген қисса-дастандарды («Жамсап», «Марғұзар», «Түсіпқан», «Тәуке батыр», «Еңлік – Кебек», т.б.) жатқа айтатын жыршы. Сонымен бірге 1953-1954 жылдары түсірілген «Хасен – Жәмила» фильмінде Досбол ақынның образын сомдаған танымал актер. Тіпті цирк өнерін де жетік меңгеріп, шауып келе жатқан аттың үстінде неше түрлі ойын көрсетеді. Сондай-ақ, көптің көз алдында екі аяғына бақан байлап жүгіру, екі қолымен шеңбер жасап дөңгелеу, жалғыз бақанның басына өрмелеп шығу сияқты ойындарды да еркін орындайды. Кәсімбай – бүкіл саналы ғұмырын өнер жолына арнап, көптің құрметіне бөленген нағыз сегіз қырлы өнер иесі. Мұндай әмбебап өнерлі тұлғаның тұғыры биік, ғұмыры ұзақ болмақ.

Талантты ақын Таңжарық Жолдыұлы Қазақстанда бірнеше жыл тұрған. Жер көріп, ел аралаған, білімін жетілдірген. Сонымен бірге Ахмет, Міржақып, Абай, Шәкәрім, Ыбырай, Сұлтанмахмұт қатарлы ақындардың шығармаларымен танысқан. Мұның бәрі де жас Таң-

жарықтың білімін тереңдетіп, таным-түсінігін кеңейте түскен. Халқының қамын ойлайтын күрескер ақын ретінде қалыптасуына әсер еткен. Өзінің «Ақын сыры» атты өлеңінде былай дейді:

Ахмет, Абай, Әсет, Міржақыптар,
Жетпейді оған жисаң мың баланы...
Сөздері басқа ақынның маған мәлім
Құрт салған шайдай іріп былғанады.
Бәрін де Абай сөзі басып түсер
Бір парша шеттен алып қырнағаны.

Ақынның үндестік тауып, үлгі алған өнерпаздарының кімдер екенін бірден аңғаруға болады. Танжарық өзі атаған адамдардың мұраларымен жақсы таныс болған. Олардың шығармаларын үлгі тұтқан, тіпті кейбіреулерімен тағдырлас болған. Осылардың ішінен Абайға ерекше назар аударады. Оның ұлы ойшыл, дара тұлға екенін жазбай таниды. Сондықтан Абай өлеңдерін жасынан оқып, нәр алуға тырысқан. Оның мұрасын үлгі тұтқан. «Бәрін де Абай сөзі басып түсер» деп жоғары баға беруі осыны аңғартса керек.

Танжарықтың бірнеше туындылары Абай өлеңдерінің ықпал-үлгісімен жазылғанын аңғару қиын емес. Атап айтқанда «Тірлік мысалы», «Жігіттерге», «Бір талап», «Ой толғау» қатарлы өлеңдерінен Абайдың «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым», «Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман», «Бір дәурен кемді күнге бозбалалық» т.б. өлеңдеріндегі ой тереңдігі, ел мен жер, адамгершілік жайындағы толғаныстар Абай үлгісі екенін айтуға болады. Абай бір өлеңінде жастық шақтың қадірін білуді, көрсе қызарлық жасамауды ескертеді. Ескі ауылдағы қызға қырындауды «жігіттік өнер» деп білетін ұғымға қарсы пікір айтады. Жар таңдауда жаңылмауды аңғартады:

Көріп алсаң көріктіні,
Таңдап алсаң тектіні,
Сонда көңіл толмай ма?
Егер адал жүргенде
Тіпті жолың болмай ма? (1, 11 б.). –

деп сүйіспеншілік сезімінің тазалығын талап етеді.

Осындай ойды Танжарық ақыннан да көреміз. «Жастық баста бар кезде» өлеңінде жаңылыс басып, жаңсақ кетпеуді қозғайды.

Екі жаман қосылса,
Бір-біріне қортандап,
Күңкіл, керіс тынбайды.
Екі жақсы қосылса
Қас-қабағы жарасып,
Жабырқап сағы сынбайды.

Ақынның «екі жақсы» деп отырғаны Абайдың жоғарыдағы айтқан «көріп алған көрікті мен

таңдап алған тектісін» еске салып тұрғандай. Екі ақын да көзжұмбайлықтан сақтандырып, азаматтың көңілі толып, сағы сынбай жүру үшін жақсы адамнан қапы қалмауды ескертеді.

Танжарық мұрасының ішінде «Ой толғау», «Шын тілек» деп аталатын туындыларының орны бөлек. Ақын Абай, Ыбырай, Ахмет, Міржақып, Шәкәрім сынды ел ардақтыларының өркениетті ел болуға шақырған шығармаларын атайды. Халықты оятып, оқуға, еңбекке, береке-бірлікке үндеген ұлағатты сөздерін алға тарта отырып, іргелі ел болуға назар аударады. Сахарада бейғам жүрген халықтың әрекетіне көңілі толмайды. «Ой толғауда»:

... Бақ қайтып, ырыс өліп, сыр жеңгенде,
Қапыда қалар басың қамаланып.
Ішкенің у, жегенің заһар болып,
Жүрекке күнде қайғы жамаланып, –

деп елдің мүшкіл халіне налиды, әрі наразылығын да ашық білдіреді.

Ұлы Абай және оны үлгі тұтқан Танжарық екеуінің өлеңдеріне тән бір ерекшелік – сыншылдық пен сыншылдық сипаттың басым екендігі. Себебі, екі ақын халықтың болашағына көз салады. Абайдың «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» деп ағынан ақтарылған жан күйзелісін айқын білдіргеніндей, Танжарық сол тұстағы халықтың хам-харекетін айтып ой толғайды. Бодандық бұғаудың қырсық-сорын жете ұғынған Танжарықтың қиналысынан осыны аңғаруға болады. Абай өлеңдері ақынның көңіл қалауын дөп басқандықтан көптеген туындыларында ой жарыстыра үндесіп отырады. Абайдың «жақсы менен жаманды айырмадың» деп кейістік білдіретіні бар. Бұл – ұлт қамы үшін айтылған сөз. Сонда қазақ жақсы мен жаманды неге айырмайды? Өйткені «өз қолынан өз биігі кеткен» заман еді. Бұл мәселе Танжарықты да толғандырмай қоймаған.

Бүгінгі естігені ертең ұмыт.
Миына бір орнығып қалған емес.
Өтірік, мақтан, өсек, айла-қулық
Жолында жағы шаршап талған емес, –

деген жолдары адам бойынан кездесетін жиіркенішті кемшіліктерді санамалап көрсетеді. Мұндай теріс мінез-қылықтан аулақ болуды қадап айтады. Бұл сөз халық тағдырына да қатысты. Ақын айтқан сөзді құлағына ілмейтін парықсыздыққа қарсы. Себебі отарлық билік елдің бірлігін бұзды, мінез-машығын өзгертті. Өтірік, мақтан, өсек, айла-қулыққа келгенде алдарына жан салмайды. Қара бастарының қамы үшін осындай жағымсыз іс-әрекеттерді қалыпты іс деп ұғады. Сондықтан ақын халықтың сана-сезіміне әсер етіп ойландырмақ болады. Абай да

жоғарыдағы аталған жаман әрекеттерге (өтірік, мақтан, өсек, айла-қулық, т.б.) ерекше назар аударып, «бес дұшпан» деп қарағаны белгілі.

Отарлық заманның барлық кесір-кесапатын мейлінше шынайы бейнелеген кемеңгер ақынның кенеулі ойын Таңжарық та өзінше ұғынады, тәлім алады және ашына да ашық айтуға ұмтылады. Ұлт ақыны болған Таңжарық қазақ халқының қамы үшін қалам тартып, сөзін соларға бағыштауы, сөз жоқ, Абай өнегесі деп ұққан жөн. Мәселен,

Қақсаған халық үшін толып жатыр,
Ешкімге ұғымы жоқ жел не деген!
Неткен ел ойы сұйық, қарпуы жоқ
Иілмей қатып қалған бел не деген.
Айырып дос пен қасты танымайды
Көр қылып көзін басқан шел не деген.

Бұл – бүкпесіз көңілден туған ой. Басқаға бағынышты болып бейғам жүрген халықтың бір байламға келмейтін енжарлығына реніш білдіреді. Мұнымен ғана тынбай «ойы сұйық, қарпуы жоқтардың» санасына саңлау түссе деп тілейді. Сондықтан шындықтың бетін ашып, бұғалықтан құтылудың жолы халықтың өз әрекетіне байланысты екенін ұғындырады. Ақын өз кезіндегі халқының әлеуметтік тұрмыс-тіршілігін барынша шынайылықпен бейнелей білді. «Дос пен қасты» айырмаған елінің бейғамдығын көрсете білетін деңгейге көтерілу, халқының кіріптар тірлігіне қамығу Абай кемеңгерлігінің ықпалы екені аян.

Таңжарықтың табиғат тақырыбына жазған бірнеше өлеңдері бар. Абайдың шығармашылық әлемінен қанаттанғаны оның «Жаздың бір күні», «Көктем мысалы», «Тау табиғаты» қатарлы өлеңдерінен не анық аңғарылып тұрады. Абайдың әйгілі «Жазғытұры» өлеңінде:

Күн – күйеу, жер – қалыңдық сағынышты,
Құмары екеуінің сондай күшті, –

десе, Таңжарық «Жаздың бір күні» деп аталатын туындысында:

Сығалап босағадан жымың қақты,
Күйеудей қайынына келген ұрын.
Шықпенен бетін жуып, жер түрленіп
Күтінді қалыңдықтай күні бұрын, –

дейді. Екі ақын да күнді күйеуге, жерді қалыңдыққа балайды. Табиғаттың түлеп-түрленетін малға да, адамға да жайлы көтеріңкі көңіл сыйлайтын көктем мезгілін суреттейтін өлеңдерінен де ұқсастық байқалмай қалмайды. Әрине, алдымен Абай айтады. Ұлы ақын туындысын оқыған соң Таңжарық та «өзінше» айтады. Бірақ бұл – Абай үлгісі.

Тағы да салыстырып көрейік:

Кемпір-шал шуақ іздеп, бала шулар,
Мал мазатсып, қуанып, аунап-қунар.
Жыршы құстар әуеде өлең айтып
Қику салар көлдегі қаз бен қулар.

(Абай)

Болмаса:

Құс сайрап, бие байлап бозбалалар,
Алысқан аударысқан, қуып құлын.
Қолында ақ таяғы мал қайтарып,
Шетте жүр ақсақалдар анағұрлым.

(Таңжарық)

«Адамзаттың көңілі өсіп көтерілетін» көктемді екеуі де қазақ ауылының өмір-тірлігімен қабыстыра бейнелейді. Белгілі бір мезгілдің өзіндік белгі-бедерін де дөп басып көрсетеді. Бұл өлеңдердің де рухтас-ыңғайлас екені аңғарылып тұрады. Енді бірде Абай:

Түйе боздап, қой қоздап қорада шу,
Көбелек пен құстар да сайда ду-ду, –

деп жырласа, Таңжарық та Абайша айтуға ден қояды.

Қой шулап, қозы маңырап, сиыр мөңіреп,
Беймаза ауыл сырты ырың-жырың, –

деген тармақтардың үндестігі жоқ емес. Абай көктемнің жанға жайлы шуағын «Қара тастан басқаның бәрі жадырап» деп бейнелесе, Таңжарық та «Жалғыз-ақ жібімеген бір кара тас» деп түйеді.

Екі ақынның көктемнің жайындағы өлеңдері ғана бірлік тауып отырмайды. Таңжарық табиғат туралы жазған басқа шығармаларында да Абайға ден қоятындығы байқалады. Абайдың М. Лермонтовтан аударған «Теректің сыйы» өлеңінен мынадай жолды оқуға болады:

Асау терек долданып, буырқанып,
Тауды бұзып жол салған тасты жарып.

Ал, Т. Жолдыұлы «Тау табиғаты» өлеңінде:

Жол салып, тауды бұзып, тасты жарып,
Долданып ашулы су шыпшып аққан, –

деп бейнелеуі тегін болмаса керек. Бұл Абайша жазу десек артық болмайды. Абай мен Таңжарықтың жаз кезіндегі қазақ ауылының екі сәтін суреттейтін өлеңдері бар. Абай жайлауға қонып жатқан ауылдың қарбалас қимыл-әрекетін қапысыз көрсетеді.

... Шұркырап жатқан жылқының
Шалғыннан жоны қылтылдап.
Ат, айғырлап, биелер
Бүйірі шығып, ыңқылдап...
Қыз-келіншек үй тігер
Бұрала басып былқылдап, –

деп суреттейді. Таңжарық та жайлауға көшіп жатқан ауылдағы абыр-сабыр тірлікті көз алдына әкеледі. Ақындар өмір құбылысының бір мезеттік сәтін тартымды бейнелеген.

Бозбала жылдам, жылпың қызбаланып,
Шешініп жүк артысып қимылдасып.
Шуласа қорада қой, сыртта сиыр
Желіде айғыр-бие қыңқылдасып.

Осы өлеңдердің тақырыптық жағынан да, жекелеген тармақтары жағынан да орайластығы байқалады. Мұның өзі де ұлы Абайдан Таңжарықтың үйренгені, одан үлгі алып, шеберлігін шыңдағаны хақ.

Абайдың аңғарғыш жанары кейбір адамдардың бойындағы міндер мен ел билеушілердің тойымсыздығын әртүрлі көркемдік тәсілдер арқылы батыра сынап, олардың жағымсыз бейнесін мүсіндегені белгілі. Мәселен, «Болыс болдым мінеки», «Мәз болады болысың», «Жақсылыққа», т.б. өлеңдерін атасақ та болады. Бұл жағынан келгенде Таңжарық та осындай тәсілді қолданған. Ақын кейбіреулердің мінін астарлап айту арқылы келемежге айналдырса, кейбір адамдардың шымбайына батыра мысқылға айналдырады. Бір мысал келтірейік: «Сатылған зеңгіге» атты өлеңінде:

Сатылған, екі бетің шұбар едің,
Ел жеуге ежелден-ақ құмар едің.
Албанды екі жүздей жеп тауыссаң
Бәтшағар, сонда ғана тынар едің!

десе, тағы бір өлеңінде:

Қызайда Дарубайдың ат-әруағы,
Жайылған сөзінің көп мақал жағы.
Сүртіден отыз ауыл, тоқсан қара
Бар екен тартып алған шатақ жағы.
Кедейге жаны ашыған адам емес
Басым-ақ мінезінің қатал жағы, –

деп атқамінерлердің (Сатылған, Дарубай) іс-әрекетін тайға таңба басқандай тура айтып, ащы ажуаға айналдырады. Екі әкімнің қылығын мәймөңкелемей тіке мінеп масқара етеді. Ақалақшы-зеңгі болып мәнсапқа басы айналғандарға көңілі толмайды, олардың адамгершілікке жатпайтын істерін беттеріне басады. Бұл тараптан келгенде тағы да Абаймен қабысатын тұстары бар екенін көреміз.

Қорыта айтқанда, Таңжарық шығармаларының ағартушылықтан азатшылдыққа бағыт алып, идеялық-эстетикалық жақтан тереңдеуіне өлең өрнегінің түрленіп, дүниетанымының кеңеюіне Абай бастаған өнерлі шоғырдың үлгі-өнегесі аз болмаған. Шыңжан өлкесіндегі қазақ әдебиетінің қалыптасып дамуы жолында қалам тартқан ақындардың кемелденіп, рухани жетілуіне тірек болған бұлақ көздің бірі – Абай мұрасы. Кезінде Абай мұрасы ата жұрттан тысқары тұратын қазақ қауымына да кең тарап үйретер үлгі-өнегесі, ғибрат-тағылымы аз болмаған.

Әдебиет

1. Кәсімбай шығармалары. – Үрімжі, 2010. (Мақаладағы барлық өлең үзінділері осы кітап бойынша берілген).

Б. Егембердиева

САРБАСТЫҢ АҚЫНДЫҒЫ ТУРАЛЫ

Аннотация. Мақалада қарастырылатын мәселелер. Сарбас Майкөтұлының шығармашылығы. Ақындық айтыс. Сарбастың ақындық айтыстары. Ақындық шеберлік. Ақынның көркемдік бейнелеу құралдары. Тірек сөздер: Сарбас, шығармашылық, айтыс, ақындық, шеберлік, көркемдік, бейнелеу құралдары.

Б. Егембердиева

О ПОЭТИКЕ САРБАСА

Аннотация. Вопросы, рассматриваемые в статье. Творчество Сарбаса Майкотулы. Поэтическое состязание (айтыс) Сарбаса. Поэтическое мастерство. Художественно-изобразительные средства поэта. Ключевые слова: Сарбас, творчество, поэтическое состязание, поэтика, художественность, изобразительные средства.

В. Egemberdieva

ON THE POETICS OF SARBAS

Abstract. The issues dealt in this article. Creativity of Sarbas Maikotuly. Poetic contest (aitys) of Sarbas. Poetic skill. Artistic and graphic tools of the poet. Keywords: Sarbas, creativity, poetry contest, poetics, artistry, fine arts.

Мақалада Сарбас ақынның жыр сайыстарында пайдаланатын тәсілдері, туындыларының көркемдік ерекшеліктері қарастырылды.

Н. Назарбаев [1], С. Бегалин [2], С. Садырбаев [3], М. Жолдасбеков, Н. Төрөқұлов [4], Б. Абылкасимов [5] еңбектерінде негізделген тұжырым-

дар Сарбас Майкөтұлының ақындық өнерінің басты деген ерекшеліктерін анықтауға бағыт-бағдар сілтейді.

Халық әдебиетінің бастау, бұлақтарынан өнеге-тәлім алған, оның сан-салалы құбылыстарын жете түсінген, сөз өнеріндегі көркемдік өрнектерді жетік меңгерген Сарбас – дәстүрлі ақындық поэзия мен халық әдебиетінің көркемдік бейнелеу құралдарының озық үлгілерін шығармаларына көркемдік құрал ретінде молынан қолдана білген шебер ақын.

Айтыс – сан жүйрік бақ сынайтын жыр тартысы, сөз бәсекесі. Жарапазан, жар-жар айтып ауызданған жас талап бара-бара ауылдың алты ауызына жарап, қыз-жігіт қағысуына араласады. Алтыбақан, бастаңғы, қыз ұзату, шілде-хана сияқты ірілі-ұсақты жиын-тойларда көзге түсіп, ащы терінен арылып, алқалы топ, ұлы жиындарға жолдама алады. Жүзден-жүйрік, мыңнан-тұлпар шығатыны тәрізді жаңағы сатылардан сүрінбегендері ғана үлкен ақындар айтысында бақ сынайды. Импровизаторлық дарын ақынға тумысынан берілетін табиғат сыйы болғанмен, маңайындағы айтыскерлерден үйренуге, талмай іздену арқылы айтысқа төселу – ақын үшін шындалу сатысы. «Бұл қасиет оңай орнамайды, ол шын ақпа ақын өнеріне бейім болған күннің өзінде де ұзақ сонар жол кешіп, сан сайыста сілкісе жүріп сан рет жаға жыртып, тон тоздырып барып келеді», – дейді М. Әуезов. «Айтыс туралы» мақаласында С. Мұқанов та осындай тоқтамға келеді. Қуандық, Қалмырзамен айтыстарындағы көркемдік биікке Сарбас осы сатылардан өткен соң жеткен. Сарбас сондай кездесулерден мол тәжірибе жинақтап, жыр жарыста озып шығудың сан қырлы айла-тәсілдерін үйренді. Әрине, айтыс өтетін ортадағы тыңдаушылардың екі ақынға да қатыстылығы, жікке бөлінген жанашыр екі топтың арасындағы психологиялық тартыс айтыс тағдырына өз әсерін тигізері анық.

Айтыскермен талай айтыс-тартыста қатар жүрген Сарбастың да жеңіс тұтқасы есебіндегі оңтайлы тәсілдерді үнемі ескеріп отырғанын көреміз. Қожамберлінің үйінде өзін құдды туған аулында жүргендей сезініп, би-болыстардың арасында еркін отырады. Бөтен ел, қалалы жерде жүргені шабытын жанығандай, айылын жинауды да білмейді. Тіпті қызған сайын үдей түседі. Мұндай ақындық мінез Алматыда өткен Әбділданың асында да, Қалмырзамен айтысатын қазақ-қырғыз бас қосқан жиында да сақталады. Солардың бәрінде Сарбас батылдық, жігерлілік, тапқырлық, төзімділік секілді қасиеттермен ерекшеленеді.

Сарбастың айтыста жиі қолданатын әдістерінің бірі – елінің, жерінің, игі жақсыларының

байлық, салтанатын дәріптей отырып, аз аталы, әлсіз рулардан шыққан ақындарға сес көрсетіп, бетін қайтару. Жамбылмен айтысқанда бұл тәсіл ерекше орын алған. Ақындардың ортаға салар адамдары – Оңтүстікке, Жетісуға белгілі игі жақсылар. Сол себептерден де айтыс үстінде жалған айтып жалтарудың мәнісі жоқ. Кейде шалқыған шабыттың әсерінен белгілі арнадан ауытқып жатса, қарсыласы оны түзеп отырған.

Қарсыласының осал тұстарын ілгерідегі тарихпен қабыстыра отырып бетке басу – айтыскер ақындардың бәріне тән тәсіл. Бар саналы ғұмырын айтысқа бағыштап, әбден ысылған Сарбас секілді әккі ақындар ғана мұндай тұзақты жырақтан байқап, айналып өткен. Айтыста жеңу үшін бар күш-жігерін сарқа пайдаланатын Сарбастың өнер шеберінде мұндай айла-тәсіл аз болмаса керек. Қазақ жеріндегі сұрампаздықты сынап, қарсыласының қытығына тиетін мін тағу айтыс ақындарының шығармашылық тәжірибесінде мол кездеседі. «Жанақ пен Түбек», «Сақау мен Орынбай», «Шөже мен Кемпірбай», «Орынбай мен Шортанбай», «Әсет пен Кәрібай» айтыстарында мұндай сарындар көптеп саналады.

Сарбас қай ақынмен жыр тартысына түссе де ұшқыр ойды көркем тілмен безендіре, түрлендіре, сәндендіре құлпыртып, қарсыластарының ұрымтал тұсын дөп басады. Әріптесінен өзін қашан да биік санап, оның ақындығына шүбә келтіргендей сынай танытады. Томағасын сыпырғанда, көзіне қызыл ілінген тау қыраны секілді қарсы ақынға бірден шүйлігіп, адымын аштырмауға тырысады. Сөзінде өрлік, үстемдік басым. Көп жерде елінің төрт түлік мал мен шұрайлы қонысқа бай екенін айтады, қарсыласының кедейлігін бетіне басып, мысқыл, кеке-сінге айналдырады. Ол талай жыр жекпе-жегінде уәжді мәліметті қалқан етіп, сөз семсерін батыл қолданудың арқасында дегеніне жетіп отырған.

Ақын барлық айтыстарында, толғаулары мен арнауларында: «Ішінде Қасқараудың Сарбасы мен...» немесе «Атандым Ұлы жүздің мен Сарбасы...» деген жолдарды жиі қолданады. Мұның мәнісі – біріншіден, өзінің түп-төркінін, қай елдің, рудың, атаның атынан сөйлейтінін нақтыласа, екіншіден, қарсыласының бірден мысын басу мақсатында пайдаланатын тәсілі болса керек.

Жамбылмен кездесуінде: «Албан, суан о дағы, Жарықшақтың баласы», – деп Жетісуда қоныстанған бірнеше тайпаның барлық рулардың атынан сөйлейді. Ал қырғыз Қалмырзамен айтысында сегіз жұмбаққа жауап беріп, бүкіл қазақ халқының атынан түйінді пікір айтады. Бұдан: Сарбас–дулат–албан–суан–қазақ болып жалғасатын жүйе түзелетінін аңғаруға болады. Сонда ақынның өзіндік «мені» ру, тайпа, қауым,

ұлт ұғымдарымен астарласып жатады. Осылардың әрқайсысының атынан сөйлеу арқылы біртіндеп ұлттық деңгейге көтеріледі. Халықаралық дәрежедегі мұндай айтыстарға Сүйінбай, Шөже, Жамбыл, Әубәкір, Нұржан, т.б. ақындар қатысып, қазақтың намысын қорғағаны белгілі. Сарбас солардың сорабынан табылады.

Сарбас жыр тартыстарында өз қарсыластарының мысын басу үшін не бір ұтқыр ой, бейнелі образдарды, көркем де өрнекті ұйқас, шумақ, тармақтарды орынды пайдаланғаны аңғарылады. Ақын халық поэзиясының кәусәр бұлағынан күш-қуат алып, өрліктің, іріліктің, парасаттылықтың нышандарын бойына сіңіреді. Оның шығармашылығында бейнелеу құралдарының барлық түрлері кездеседі десе де болғандай. Әсіресе эпитеттің түрлері жиі ұшырасады.

Сарбастың даралық «менінде» де өзіндік ерекшеліктер аз емес. Ол атакты ақындармен сүре айтысқа түскенде өзінің жеке қасиеттерін ерекше сезінеді. Өзінің көпшіліктен бөлек тұлға екенін айрықша түсінеді және осының бәрін сырлы сөзбен, айшықты теңеулер мен метафоралар арқылы жеткізеді. Нақтылап айтқанда, Жамбылмен айтысында осындай мазмұнына көркемдігі сай тармақтар қолданысқа жиі түседі: «Көптігіме қарасаң, Тастаса ине жерге түспейді» немесе: «Бақ пен қыдыр басынан, Сабаса да кетпеген», т.б.

Сарбас өзін жыр әлеміндегі желмен жарысқан сәйгүлікке балау [оша шапқан тұлпар, топ бастаған жүйрік, т.б.] арқылы халық поэзиясындағы тұрақты метафораларды, әсіресе, күрделі метафораларды туындыларына шебер пайдаланады. Мұндай үрдіс – Сарбас заманындағы атакты айтыс ақындарында жиі кездеседі. Ұшығына жетпейтін асыл арман, тәтті қиял, ұшқыр ойға қазақ «көңіл-көк дөнен» деп бір-ақ ауыз сөзбен байлам жасаған. Ал ақындар болса шалқыған шабытын тұлпардың шабысына, арғымақтың қарышына, жорғаның шалысына салғастыра бейнелейді. Бұл жайт Сарбастың Жамбылмен айтысында жүйелі сипатқа ие болады.

Ақынның шығармашылығын әсерлі айшықтармен ажарлай түсетін метафоралардың бір бөлігі бұлбұл құсқа қатысты. Мысалы, Жамбылға қаратып: «Бұлбұл құстай сайраған менің тілім» деген кестелі тіркестерді пайдаланса, «Домбырасымен қоштасуында» төмендегідей нәрлі тармақтар қолданылады: «Қош енді аман болғын, қайран елім, Бұлбұл боп талай топта сайрап едім», т.б. Қазақ ұғымында бұлбұл эпитеті – адамның сұлулығына, адамзаттың жан дүниесін баурап алатын әншілігіне, ақындығына, жыршы-жыраулығына қатысты айтылатын бейнелеу құралы. Ондағы образды, астарлы мағынаны айқындар болсақ, әріптесіне деген

ауыр мысқыл, зілді кекесін жатқандай. Екіншіден, бұл метафоралық тіркестерде ақынның көркемдік ойлау санасының тереңде жатқаны айқын аңғарылады. Сарбастың өзін-өзі көтермелей сөйлеуі заңды да. Өйткені жыр жарысында талай мықты айтыскерлерді сөзден жыққан адуынды ақын ешкімнен де тайсалмақ емес.

Арнау, толғауларында адамның моральдық қағидаларына байланысты туындаған «Қатарынан бойы озған, Ақылдыдан ойы озған» деген сияқты ойлы сөздер аз емес. Осындай сөз маржандары Сарбас мұраларын түрлендіре, нұрландыра түсіп, көркемдік бедерін айқындауға септігін тигізеді. Ақындық шеберлігінің құны да сонда жатса керек. Ақын осы секілді образды, суретті сөздер тудыру арқылы халық поэзиясының көркемдік, тілдік сапасын арттырады.

Өзге замандастары сықылды Сарбастың арнау, толғаулары мен айтыстарының жыр үлгісіне құрылған тұстары жиі кездеседі. Сарбас пен Жамбыл айтысы эпикалық жыр сарынына құрылған. Әсіресе, егіз, шалыс, ауыспалы ұйқастармен ауыз әдебиеті дәстүрін дамыта, өрістете жырлау әдісінен Сарбас та сырт қала алмаған.

Сарбас айтыстарында ауыз әдебиетінде кездесетін ұйқастың барлық түрлерін дерлік қолданған. Өзипа, Тұрсынай, Саумал, Күлзипа қыздармен қақтығыстары 10–11 буынды қара өлең, кейде аралас, егіз ұйқастарға құрылған. Ал Қуандық, Қалмырза, Жамбыл ақындармен сөз бәсекелері де қара өлең, аракідік кезекті шалыс, аралас ұйқастармен аяқталған. Негізінен 3 буақты, 10–11 буынды, кейде 2 буақты 7–8 буынды тармақ, шумақтар аралас ұйқасып та отырады.

Сарбас Майкөтұлы шығармалары бейнелеу құралдарына мейлінше бай, олардың танымдық, тағылымдық, әсемдік әсері мен эстетикалық қызметі ерекше мәнді. Ол – дәстүрлі халық поэзиясының, халық даналығының інжу-маржандарын айырықша таныммен талғап-екшеп, өз туындыларында шебер қолдана білген сөз зергері. Оның ақындық даралығы бейнелеу құралдарын шашыратпай, тығыз бірлікте, поэтикалық тұтастық қалпында игера алатын зор қабілетінде жатса керек.

Ру шежіресі, ел басынан өткен қиын-қыстау кезеңдер ақын поэзиясынан тысқары қалмайды. Тарихи шындық көркемдік шындықпен аласып, жымдасып жатады. Сөйтіп айтысқа тың сипат беріп, тақырыпты жаңаша түрлендіру арқылы мазмұнын жаңғыртады. Қазақ халқы мен оның ұлан-ғайыр даласының ілгергі-бергі тарихын, мәдени-рухани, әлеуметтік-қоғамдық өмірі туралы сан-саналы мәлімет жинау, оны есте сақтаудың өзі мол тәжірибе мен асқан дарындылықты қажет ететіні сөзсіз.

Сарбас айтыстары сазды, лирикалық сезімге бай болып келеді. Сондықтан XIX ғасырдағы

іргелі айтыс ақындарын, солардың ішінде Сарбас шығармашылығын сөз өнері аясында ғана зерттеумен шектемей, синкреттік тұрғыда жүйелі қарастыру қажеттілігін айта кеткен орынды.

Әдебиет

1. Назарбаев Н. Жамбыл туралы сөз // Жамбыл туралы сөз. – Алматы, 1996. – 153 б.

2. Бегалин С. Жамбыл: Өмірбаяндық хикаят. – Алматы: Жалын, 1996. – 184 б.

3. Садырбаев С. Фольклор және Жамбыл. – Алматы: Ана тілі, 1996. – 240 б.

4. Жолдасбеков М., Төреқұлов Н. Тоқсан толғау: Деректі ғұмырнамалық эссе. – Алматы: Өнер, 1992. – 232 б.

5. Абылкасимов Б. Жанр толғау в казахской устной поэзии. – Алма-Ата: Наука, 1984. – 120 с.

Мәдени мұра

Шығыс халықтарының әдебиетінде Лұқман хакімнің даналық сөздерінің алатын өз орны бар. Лұқман хакімнің даналығы туралы Құранда айтылған. Қазақ әдебиетінде Лұқман хакімнің даналық сөздері мен өмірбаян гибраттары түрлі басылымдарда жарық көрді, бірақ осы күнге дейін толық топтастырылып, бір жүйеге түскен емес. Абай ғылыми-зерттеу институты Лұқман хакімнің даналық сөздері мен өмірбаян гибраттарын жинастырып, бір ізге түсірді. Осы жолы Лұқман хакімнің даналық сөздері мен өмірбаян гибраттарының бір топ үлгілерін журнал оқырмандарына «Мәдени мұра» айдарымен ұсынып отырмыз.

ЛҰҚМАН ХАКІМНІҢ ДАНАЛЫҒЫ

-1-

Лұқманның қабағы түсіңкі, көңіл-күйі болмай жүріпті. Соған байланысты қожайыны оның пейілінің тазалығына біртүрлі күдіктеніп қарайды. Қожайынның басқа құлдары да оны салғырттығы, жайбасарлығы, үндеместігі үшін мазақтап, келе-междеп жүреді екен. Бір күні қожайын оларды жеміс-жидек жинап әкелу үшін баққа жібереді. Құлдар жеміс-жидек жинап әкеледі. Қожайын бірнеше себет жеміс-жидектің кем екенін байқайды. Қызметші құлдар бір ауыздан жетіспеген жеміс-жидектерді Лұқманның жеп қойғанын айтады. Бұған қожайын қатты ашуланып, Лұқпанды жауапқа шақырады. Қожайын қанша ашулы болса, Лұқман сонша сабырлы болады. Сөз соңында Лұқман қожайынға былай дейді:

– Сен көмектесетін болсаң, мен бұлардың өтірігін шығарамын. Ол үшін сен жеміс-жидек жинауға барғандарымызға түгел ыстық, бірақ қайнамаған су ішкіз. Содан кейін бәрімізді ашық далаға шығарып, бір қатарға тізіп жүгірт. Өзің атқа мініп, біздің соңымыздан қалмай шоқытып отыр. Сонда шындыққа көзің жетеді.

Қожайын Лұқманның айтқанын бұлжытпай орындайды. Ыстық су ішіп жүгірген құлдардың біраздан соң мазасы кетеді. Жеген жеміс-жидектерін құсып, өтіріктері ашылады. Тек Лұқманның аузынан ғана жеміс-жидексіз таза судың өзі шығады. Қожайын Лұқманның адалдығына разы болады.

-2-

Лұқман бір саудагерде құлдықта жүреді. Саудагер Лұқманның мінез-құлқын, адамгершілігін жақсы білген соң, оған ерекше ықыласпен қарайды. Ас ішкенде, Лұқманды дастархан басына өзімен бірге отырғызып, оның табағына

астың дәмдісін салады. Егер Лұқман әлдебір тағамды жеуден тартынса, қожайын да ол тағамға қол созбайтын болады.

Күндердің күнінде үй иесіне әлдекім бір қауын беріп жібереді. Үй иесі Лұқманды шақырып, қауынды жарады. Бірінші тілімді Лұқманға береді. Лұқман қауынның тілімін өте сүйсініп, тілін бал үйіргендей рақаттанып жейді. Үй иесі Лұқманның рақаттанған күйіне сүйсініп, қауыннан тағы тіліп береді. Онан кейін тағы береді. Осылайша қауыннан бір-ақ тілім қалады. Үй иесі осыдан кейін ғана Лұқманның тілін үйірген тәтті қауыннан өзі де жегісі келеді. Қауынның қалған тілімінен бір тістегенде, үй иесінің тілі, аузы ойылып, күлдіреп қалғандай болады: қауын удай ащы екен. Тіл-аузының ауырғаны басылғандай болғанда, үй иесі Лұқманнан болған істің жайын сұрайды:

– Осынша удай ащы қауынның бір тілімінен кейін бір тілімін жеп, сонша жаныңды қинағаның не? Ащы екенін білсем, мен саған оны бермес едім ғой.

Лұқман үй иесінің сөзіне қарай мынадай жауап береді:

– Мен сенің достық мейірімінді көрдім, сенің дастарханыңнан талай тәтті дәм таттым. Мына қауын ащы болғанмен, оны беріп отырған сенің қолың соншалықты мейірімді, қайырымды болды. Сенің мейіріміңмен, қайырымыңмен салыстырғанда, қауынның ащылығы не тұрады? Мейірімнен, қайырымнан тәтті нәрсе жоқ. Ол уды – балға айналдырады. Мейірімнен, қайырымнан күдіретті нәрсе жоқ. Мейірім мысты – алтынға, батпақты – баққа, өліні тіріге айналдырады. Егерде мейірімді, қайырымы болмаса, жұмақтың өзі дозақтай көрінеді.

-3-

Лұқманға бір топ қызметшілер жүгіріп келеді. Аузын ашып ұйқтап жатқан қожайынның аузына жылан кіріп кетіпті. Лұқпан түр-түсін, киімін өзгертіп, қожайын жатқан жерге келеді. Қожайынның қызметшілері үйдің жанында қалады. Лұқпан келе сала қожайынды таяқпен ұра береді. Қожайын ұйқысынан шошып оянып, қаша жөнеледі. Лұқман оны таяқтап, мәуелеп өсіп тұрған алма ағашына қарай қуады. Алма ағашының түбіне келгенде, қожайынды тоқтатып, таяқтағанын қоймай, оған жерде шашылып жатқан алмаларды жеуге бұйырады. Қожайын жерде шашылып, шірігені, шірімегені аралас алмаларды аузына тығып жей береді. Қожайынның қарны толып, жегені аузынан қайта шығып жатады. Сонда Лұқман қожайынды таяқтың астына алып, қайтадан қуа жөнеледі. Жаны көзіне көрінген қожайын қандай бәлеге душар болғанан білмей, есі шығып, безіп жүгіреді. Біраздан соң ақ тер-көк тер болып сабылады. Өті төгіліп, жеген алмасын құса бастайды. Бір уақытта құсқан алмамен бірге аузынан жуандығы білектей, ұзындығы құлаштай қара шұбар жылан түседі. Қожайынның қызметшілері жиналады. Қожайын есін жинап, өзін өлімнен құтқарған адамның Лұқман екенін көреді де:

– Лұқман, сен менің құлым емес, құтқарушым екенсің. Құдай сені маған бекер жолықтырмаған екен. Менің құлым сен емес, сенің құлың мен екенмін. Сен менің артымнан анам сияқты қуғанда, мен сенен қожайынынан қашқан есек сияқты қашыппын. О, Жаратқан, өзің кешір менің надандығымды. Өзің жарылқа мына құлыңды! – деп, Лұқманның етегінен сүйеді.

Лұқман қожайынына былай депті:

– Қожайын, сіз менің білетініме мұқтаж болдыңыз. Мен білетінімді сізден жасырмадым. Білгенімді сіздің амандығыңыздың жолына жұмсадым. Кісінің өзі білген білімінің игілігін мұқтаж адамдарға көрсетуі – екі дүниеде бірдей сауапты іс.

-4-

Лұқманның қожайыны бір күні серіктерімен ойын-сауық жасап, көп шарап ішеді. Шарапқа қызған кезінде әрқайсысы әр нәрсені айтып бәстеседі. Лұқманның қожайыны үйінің терезесінен көрініп жатқан теңізді ішіп, тауысатынын айтады. Серіктері дуылдап бәстеседі. Егер қожайын теңіздің суын түгел тауысып іше алмайтын болса, онда бар дүниесін серіктеріне бермек болады. Егер қожайын теңіздің суын тауысып ішіп қойса, онда оған серіктері өз дүниелерін бермек болады.

Таң атады. Шараптың қызуы басылады. Қожайынның ойына кешегі бәсі түседі. Аздан соң бәстескен серіктері де келеді. Қожайын Лұқманнан ақыл сұрайды. Лұқман бәстің жайына қанады:

– Серіктеріңмен не деп бәстесіп едің?
– Мына теңіздің суын тауысып ішіп қоятынмына бәстестім.
– Басқа ештеңе айттың ба?
– Жок.
– Олай болса, менің айтқаныма құлағыңды қой. Сен теңізге қара. Оған әр жақтан бірнеше өзен ағып келіп құйылып жатыр. Сен теңізбен қоса өзендерді де ішемін деген жоқсың. Сондықтан өзіңнің теңізді ғана ішетінің туралы бәстескеніңді, теңізге құйылып жатқан өзендерді ішетінің туралы айтпағаныңды серіктеріңнің есіне сал. Егер серіктерің теңізге құйылып жатқан теңіздерді тоқтатып тастаса, өзіңнің теңізді ішіп тауысатыныңды айт.

Қожайын Лұқманның ақылын тыңдап, көңілі орнына түседі. Серіктерінің жанына келіп, өзінің теңіздің суын ішуге дайындығын білдіреді. Серіктері оны дуылдасып қарсы алады. Сонда өзіне тесіліп қарап тұрған серіктеріне Лұқманның қожайыны былай дейді:

– Қымбатты серіктерім, мен сендермен мына теңізді тауысып ішетініме бәстестім, теңізді оған құйылып жатқан өзендермен бірге ішемін деп бәстескен жоқпын. Теңізге құйылып жатқан өзендердің бәрін байлап тоқтатсаңдар, мен теңізді тауысып ішіп қоюға дайынмын.

Лұқманның қожайынының серіктері мына сөзге қарсы уәж тауып айта алмапты.

-5-

Лұқман шаруаға өте тындырымды болыпты. Көктемде қожайыны оған бидай ек деп тапсырма береді. Лұқман жер жыртып, оған бидай емес, арпа екті. Арпа өсіп шықты. Қожайыны өсіп тұрған арпаны көріп, Лұқманға қатты кейіді.

– Мен саған бидай ек деген едім, менің айтқанымды орындамай, арпа егіпсің. Мұның не? – деп жекіреді. Лұқман қожайынды тыңдап болып, оған былай деп қарсы сұрақ береді:

– Арпа ексем, бидай шықпай ма?

– Арпа ексем, одан бидай өсіп шығады деп қандай адам күтеді? – деп, қожайын одан сайын ашуланады. Сонда Лұқман мынаны айтыпты:

– Олай болса, өзің біреулерге жамандық қыла тұрып, олардан өзіңе не үшін жақсылық күтесің? Жерге не ексең, соны орасың. Кісіге не істесең, алдыға сол келеді.

-6-

Лұқман мен оның қожайыны жол жүріп келе жаттады. Қожайын үлкен дәретке отыру үшін дәретханаға кіреді. Лұқман сыртта тосып қалады. Қожайын дәретханада көп отырады. Сонда Лұқман қожайынына былай деп дауыстайды:

– Қожайын, кісі үлкен дәретке отырғанда, ұзақ отырмауға тиісті.

Дәретханадан шыққан қожайын Лұқманның сөзінің мәнісін сұрайды. Сонда Лұқман мынаны айтқан екен:

– Дәретханада ұзақ отырған адамның бауыры ауырады, қан қысымы көтеріледі, тік ішегі қабынады.

Қожайын Лұқманның байымдылығына ырза болады. Оның сөзін, басқаларға да пайдасы болсын деп, дәретхананың сыртына жаздырып қояды.

-7-

Лұқманды қожайыны моншаға жұмсайды:

– Лұқман, моншада адам көп пе, аз ба – соны біліп кел.

Лұқман моншаға баратын жолға түсіп, біраз жүреді. Жол үстінде бір дөңбектің көлденең жатқанын көреді де, тоқтайды. Жолдан бұрылып шығып, анадай жерге барып отырады. Жолмен моншаға қарай адамдар өтіп жатады. Өткен адамдардың бірі жолдағы дөңбекті айналып өтеді, бірі үстінен аттап өтеді. Әлден уақытта бір кісі дөңбекті көріп кідіреді. Дөңбекті дөңгелетіп, жолдан шығарып тастайды. Сөйтіп моншаға қарай кетеді. Осыдан кейін Лұқман кері қайтып келіп, қожайынына:

– Моншада бір-ақ адам бар, – дейді.

Қожайын моншаға келеді. Ішке кірсе, адамдар көп екен. Көппен бірге моншаға түседі. Қожайын үйіне келген соң, Лұқманды шақырып алып:

– Сен моншада бір-ақ адам бар деп едің, олай болмай шықты. Моншада кісі көп екен. Бұл қалай? – деп, сөгеді. Лұқман өзінің сөзінің мәнісін былай түсіндіреді:

– Қожайын, моншаға баратын жолдың үстінде жүргіншілерге кедергі келтіріп бір дөңбектің жатқанын көрдім. Сол жерде моншаға бара жатқандарды қарап көп отырдым. Жолмен моншаға қарай өткендер дөңбекті айналып немесе аттап өтті. Күн еңкейгенде бір кісі келіп, дөңбекті жолдан шығарап тастады да, өзі ары қарай моншаға кетті. Мен адам санатына осы кісіні ғана қостым. «Моншада бір-ақ адам бар», – дегенімнің себебі осы.

-8-

Бір күні Лұқман Дәуіт пайғамбарға (с.а.с.) келіпті. Дәуіт (с.а.с.), патша болса да, бір шұғыл іспен айналысып жатыр екен. Байкаса, темірден кішкене дөңгелектер жасап, оларды бір-біріне кигізеді. Темір пайғамбардың қолында мың бұралып иіледі. Лұқман Дәуіт пайғамбардың (с.а.с.) ойын да бөлмей, жұмыстан да қалдырмай, көз алдында болып жатқан іске үн-түнсіз қарап тұра береді. Бір кезде Дәуіт (с.а.с.) барлық темір дөңгелектерді бір-біріне жалғап болып, үстіне киеді. Лұқман патшаның күні бойы қолымен жасағаны сауыт екенін көреді. Темір сауыт киінген Дәуіт (с.а.с.) Лұқманға қарап:

– Міне, енді мына киім мені қандай соққыдан да тура қалқан сияқты қорғайтын болады, – деп, өз ісінің мәнісін түсіндіреді. Сонда Лұқман Дәуіт патшаға былай деген екен:

– О, ұлы мәртебелі патшам, сен өзінді жау соққыларынан сақтайтын ғажап темір сауыт жасадың. Дегенмен сенің бойыңда одан кем түспейтін басқа да бір мықты құрал барына көзім жетті: ол – сенің темірдей берік төзімің.

-9-

Дәуіт пайғамбар (с.а.с.) Лұқман хакімнен сұрапты:

– Лұқман, сен балаңа айтқан бір ақылыңда надандардың қауымына баруға болмайды депсің ғой?

– Иә, ұлы мәртебелім. Надандар наданның сөзін айтады. Білімді адамның ондай жерге баруы қатерлі. Надандар имансыздардың сөзін айтады. Егер олар сөйлесіп отырғанда, Алланың қаһары ұрса, олар да, олардың қасындағы білімді адам да сау қалмайды.

Сонда Дәуіт пайғамбар (с.а.с.) түрегеп тұрған жерінде тізерлеп отыра қалады да, екі қолын көкке жайып, былай дейді:

– О, құдіреті күшті Алла, саған ғана құлшылық етемін, сенен ғана мейірім күтемін! Егерде мен сенің құрметті атыңды атап, ұлық сипаттарыңды айтып отырған қауымға бармай, саған құман келтіріп, күпір болған надандардың қауымына барар болсам, менің аяқтарымды оларға жеткізбей сындыр! Сенің маған берген керемет сыйың осы болады.

-10-

Лұқман хакім қолына даналық кітабын ұстап, көпірден өтіп бара жатыр екен. Алдынан Ыдырыс жолығып:

– О, Лұқман, маған Ыдырыстың дәл қазір қайда екенін айта аласың ба? – деп сұрапты. Лұқман қолындағы кітабын ашып қарап, былай деп жауап беріпті:

– Жерде де емес, аспанда да емес.

– Жерде жоқ болса, аспанда болмаса, онда ол қайда жүр? – деп, қайта сұрайды Ыдырыс. Лұқман ойланып тұрып:

– Жерде де емес, аспанда да емес, көпірдің үстінде тұрса керек, – депті. Сонда Лұқманның көрегендігіне Ыдырыстың қарсы жасар шарасы қалмай, оны иығынан салып қалса керек. Лұқманның қолында даналық кітабының аз ғана беттері қалып, көптеген беттері қолынан шығып, желге ұшыпты. Біразы көпірдің астындағы өзеннің суына түсіп ағып кетіпті, біразы тары екен акқапқа түсіпті. Содан су мен тарыға адамның денсаулығына пайдалы қасиет дарыпты. Елдің аңыздап айтуларына қарағанда, Лұқманның қолында даналық кітабы түгел болғанда, ол өлмесінің жолын табатын екен (Гордлевский).

-11-

Мен жол үстінде келе жатып, алба-жұлба киінген бір кісіні көрдім де:

– О, жолаушы, сен кімсің? – деп сұрадым.

– Адаммын, – деп жауап берді ол маған. Мен одан:

– Атың кім? – деп сұрадым. Ол:

– Өзімді қалай атарымды ойланып болғанша тоса тұр, – деді.

– Не істеп жүрсің? – деп сұрадым мен. Ол:

– Өзімді азаптан сақтап жүрмін, – деп жауап берді.

– Не ішіп, не жеп күн көріп жүрсің? – деп сұрадым.

– Ол маған нені жегізіп, нені ішкізсе, мен соны жеп, соны ішіп жүрмін, – деді ол. Мен:

– Ол сені қайдан тамақтандырып жүр? – деп сұрадым. Ол:

– Қайдан қаласа, содан, – деп жауап берді.

– Мұратыңа жет!, – дедім мен.

– Мұратыңа жетуіңе саған кім тыйым салды? – деп сөзін бітірді ол.

-12-

Лұқман хакім патшаның ғұламалары мен хакімдерінің жиынына барып, төмендегі орындардың біріне жайғасады. Патшаның қойған әр сұраққа ғаламдар мен хакімдер түгел жауап беріп жатады. Лұқман да жауап береді. Бірінші жолы патша Лұқманның жауабына қанағаттанып, оны бір саты жоғары отырғызады. Келесі сұрақтың жауаптарының ішінде тағы да Лұқманның жауабы жақсы болып шығады. Патшы оны тағы бір саты жоғары отырғызады. Келесі жолы да осылай болады. Ақырында, Лұқман патшаның қасынан орын алады. Жиналыс біткен соң, патша ғалымдары мен хакімдеріне дастархан басына алып барады. Ғаламдар мен хакімдер кезегімен шарап кесесін ұстап, ғибратты сөз айтады, шараптан ішеді. Кезек Лұқманға келгенде, ол:

– Жоғары мәртебелі патшам, егер рұқсат етсең, бір ауыз сөз айтайын? – дейді.

– Айтқың келген сөзіңді айт! – дейді патша.

– Жоғары мәртебелім, Алла сіздің бағыңыз бен бақытыңызды асыра берсін! Алдыңызда тұрған пендеңіздің бүгін сіздің ғұламаларыңыз бен хакімдеріңіздің кеңесінде аңғартқан аз ақылын көптей көрдіңіз, белгісіз атын белгілі еттіңіз, қадірсіз басын қадірлі еттіңіз, көксеген мұратына жеткіздіңіз. Енді осы жақсылығыңыздың жоқ қылып, өзіңіз көптей көрген аз ақылымды одан сайын азайта көрмеңіз деп жалбарынамын. Өйткені мен мына шарапты ішетін болсам, аз ақылым ада болады, белгісіз атым біржола өшеді, қадірсіз басымның қара бакырлық құны қалмайды, көксеген мұратым күл болып ұшады. Егер ұлы мәртебелі патша өзінің терең ақылы мен мол қайырымының арқасында алдындағы мүсәпір пендесіне жасаған жақсылығын артық көрмесе, онда оның игілігін ұзарта түссе екен деп тілеймін.

Патша Лұқманның мына сөзін естіп, разы болады. Қасына отырғызып, құрмет көрсетеді. Астына ат мінгізіп, үстіне шапан жабады.

Лұқманның абыройы асқанын көрген көпшілік: «Ақыл кісінің жердегі басын көкке жеткізеді», – деп айтыпты.

-13-

– Әке, нені ешқашан ұмытпауым керек?

– Балам, кісі ешқашан ұмытпайтын, ұмытуына болмайтын екі нәрсе бар. Оның біріншісі – Алла тағала. Екіншісі – өлім.

-14-

– Әке, нені ешқашан есіме алмауым керек?

– Балам, кісі өмірде ешқашан есіне алмайтын, ешқашан есіне алуына болмайтын екі нәрсе бар. Оның біріншісі – сенің басқаға жасаған жақсылығың. Екіншісі – басқаның саған жасаған жамандығы.

-15-

– Әке, неден сақ болуым керек?

– Балам, әрқашан төрт нәрсеге сақ бол: намаз үстінде жүрегіңе сақ бол; дастархан басында тамағыңа сақ бол; жат елде тіліңе сақ бол; жат жерде көзіңе сақ бол.

-16-

– Әке, не нәрседен қашық болуым керек?

– Балам, Алланы ұмытқандардың жиынынан қашық бол.

-17-

– Әке, не нәрсеге асық болуым керек?

– Балам, дастарханыңның имандыларға жайылғанына асық бол.

-18-

– Әке, қандай адамды жаман десе болады?

– Балам, жұрт өзін жаман деп тұрғанда, оған ешқандай мән бермеген адамды жаман десе болады.

-19-

– Әке, қандай адамды жақсы десе болады?

– Балам, иманды адамды жақсы десе болады.

-20-

– Әке, тастан ауыр не бар?

– Балам, бұ дүниеде мен көтермеген ауыр нәрсе жоқ: тасты да, темірді де көтердім. Бірақ жаныңда тұратын жаман көршіден ауыр нәрсе көрмедім.

-21-

– Әке, удан ащы нәрсенің дімін татып көрдің бе?

– Балам, жарық дүниеде мен татпаған у жоқ. Бірақ аштықтан ащыны көрмедім.

-22-

– Әке кімге сенсем болады?

– Балам, Аллаға ғана сен.

-23-

– Әке, жоғымды кімнен сұрасам болады?

– Балам, Алладан ғана сұра.

24

– Әке, білімді адам деп қандай адамды айтуға болады?

– Балам, білімді адам деп дүниедегі нәрселердің заты, сипаты, мәні қандай екенін білетін адамды айтуға болады.

-25-

– Әке, ақылды адам деп қандай адамды айтуға болады?

– Балам, ақылды адам деп дүниедегі нәрселердің заты, сипаты, мәні қандай екенін және қандай болуы керек екенін білетін адамды айтуға болады.

-26-

– Әке, кемеңгер кісі деп кімді айтқан дұрыс?

– Балам, кемеңгер кісі деп бастаған ісінің немен бітетінін білетін, сондықтан әрбір істе абай болатын кісіні айтуға болады.

-27-

– Әке, данышпан деп қандай адамды айтуға болады?

– Балам, данышпан адам деп дүниедегі нәрселердің заты, сипаты, мәні қандай екенін, қандай болуы керек екенін және қалай жетілдіруге болатынын білетін адамды айтса болады.

-28-

– Әке, ғалымның білімі мен ақылының арасы қандай?

– Балам, ғалым деген кісі қанша білімді болғанмен, сол білімінің пайдасын не өзі көрмесе, не өзгелер көрмесе, оның ғалымдығы зая. Ғалым біліміне ақылын серік еткенде ғана елге пайдалы бола алады. Ғалымның білімі мен ақылының арасында шек болмайды.

-29-

– Әке, білімсіздің күні қандай болмақ?

– Балам, білімсіздің күні екі дүниеде бірдей қараңғы болмақ.

-30-

– Әке, білімнен қайыр болмайтын жағдай бола ма?

– Балам, үш жағдайда білімнен қайыр болмайды. Бірінші, кісі білімді ақымақтармен ақыл жарыстыру үшін алатын болса. Екінші, кісі білімді өзін өзі мақтау үшін алатын болса. Үшінші, кісі білімді өзін өзгелердің мақтауы үшін алатын болса.

-31-

– Әке, білім жолындағы адам білімді керек етпей, орта жолда тастап кетсе қалай болады?

– Балам, білім жолындағы адам білімді керек етпей, орта жолда тастап кетсе, үш түрлі жамандыққа тап болады. Бірінші, көрер көзі көрместей болады. Екінші, жұрт алдында ұятты болады. Үшінші, надандықпен қауышады.

-32-

– Әке білімді мен білімсіздің паркы қандай болады?

– Балам, бір адам білімді және өзінің білімді екенін біледі. Ғалым дегеніміз сол. Соның соңынан жүрсең, адаспайсың. Бір адам білімді, бірақ ол өзінің білімді екенін білмейді. Бұл өзінің біліміне жете мән бермеген адам. Ондайларға өзінің білімді екенін білдіру керек. Келесі біреу білімсіз және өзінің білімсіз екенін білмейді. Бұл – нағыз наданның өзі. Одан сақ бол. Енді біреу білімсіз келеді, бірақ өзінің білімсіз екенін біледі. Бұл мұқтаж адамдардың қатарына жатады. Ондайларға жол көрсет, жөн сілте.

-33-

– Әке, білімді мен білімсіздің, жақсы мен жаманның, момын мен зұлымның бір-біріне жанасып, жақсы болатын жері бар ма?

– Балам, білімді мен білімсіздің, жақсы мен жаманның, момын мен зұлымның жанасатын жері бұ дүниеде де, ақыретте де болмайды. Қой мен қасқырдың жанасып, жақсы бола алмайтыны секілді білімді мен білімсіздің, жақсы мен жаманның, момын мен зұлымның жанасып, жақсы болмағына жол жоқ.

-34-

– Әке, сөз жайында не білуім керек?

– Балам, сөздің де түр-түрі бар. Бірі балдай тәтті. Бірі удан ащы. Бірі тастай қатты. Атылған оқтай, жанған оттай сөз бар. Інінде жатқан жыланды шығаратын сөз бар. Тас жаратын, тас жармаса, бас жаратын сөздер де болады. Солардың бәрінің өсіп-өнетін бағы – жүрек. Оған тек жақсы сөздердің ғана ұрығын сеп. Сепкеніңнің бәрі өнбесе де, біразы өсіп шығады.

-35-

– Әке, жаман сөз жайында не білуім керек?

– Балам, жаман сөзден ауыр ешнәрсе жоқ. Қызған темір суда қалай шындалса, жаман сөз де адамның жүрегінде сондай қатайды.

-36-

– Әке, сөздің жақсысын кім іздеп табады?

– Балам, сөздің жақсысын даналар іздеп табады.

-37-

– Әке, жүрегі жұмсақ құл қандай болмақ?

– Балам, кім өзіне жамандық жасаған адамға кешірімді болса, кім өзіне жамандық жасағанға жақсылық жасаса, соның жүрегі жұмсақ.

-38-

– Әке, жүрегі жұмсақ құлды қалай танымын?

– Балам, жүрегі жұмсақ құл ашуланған кезінде танылады.

-39-

– Әке, жомарт адамды қалай тануға болады?

– Балам, жомарт адам өзі мұқтаж болғанда танылады.

-40-

– Әке, батырды қалай тануға болады?

– Балам, батыр соғысқа шыққан кезінде танылады.

-41-

– Өке, жақсы мен жаманның ашуының көрінуі бірдей бола ма?

– Балам, жақсының ашуы ісінен көрінеді, жаманның ашуы тілінен көрінеді.

-42-

– Өке, ашуды қалай жеңуге болады?

– Балам, ашуды ақылмен жеңуге болады.

-43-

– Өке, нәпсіні қалай жеңуге болады?

– Балам, нәпсінді құдайға құлшылығыңмен жеңесің.

-44-

– Өке, сабырлы кісі деп кімді айтамыз?

– Балам, кім ешкімге кесірін, зиянын тигізбесе, сол сабырлы кісі деп айтуға лайықты.

-45-

– Өке, сабырсыздың күні қандай болмақ?

– Балам, сабырсыздың иманда да, тіршілікте де жолы болмайды.

-46-

– Өке, кедейліктен сақтану үшін не істеу керек?

– Балам, дүниәуи тіршіліктің қызығынан сақтансаң, кедейліктен де сақтанасың.

-47-

– Өке, даналықты кімнен үйреніп, білімді кімге үйрету керек?

– Балам, даналықты ғалымдардан үйрен. Олармен ой таластырудан сақтан, өйткені даналық Жаратушыдан. Даналықты жеке басының қажеттілігі үшін пайдаланатындарға білім беруден сақтан.

-48-

– Өке, өзі білмейтін, білгеннің сөзінен бәһра алмайтын адамды қалай түзеуге болады.

– Балам, өзі білмейтін, білген адамның сөзінен бәһра алмайтын адамды надан дейді. Оны түзеймін деп әурелеме, өзің де әуре болма.

-49-

– Өке, надандық ақылсыздықтан ба, білімсіздіктен бе?

– Балам, надан адам – білімсіз адам, білімсіз адам – ақымақ адам. Білімсіз, ақымақ надан да бір, хайуан да бір.

-50-

– Өке, күнделікті тұрмыста қандай болуым керек?

– Балам, орынсыз күлме, мақсатсыз жүрме, өзіңе қатысы жоқ нәрсе жайын сұрама.

-51-

– Адамдармен қандай қарым-қатынаста болғаным жөн?

– Біреуден бірдеңе сұрап, бетіңнің әрін төгуден сақтан. Ашу үстінде ар ұялар іс қылудан сақтан. Өз қадіріңді өзің кетірме.

-52-

– Өке, шақырған жерге барғанда қандай болуым керек?

– Балам, шақырған жерге барғанда, елмен сәлемдес те, қатардан орын ал. Олардың әңгімесінің не туралы екенін білмейінше сөзге араласпа. Егер олар Алланың құдіреті мен рақымы туралы сөйлесіп отырған болса, онда оларға құрметінді білдір, солармен бірге бол. Егер олар мәні жоқ басқа нәрселер жайында сөйлесіп отырған болса, онда олардың қасында көп отырма.

-53-

– Өке, шақырған жердегі әңгіменің мәнсіз болуының қандай сабағы болмақ?

– Балам, барған жеріндегі адамдардың әңгімесі Алланың құдіреті мен рақымы туралы болмай, мәні жоқ басқа жайлар туралы болса, оның саған сабағы жоқ. Егер ғалым болсаң, ондай әңгімеден білгенің сенің ғылымыңа ешқандай пайда бермейді. Егер надан болсаң, надандығыңның үстіне надандық табасың.

-54-

– Өке, сөйлер жерде сөйлемей, үнсіз қалғаныңыз үшін өкінген жеріңіз көп болды ма?

– Балам, сөйлеген сөздерім үшін өкінген жерім есепсіз көп болды, ал сөйлемей, үнсіз қалғаным үшін өкінген жерім жоқ.

-55-

– Өке, жұрттың жамандыққа қарсы жамандықпен күресіп жүргеніне қалай қарайсыз?

– Балам, жамандыққа қарсы жамандықпен күресіп жүргендер қатты адасқандардың қатарынан. Егер олар өздерін дұрыс жолдамыз деп есептесе, онда далаға шығып, екі жерге екі от жақсын. Сөйтіп қарап тұрсын: екі от бірін-бірі сөндіре ме, сөндірмей ме? Ақиқатына келгенде, отты отпен сөндірмейді, отты сумен сөндіреді. Жамандықты жамандықпен жеңбейді, жамандықты жақсылықпен жеңеді.

-56-

– Өке, адамның болмысы қанша бөліктен тұрады?

– Балам, адамның болмысы үш бөліктен тұрады: бірінші бөлігі – Алла үшін; екінші бөлігі – адамның өзі үшін; үшінші бөлігі – құрт-құмырсқалар үшін. Алла үшін дегенім – адамның жаны. Адамның өзі үшін дегенім – адамның ісі мен әрекеті. Құрт-құмырсқалар үшін дегенім – адамның тәні.

-57-

– Өке, дос пен қас хақында не айтасыз?

– Балам, досың мың болса да аз, қасың жалғыз болса да көп. Мың да бір досың болсын, бірақ бір де бір қасың болмасын.

58

– Өке, өмірдің өлшемі қандай болмақ?

– Балам, дүние – шолақ. Сенің өмірің одан әлдеқайда қысқа, ал оның қалғаны түкке тұрғысыз.

-59-

– Әке, өмір өткен сайын данышпандар да көбейе ме?

– Балам, өмір өткен сайын данышпандар азайып отырады. Күндердің күнінде адамдардың арасында бір де данышпан қалмайтын сәт туатын болады.

-60-

– Әке, адал досты қалай табамын?

– Балам, дос болмақ адамың өзіңе қатты ашуланатындай іс істе. Егер ол осыдан кейін сенімен қарым-қатынасында әділет жолынан таймаса, онда онымен достас. Егер ол әділет жолынан тайса, онда оған жолама. Адал досты осылай табасың.

-61-

– Әке, кісі өз қауымының басы болғаны жақсы ма, ортасы болғаны жақсы ма, соңы болғаны жақсы ма?

– Балам, әр қауымның бір иті бар. Кісі өз қауымының иті болудан сақтануы керек.

-62-

– Әке, қауымның ортасына барып, зиян тартқаннан, оған бармай қойған жақсы емес пе?

– Балам, қауымның ортасына бармаған және қауымнан зиян тартпаған адамнан қауымның ортасына барған және содан зиян тартып, сабақ алған адам жақсы.

-63-

– Әке, әділетті адам мен әділетсіз адамға қалай қарауым керек?

– Балам, әділетсіз адаммен жолдас болғаннан әділетті адамға құл болған артық.

-64-

– Әке, жүзі жылылар мен өңі суықтарға қандай болғаным дұрыс?

– Балам, бет бергенде, шырайы жақсы көрінетін надандар болады. Жүзі жылы екен деп надандардың құрметін алма. Сырт бергенде, өңі суық көрінетін даналар болады. Өңі суық екен деп даналардың кеңесінен қалма.

-52-

– Әке, қастың қастығына тұру керек пе, достың достығына тұру керек пе?

– Балам, қастың қастығын таста. Достың достығын сақта.

-53-

– Әке, жұртқа қандай сый көрсеткенім орынды болады?

– Балам, жұртқа көрсететін сый-құрметтің үлкені – сөзіңнің әдемі, сыпайы болғаны, жүзіңнің жайдары, ашық болғаны, ниетіңнің адал, таза болғаны.

-54-

– Әке, өз пайдасы үшін кісіге жала жабатын, жамандық жасайтын адамдардың ақыры не болмақ?

– Балам, өз пайдасы үшін кісіге жала жабатын, жамандық жасайтын адамдардың ақыры тақыр болады.

-55-

– Әке, көреалмаушыны қалай тануға болады?

– Балам, көреалмаушының үш белгісі болады: біріншіден, ол кісіні сыртынан жамандап, ғайбат айтады; екіншіден, ол сыртынан жамандап, ғайбат айтқан кісімен кездессе, оны бетіне өтірік мақтап, көлгірсиді; үшінші, ол осы кісі бір бөлеге ұшырай қалса, екі бұтын шапаттап қуанады.

-56-

– Әке, дүниеқұмарлықтың, атаққұмарлықтың шегі қандай болады?

– Балам, дүниеқұмарлықтың, атаққұмарлықтың шегі болмайды. Әрбір дүниеқұмар адам атаққұмар келеді, әрбір атаққұмар адам пәлекұмар келеді, әрбір пәлекұмар адам залым келеді. Әрбір залымның залымдығында шек те, шекара да болмайды.

-57-

– Әке, қандай кәсіпті таңдасам пайдам көп болады?

– Балам, Аллаға құлшылықты таңда. Аллаға құлшылықтың пайдасы бар кәсіптің пайдасынан асып түседі.

-58-

– Әке, сауданың баянын қайдан табуға болады?

– Балам, сауда сақал сипағанша. Саудаласушылар бір-біріне адал болса, олардың ісі оңағылады. Сауданың баяны деген осы болады. Егер саудаласушылар өзара бір-біріне арамдық жасаса, өтірік айтса, алдаса, онда олардың ісінің баяны болмағаны.

-59-

– Әке, тыныш ұйқы, адал астан артық игілік бар ма?

– Балам, ұйқышыл болма, тамақсау болма. Тірісінде ұйқы мен астан басқа игілік таппаған кісі қияметке құр қол барады.

-60-

– Әке, қияметтің қиынынан қалай құтылуға болады?

– Балам, тірі адамның тіршілігі тұңғыық теңіз іспетті. Оның тереңіне талайлардың кемесі батқан. Сенің кемені Алла алдындағы қорқыныш болу керек, кемені артқан жүгің Алла деген иманың болу керек, кемені керген желкенің Аллаға сыйынған адал ниетің болу керек. Сонда қияметтің қиынынан құтыларсың деп үміттенемін, бірақ құтылып кетесің деп ойламаймын.

-61-

– Әке, төбе басында жападан-жалғыз ұзақ отырмай, көп болып отырсаңыз, көңілдірек болмай ма?

Сонда Лұқман мынаны айтқан екен:

– Балам, жападан-жалғыз ұзақ отыру алаңсыз ойлануға мүмкіншілік береді. Ал алаңсыз ойлану кісінің барар бағыты мен жүрер жолын анықтауға көмектеседі.

-62-

– Әке, достың дұшпанға айналуы оңай болатыны қалай, дұшпанның досқа айналуы қиын болатыны қалай?

– Балам, дос өсіп тұрған гүл сияқты, ал дұшпан жығылып жатқан тал сияқты. Өсіп тұрған гүлді үзу оңай, жығылып жатқан талды тұрғызу қиын.

-63-

– Әке, кісіге бұ дүниеде керегі не, о дүниеде керегі не?

– Балам, бұ дүниеде жан сақтау үшін асуынды тауып ішетін әлің болуы керек. О дүниеде жан сақтауың үшін иманың болуы керек.

-64-

– Әке, жоғалтуға болмайтын жоғалса, орны толмайтын қандай байлық болуы мүмкін?

– Балам, бұ дүниеде кетілген жетіледі, орнында бар оңалады. Жоғалса орны толмайтын, өкініші өшпейтін бір-ақ байлық бар. Ол – иман.

-65-

– Әке, ақылды адамның белгілерін қалай білемін?

– Ақылды өзінің көңілін қалдырғандардың айыбын кешіреді.

– Екінші?

– Кішілерге ізет білдіреді.

– Үшінші?

– Үлкендерге құрмет білдіреді.

– Төртінші?

– Құдайға құлшылық қылады.

– Бесінші?

– Біліп сөйлейді.

– Алтыншы?

– Сөздің пайдасы мен зиянын бірдей парықтайды.

– Жетінші?

– Қиналған кезінде көмекті Алладан сұрайды.

-66-

– Әке, ақымақтың белгілерін қалай білемін?

– Ақымақ қатыгез болады, адамдарға тек залалын тигізеді.

– Екінші?

– Кішілерге зорсынады.

– Үшінші?

– Үлкендерге сомсынады.

– Төртінші?

– Құдайға құлшылық қылмайды.

– Бесінші?

– Білмей сөйлейді.

– Алтыншы?

– Сөздің пайдасы мен зиянын парықтай алмайды.

– Жетінші?

– Алдынан қиындық кездессе, опат болады, жақсылық кездессе, теріс айналады.

-67-

– Әке, адамның азғыны деп қандай адамды айтады?

– Балам, адамның азғыны деп Құдайдың рақымынан үмітін тақыр үзген адамды айтады.

-68-

– Әке, кісінің қадірін не түсіреді?

– Балам бұ дүниеде кісінің қадірін түсіретін мынадай нәрселер: бірінші, шақырмаған жерге қонаққа бару; екінші, қонақтың үй иесіне қожайынша қарауы; үшінші, дұшпаннан қайырым сұрау; төртінші, лайықсыз адамға достық ниет білдіру; бесінші, өзін тыңдамағандарға сөз айту.

-69-

– Әке, даналықты кімнен үйрендің?

– Соқырлардан. Соқырлар барар жеріне жеткізетін жолды сипалап тауып, анық білмейінше алға аяқ баспайды.

-70-

– Әке, игі жақсылар бас қосып, әңгіме-дүкен құрғанда, қателесуден қалай сақтансам болады?

– Сөйлемес жерде сөйлеу абайсыздық болады. Сөйлер жерде үнсіз қалу тұйықтық болады. Сөйлегендердің жүзіне көз салмау соқырлық болады. Осылардан сақтан.

-71-

– Әке, кісіні екі дүниеде бірдей жазалы қылатын істер қандай болады?

– Балам, кісіні екі дүниеде бірдей жазалы ететін іс төртеу. Біріншісі – біреудің сыртынан ғайбат сөз айту.

– Екінші?

– Ғалымдарды сыйламау.

– Үшінші?

– Алланың бергеніне шүкірлік етпеу.

– Төртінші?

– Жазықсыз кісі өлтіру.

-72-

– Әке, ғибратты адамнан ғана алуға бола ма, жоқ, ақылы жоқ деген жануарлардан да алуға бола ма?

– Балам, Алла ақыл берген адамның да, ақыл бермеген жануарлардың да ісінен ғибрат алуға болады.

– Мысалы?

– Балам, тауықтың қоразының ісі мен өз ісінді салыстырып көр: қораз таң ата шақырып, мекиендерімен бірге тіршілік қамына кіріседі. Сен бұл кезде ұйықтап жатасың. Қораздың ақылы сенің ақылыңнан асық болып жүрмесін (Ғазали).

-73-

– Әке, бұ дүние мен о дүниенің арасын қалай шектеген дұрыс?

– Балам, бұ дүниені о дүниеге сат, сонда сен екі дүниенің де баянын көресің.

– Әке, олай етпей, керісінше жасасам, не болады?

– Балам, о дүниені бұ дүниеге сататын болсаң, сенің қолыңда олардың біреуі де қалмайды, екеуінен де айрыласың (Ғазали).

-74-

– Әке, әзәзілдің азғырғанына ерген адам не істейді?

– Өзіне тиесілі емес дүниені иеленеді.

– Тағы не істейді?

– Өзі иеленген дүниені жұмсамайтын нәрсеге жұмсайды.

– Тағы?

– Өзі иеленген дүниені жұмсайтын нәрсеге жұмсамайды.

– Бұлардың салдары не болмақ?

– Зұлымдық біткен осылардан таралады (Ғазали).

ЛҰҚМАННАН ҚАЛҒАН ДАРА СӨЗДЕР

1. Барыстың терісін жамылғанның бәрі батыр емес.

2. Сабыр – шаттықтың кілті, асығыстық – өкініштің кілті.

3. Ұятсыз қатын тұзсыз ас секілді.

4. Ақымақтың ойы тілінде тұрады, Ақылдының тілі ойында тұрады.

5. Өлі арыстаннан тірі ит артық.

6. Біреу саған келіп біреуді жамандаса, ол басқаға барып, сені жамандайды.

7. Екі кісі тоймайды: бай – малға, ғалым – білімге.

8. Үш нәрсе үш түрлі жерде сыналады: батырдың күші – соғыс үстінде; хакімнің хикметі – ашу үстінде; достың достығы – басқа түскен қиындық үстінде.

9. Иманнан кейінгі жақының – жақсы дос: жақсы дос құрма ағашы секілді – түбінде отырсаң, саясын түсіреді; отқа жақсаң, бойыңды жылытады; жемісін жесең, ас болады.

10. Екі қылыш бір қынға сыймайды.

11. Ғылымы жоқ ғалым жаңбыры жоқ бұлт секілді.

12. Ғалым наданды қапысыз таниды, өйткені оның өзі де бір кезде надан болған. Ал надан

ғалымды тани алмайды, өйткені ол ешқашан ғалым болған емес.

13. Сабырсыз адам зарланбай тұра алмайды.

14. Бүгін бітіретін ісінді ертеңге қалдырма.

15. Біреу бір жаман істі жақтап сөйлесе, онда ол сол істі істеді деп біл.

16. Қорыққаннан қорықпа, қорықпағаннан қорық.

17. Ғалымдармен сұхбаттас болуға тырыс: білмесең, үйренесің; білсең, білген үстіне біле түсесің.

18. Кемшіліксіз дос іздеген доссыз қалады.

19. Сараң байлар үстіне қаптап алтын артып, ақырдан сабан жеп тұрған есекке ұқсайды.

20. Ақымақта алты түрлі қасиет бар: 1) жоқ нәрсеге ашуланады; 2) пайдасыз сөз сөйлейді; 3) көрінгеннің сөзіне ереді; 4) дұшпан мен досты айыра алмайды; 5) бекер мал шашады; 6) бесенеден белгілі нәрсе жайында сұрайды.

21. Аузыңнан шыққанша сөзіңе өзің иесің, аузыңнан шыққан соң, сөзің өзіңе ие болады.

22. Туған жерінен қозғалмаған ғалым орнынан қозғалмаған алтын сияқты.

23. Екі нәрсенің қадірі өткен соң білінеді: 1) жастық; 2) саулық.

24. Жолға шықпас бұрын жолдас тап.

Үй сатып алмас бұрын көрші тап.

25. Күншілдік бір ауру секілді: қызғаныш, күншілдік туғызған нәрсе өлгенше жазылмайды.

26. Ерге үш түрлі сын бар: 1) байлық; 2) билік; 3) қайғы.

27. Құпияны сақтай білмеген адам адамның осалы.

28. Ашуын баса білген адам адамның күштісі.

29. Кедейлігін білдірмеген адам адамның сабырлысы.

30. Әр нәрсеге қанағат еткен адам адамның дәулеттісі.

31. Өзі жақсы болмай тұрып, жұртты жақсы болуға шақырған адам қолына шырақ ұстап, оның жарығын өзі көрмей, өзгелерге түсіріп жол көрсетпекші болған соқыр сияқты.

32. Дүние біткен бір кемеге мініп алып, әлдеқайда ағып бара жатқан сияқты. Ішінде ешкім жоқ.

33. Әр құс өз үніне мәз болады.

34. О, ұлым! Әр істе ғалымдармен кеңескейсің. Ақ дастарқаныңнан Алла деген адал ниетті адамдар ғана дәм татсын.

35. Алланың құлдарының тақуаларымен бір бол, олардың қасиеті саған пайдасын тигізеді. Егер Алла оларға мейірімін түсіретін болса, оның шапағаты саған да жетеді. Зұлымдардан аулақ жүр. Алла оларға жаза жіберетін болса, одан олардың қасындағылар да сау қалмайды.

36. Наданның көзіне түсіп, көңіліне ұнаудан сақтан. Өйткені ол саған жақындай береді. Да-

наның көзінен тыс, көңіліне жат болудан сақтан. Өйткені ол сенен алыстай береді.

37. Зұлымдарға дос болғанша, тақуаларға құл бол.

38. Жауынды іздеме. Досынды жоғалтпа.

39. Өзіңе қатысы жоққа киіліпке.

40. Құпияны сақтай біл, сонда ізгілігіңді жоғалтпайсың.

41. О, ұлым! Ғұламалармен бір бол, солармен тізе түйістіріп отыр. Сонда Алла көктен жаңбыр жаудырып, өлі жерге жан бітіргені сияқты, жүрегінді даналық жарығымен нұrlандырады.

42. О, ұлым! Ғұламалармен тізе түйістір. Олардың көңілін қалдырмас үшін сөз таластырма, ой жарыстырма.

43. Бұ дүниеден тек қажеттіні ғана ал, тапқан табысыңның өзіңнен артылғанын басқаларға бер.

44. Бұ дүниені мүлде тәрк етпе, өйтсең өзгердің мойнына мінген масыл боласың.

45. Ораза тұт, сонда нәпсіңе тыйым саласың.

46. Егер ораза сенің намазыңа кедергі келтіретін болса, ораза ұстамай-ақ қой. Өйткені намаздың сауабы оразаның сауабынан мол.

47. Жегімдерге олардың әкесі сияқты қарас. Жесірлерге олардың ерлері сияқты қарас.

48. Жақындарыңмен бірге күнәға батпа.

49. Ақылсыз, надан адамдардан аулақ жүр.

50. Екіжүзділермен араласпа.

51. О, ұлым! Қызғаншақтың үш белгісі бар: кісіні сыртынан даттап, жамандайды; сол кісіні көре қалса, оған жалпақтап, жарамсақтанады; ол бір бақытсыздыққа ұшырай қалса, соған қуанады.

52. Өз отбасыңның игілігі үшін еңбек ет, басқаларға жақсылық жасауды ұмытпа, әйтпесе бұ дүниеде зиян шегіп, о дүниеде пайдасыз қаласың.

53. Есебің дұрыс болсын. Есепсіз дүние жұмсама.

54. Сараң болма. Бекер мал шашпа.

55. Бай болсаң, қайырымды бол.

56. Бұ дүние бейне бір көпір үсті іспетті: өтіп кетпе, сонда өмір сүр.

57. Сөзің жағымды, жақсы болсын.

58. Жүзің ашық, жарқын болсын.

59. Жұрттан мақтан күтпе, жұрттың көңіліне қаяу түсірме.

60. Нәпсіңе тыйым сал, кісілікке еркіндік бер.

61. Тіліңе ие бол. Үндемеген үйдей бәледен құтылады.

62. Сөйлесең, пайдасы бар сөздерді айт.

63. Саудада Құдайға құлшылық қыл. Құдайға құлшылық ештеңе сатпасаң да саған пайда әкеледі.

64. О, ұлым! Құдайдан қорық. Құдайға құлшылығыңды көрген жұрт өзіңді жақсы екен деп айту үшін жасама.

65. О, ұлым! Құдайдан қорық. Құдайға құлшылығыңды көрген жұрт өзіңді иманды екен деу үшін жасама.

66. Алланың қолдауы даналардың аузында: олар Алла ауыздарына салмаған сөзді айтпайды.

67. Зұлымдық жасама. Зұлымдық зұлымдық үшін.

68. Қатты ашуланба. Қатты ашу дананың жүрегін де күн тұтылғандай күйге түсіреді.

69. Қораздан қауқарсыз болып қалудан сақтан: қораз таң ата шақырғанда, сен ұйқыда жатпа.

70. Алла ауру жүректі даналық нұрымен айықтырады. Даналардың жанында болып, солардың даналық сөздерін тыңда.

71. Алдаушының жүзінде әр болмайды.

72. Мінез-құлқы жаманның қабағы ашылмайды.

73. Наданға бірдеңені түсіндіргеннен жартасты орнынан қозғаған оңай.

74. Адамдардың арасында бірде-бір дана қалмайтын күн де туады.

75. Тіліңді: «О, Жаратқан, күнәларымды кешір!» – деп ұдайы айтуға келтір. Жаратқанға сенің жалбарынған сөзің жетпейтін сәттер де болады.

76. Өтірікшімен жолдас болған ұятқа қалады.

77. Бұзылған жерге барған бұзық болады.

78. Досың жаман болса, өзің жақсы бола алмайсың.

79. Тіліңе ие болмаған өкініште қалады.

80. Адал болса, тіл мен жүректен аяулы нәрсе жоқ. Адал болмаса, тіл мен жүректен жаман нәрсе жоқ.

81. О, ұлым! Кім саған ізгі насихат берсе, Алла саған қорғаушы жібереді.

82. Артық ас ішпе. Артық асты өзің ішкеннен итке берген артық.

83. Бұ дүниеде саған адал досыңнан кейін біреулер пайдасын тигізсе, олардың алды өзіңнің адал жарың болсын.

84. Денсаулықтан асқан байлық жоқ, қанағаттан асқан табыс жоқ.

85. Жаман көрші тастан қатты, тұздан ауыр, темірден берік.

86. Кедейліктен асқан ащы жоқ.

87. Елшілікке надан адамды жұмсама. Дана таппасаң, өзің елші боп бар.

88. Тәтті болма – жұтып қояды, ащы болма – түкіріп тастайды.

89. Өлеңді жерге барма, өлімді жерге бар: өлімді жер ақыретті еске салады, өлеңді жер дүниеге қызықтырады.

90. Ескі досыңды жолда қалдырма, әйтпесе жаңа досыңды достығыңа сендіре алмайсың.

91. Мың досың болсын, өйткені ол көп емес. Бір де жауың болмасын, өйткені бір кісіге бір жаудың өзі де аз емес.

92. О, ұлым! Адам деген үш бөліктен тұрады: бір бөлігі Аллаға тиесілі; екінші бөлігі өзіне тиесілі; үшіншісі жегі құрттарға тиесілі. Аллаға тиесілі дегенім – адамның жаны. Өзіне тиесілі дегенім – адамның ісі. Жегі құрттарға тиесілі дегенім – адамның тәні.

93. Қарны тоқ адамның ақылы шабан тартады. Ақыл шабан тартса, ой тоқтайды, тән бетімен кетеді.

94. Жаман қатын дерт сияқты. Бірақ дерттен айығуға болады, ал жаман қатынның дертінен айығу қиын.

95. Жақсы қатын патшаның басындағы тәж сияқты. Оның бағасын ешкім білмейді. Жаман қатын сел сияқты, ағып өткенше бет қаратпайды.

96. Жаман қатын сөйлер болса, қашан айта-рын айтып болмайынша тоқтамайды.

97. Ақылдасу қажет болса, білгені көп тәжірибелі кісімен ақылдас. Оның берген ақылына баға жетпейді. Бірақ оны тегін алдым деп олқысынба.

98. Даналық кедейді патшамен теңестіреді.

99. Даналықтың он түрлі қасиеті бар: өлгенді тірілтеді; жоқ-жітіктермен бірге отырғызады; патшаның дәрежесіне жеткізеді; мәлімсізді мәшһүр етеді; құлдарды азаттыққа жеткізеді; жатқа жай береді; кедейді байлыққа жеткізеді; ізгінің ізгілігіне ізгілік қосады; бектің бекзаттығын арттырады; жақсының мерейін тасытады.

100. Даналық байлықтан бағалы. Ол қорқынышта – қорған, соғыста – қару, саудада – табыс, қиямет қайымда – қолдаушы.

101. Даналық өзіне өзінің сенімін кеткенде де қасыңнан кетпейді, жолбасшың болады.

102. Даналық тұттай жалаңаш қалғаныңда да жаныңнан табылады: жалаңаш тәніңе көрпе боп жабылады.

103. Даналықтан қол үзбе, сонда оның игілігін көресің.

101. Даналықты сүй, сонда өзің де сүйікті боласың.

104. Дүние деген бір түпсіз тұңғиық. Оның түбіне талайлар кеткен. Аман шығамын десең, Құдай дегендердің қорқыныш кемесін дайында, оның іші Алла деген үміттен болсын. Егер кемелді тереңге салып, тұңғиықтан аман өтемін десең, Алладан басқа сені құтқарар ешкімді көріп те, біліп те тұрғаным жоқ.

105. Дүние үлкен теңіз. Онда арғы және бергі буын ұрпақтар кезекпенен өлім табады. Қолыңнан келсе, Құдай деп, қорқыныш кемесін дайын-

да, оның жабдығы Құдайға деген сенім мен үміт болсын. Егер теңізден аман өтсең, Алланың рақымымен өтерсің, егер су түбіне кетсең, біліп және білмей істеген күнәларың үшін кетерсің.

106. Аллаға құлшылық қылуды ешуақытта кейінге қалдырма. Өйткені өлім айтып келмейді, күтпеген жерден, кенеттен келеді.

107. Соған өзің үшін игілікті екі нәрсені айтайын: оның бірі – фәни үшін керекті нан, екіншісі – бақи үшін керекті иман.

108. Бұл өмірдің өлшемі есіктен кіріп, төрге шыққандай ғана. Ал сенің бар өмірің одан да қысқа, қалған өмірің мүлде мардымсыз.

109. Арғы-бергілердің білгені сақталған алты қасиетке ие бол: бірінші – жалған дүниенің жалтырағын жинай берме, қалған өміріңе шақтап қана ал; екінші – Аллаға өзіне керегінше, қажетінше құлшылық қыл; үшінші – бақидан орын табуға деген тілегің қаншалық болса, оған дайындығың соншалық болсын; төртінші – тамұқтың отынан құтылудың жолын одан құтыла алмайтының анық белгілі болмайынша ізде; бесінші – Алланың жазасын көтеруге жетер шамаң қанша болса, күнә жасауға баратын батылың да сонша болсын; алтыншы – егер Алланың дегенін орындамай, күнә жасағың келсе, онда Алланың және оның періштелерінің көзінен таса жерді іздеп тап.

110. Фаниді бақи үшін сат, сонда екеуінен де пайда көресің. Бірақ бақиды фани үшін сатпа, әйтпесе екеуінен де зиян шегесің.

111. Ашкөздік, сұрамсақтық, жаман мінез ақылсыз, арсыз адамның сипаттарына жатады.

112. О, ұлым! Сенің ақталғаныңды қаламай-тындардың алдында ақталма да, кешірім де сұрама. Сенің қамыңды ойлауға құлықсыз жандардан көмек сұрама.

113. Адамдардың өзімшілдігіне кім шыдамдылықпен төзсе, оларды сол ғана басқара алады.

114. Кім адамдардың көмегіне мұқтаж болғанда, өзі олардан алыс жүрсе, ал мұның көмегіне басқалар мұқтаж болғанда, өзі оларға жақын тұрса, сол адам жақсы адам болып есептеледі.

115. Ақымақтардың алдында ақылдының сөзін айтпа. Ақылдылардың алдында ақымақтың сөзін айтпа.

116. Өзін тыңдамағандарға ақыл айтқан адам бұ дүниенің мүлкін о дүниедегілерге ұсынған адам сияқты болады.

117. Жақындарыңның өз білімдерін көтеруіне кедергі жасама, әйтпесе олардың күнә жасауына дәнекерлік еткендей боласың.

118. Кім адамдармен қарым-қатынасында әділ жолдан таймаса, Алла соның абыройын асырып, даңқын шығарады.

119. Ата-ананың балаға ұрсуы диқанның егістікке төккен тыңайтқышымен бірдей.

120. Сөйлер болсаң, қысқасын айт. Бірдеңеге мұқтаж болсаң, турасын айт.

121. Егер күшің тасып, біреуге зорлық жасауға итермелесе, онда Алланың саған көрсетер күшін есіңе ал.

122. Алланың алдында жазалы болудан сақтан. Зұлымдық жасағандар ерте ме, кеш пе, Алладан жазасын тартпай қалмайды. Алланың жазасы тоқтаусыз, ақырсыз.

123. Алланың атын аузына алмайтындардың бас қосқан жеріне барма: ғалым болсаң, білімің қашады; надан болсаң, надандығың артады.

124. Үндемегенім үшін өкінген жерім болған жоқ, айтқан сөздерім үшін сан рет сан ұрып қалдым.

125. Көп сөз көмір, аз сөз алтын болса, үндемеу алтыннан да ардақты.

126. Алла деген адамдардың бас қосқан жерін көрсең, олармен бірге бол: ғалым болсаң, біліміңнің пайдасын көресің, ғалым болмасаң, білім табасың.

127. Адамның қанын судай шашқан адамды батыр деме, ол үшін жеке жендет бар.

128. Ақылды адамдардан ақыл ал. Ақылдасқанның алды ашық болады.

129. О, ұлым! Жарысқа түссең, тәрбие алу жолында жарыс. Өйткені алған тәрбиең тек саған ғана тиесілі. Сені жауға алдырмайтын дос та сол. Жолаушы біткеннің бәрі бірдей тілейтін жолы болу деген де осы.

130. О, ұлым! Жамандықтың көзін жамандықпен құртады деп айтқан адам өтірік айтады. Егер ол шындықты айтқанына сенімді болса, екі жерден екі от жақсын да, қарасын: бір от екінші отты өшіре ме, өршіте ме? Отты сумен өшіретін сияқты, жамандықты жақсылықпен өшіреді.

131. Намаз уақыты келгенде, намаз оқуды кейінге қалдырушы болма. Намазыңды оқы, сонан соң демал. Қауым ішінде найзаның ұшында отырғандай болсаң да намазыңды қаза қылма.

132. Ниеті жаман адамдардан қорғауды Алладан сұра. Кісінің ізгісі бол, сақтан.

133. Бұ дүниеге бойыңды алдырма. Өйткені сен ол үшін жаратылған жоқсың. Құдіреті күшті Алла бұ дүниені өз жаратқандарының ішіндегі ең құнсызы еткен.

134. Бұ дүниенің молшылығы да, жоқшылығы да Алладан. Молшылығын иман келтіргендердің азығы үшін жаратқан жоқ. Жоқшылығын қарсы шыққандардың жазығы үшін жаратқан жоқ.

135. Мұқтаж болып, әкімнен бірдеңе сұрап болсаң, оның көңіл күйі көтеріңкі, жайдары кезінде сұра. Бірақ тақымдап, тықақтама.

136. Алдампаз адамнан көмек сұрама.

137. Арсыз адамнан адамшылық күтпе.

138. Қатты адамға ісің түспесін.

139. Алланың рақымынан алыстататын ештеңе де істемегейсің.

140. Алланың қаһарынан алыстататын іс қылуға асық.

141. Аллаға құлшылық қыл.

142. Алланың рақымынан үмітіңді үзбе.

143. Аллаға серік қоспа.

144. Алланың жазғанына қарсы болма.

145. Алладан қорық.

146. Бұзақылық жасаудан сақтан.

147. Өзінді-өзің қор қылудан сақтан.

148. Егер куә болуыңды сұраса, куәлік бер.

149. Егер көмек беруіңді сұраса, көмектес.

150. Егер кеңес беруіңді сұраса, асықпа, істің мәнін анықта.

151. Жұрт көркем сөзімен мақтанып жатса, сен өзіңнің көрнекі үнсіздігіңмен мақтан.

152. Орынсыз күлме, мақсатсыз жүрме.

153. Өзіңе қатысы жоқ нәрсе жайлы сұрама.

154. Алтын отта сыналады, адам қиыншылықта сыналады.

155. Алла қиыншылығын сүйген құлына жібереді.

156. Алланың түсірген қиыншылығын көтерген адамды Алланың өзі жарылқайды.

157. Алланың түсірген қиыншылығын көтере алмаған адамды Алла да көтермейді.

158. Өзі мейірімді адамға басқалар да мейірімді болады.

159. Үндемеген үйдей бәледен құтылады.

160. Жақсылық жасаған олжалы болады.

161. Жамандақ жасаған жазалы болады.

162. Тілін бос қойған тісін жоғалтады.

163. Жақынына, жатқа қарапайым қара.

164. Тектілерге, тексіздерге сыпайы қара.

165. Бауырларыңа қамқор бол, туыстық қарым-қатынасыңды үзбе.

166. Туысқандарыңды өтірікшінің, өсекшінің сөзіне еруден сақтандыр.

167. Туысқандарың айып санайтындай істі сен істеме, сен айып санайтындай істі туысқандарың да істемесін.

168. Сұрамсақ болып, бетіңнің арын төкпе.

169. Ашуыңды ағат қылықпен емес, ақылмен бас. Қадіріңді түсірме.

170. Өлімнен күдіктенсең, ұйықтама. Ұйықтағаның – өлгенің. Тірілуден күдігің болса, оянба. Оянғаның – тірілгенің.

171. Қарызданудан сақтан. Қарыз деген күндіз – дүлей, түнде – үрей.

172. Бекерге қамығып, уайым жеме. Жүрегіңе қайғы түсірме.

173. Бұ дүниенің әлдебір қызығына қатты құштар болудан сақтан.

174. Алланың бергеніне қанағат етсең, өмір жолың түзік және жарық болады, жаның жадырап, рақат көресің.

175. Бұ дүниенің бар байлығын бір өзің алғың келсе, басқаның қолынан көргеніңе қызығушы болма.

176. Кісі өз дегендеріне өзгенің қолынан көргендеріне қызықпау арқылы жетеді.

177. Саған көмектесетін кедейлік емес, адал еңбек.

178. Кедейленген адамда үш түрлі өзгеріс болады: дінге салғырт тартады; ақылы азаяды; парасаттан айырылады.

179. Адал болса, аз істің өзін көптей көр. Өйткені ондай істің өзі аз көрінгенмен, нәтижесі көп болады.

180. Өтіріктен сақтан, дінді бұзатын – сол.

181. Өтірік ар-ұяттан кетіреді, абыройыңды төгеді, ақылыңды алады.


182. Өтірікші тұрған жерге адам жоламайды.

183. Өтірікшінің сөзін ешкім тыңдамайды.

184. Өтірікшінің айтқанына ешкім сенбейді.

185. Жолға шықсаң, астыңдағы атына абай бол. Абайламасаң, жаяу қалдырады. Мұндай күй ақылды адамға лайықты емес.

АБАЙ ИНСТИТУТЫНЫҢ ЖАҢА КІТАПТАРЫ



Қ. Әбдікова

Ж. Аймауытов туындыларындағы тұлға: оқу құралы.

- Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 90 б.

ISBN 978-601-247-308-7

Ұсынылып отырған оқу құралында Ж. Аймауытовтың «Қартқожас» және «Ақбілек» романдарындағы тұлға мәселесі қарастырылған. Жазушының дүниетанымдық және көркемдік бейнелеуінің қайнар көздері анықталып, образдар жүйесі, олардың жасалу ерекшеліктері мен негізгі ұстанымдары, сонымен қатар кейіпкердің ішкі әлемін суреттеу амалдары талданады.

Оқу құралы филология факультетінің студенттері мен магистранттарына арналған.

ТІЛ БІЛІМІ

Г. Смагулова

СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІНІҢ ЛИНГВОЭКОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Аннотация. Мақалада қарастырылған мәселелер. «Экология» ұғымы және лингвоэкологиялық проблема.

Лингвоэкология және тілдік орта. Тілдік тұлға мәселесі. Сөйлеу мәдениеті.

Қазіргі жастар тіліндегі фразеологизмдердің қолданыс ерекшеліктері.

Тірек сөздер: экология, лингвоэкология, тілдік орта, фразеологизмдер.

Г. Смагулова

ЛИНГВОЭКОЛОГИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ КУЛЬТУРЫ РЕЧИ

Аннотация. Вопросы, рассматриваемые в статье. Понятие «экологии» и лингвоэкологическая проблема.

Лингвоэкология и языковая среда. Проблема языковой личности.

Культура речи. Особенности употребления фразеологизмов современной молодежью.

Ключевые слова: экология, лингвоэкология, языковая среда, фразеологизмы.

G. Smagulova

THE LINGUISTIC ECOLOGICAL ASPECTS OF THE STANDARD OF SPEECH

Abstract. The issues dealt in this article. Concept of "ecology" and the linguistic ecological problem.

Linguistic ecology and the language environment. A problem of the language person.

The standard of speech. Features of phraseology use by modern youth.

Keywords: ecology, linguistic ecology, the language environment, phraseology.

«Экология» терминін 1866 жылы табиғат зерттеушісі неміс Эрнест Геккель ұсынған. Ол кең мағынада бұл сөзге органикалық және бейорганикалық организмнің қоршаған ортамен барлық байланысын зерттейтін ғылым ретінде анықтама берген. Сонымен, экология адамдар тіршілігін айналасымен, ортасымен өзара қарым-қатынасын зерттейтін ғылыми бағытқа айналды. Қазіргі кезде мәдениет экологиясы, рухани экология деген ұғымдар күн тәртібінен мықтап орын алды. Ғалымдар мәдени ортаны сақтауды қоршаған ортаны сақтау маңыздылығымен қатар қояды. Солардың бірі – лингвистикалық экология деп аталады [1].

Қазақ тіл білімінің ғылыми парадигмалары ХХІ ғасырда көптеген проблемаларды алға шығарды. Соның бірі – лингвоэкологиялық проблема. Бұл сөз мәдениеті саласындағы зерттеулердің бағыты ретінде қалыптасып келе жатқан ерекше сала.

Тіл – әрі биологиялық, әрі әлеуметтік маңызды фактор. Тіршілік етуге, дамуға, қалыптасуға бейім түрлі организмнің өзін қоршаған ортамен сан салалы байланысы мен қарым-қатынасы бар. Бұл ретте мұндай байланыс пен қарым-қатынас негізінде пайда болған әртүрлі іс-әрекеттердің өзара бір-біріне жағымды, қолайлы немесе жағымсыз, зиянды әсер етіп отыруы заңдылық. Экологиялық факторлардың бірі – антропогендік фактор болып саналады. Өйткені адамдар қарым-қатынасының маңызды жағы – тіл арқылы көрініс табатын әлеуметтік қатынас.

Лингвоэкология – тілдік жағдаят мәселесін қарастырады. Тіл жанды организм ретінде өзгереді, дамиды, қолданыс аясы үнемі динамикалық сипатта болатындықтан, коммуникативтік деңгейі де әрдайым өзгеріске ұшырып отырады. Ал мұндай жағдаяттардың себептерін лингвоэкология зерттейді. Сондай-ақ лингвоэкология лексикалық қабаттардың толығын, түрлі әлеу-

меттік ортаның сөйлеу ерекшеліктерін, жетістіктері мен кемшіліктерін де назардан тыс қалдырмайды.

Лингвоэкологиялық зерттеудің басты нысаны тілдік орта болып саналады. Тілдік орта дегеніміз – сол тілде сөйлейтін қоғам мүшелерінің тілдік санасының көрінісі, қолданыстағы тілдің жай-күйі, тілдің қоғамдағы орны мен дамуы. Тілдік ортадан қоғамның әлеуметтік-психологиялық, идеологиялық, мәдени, этнопсихологиялық болмысы айқындалады.

Адамдардың тіршілік ортасының ерекшеліктері оның қолданыстағы тілінен байқалады. Мұндай ортада ұлттық ұжымның рухани тіршілігі қалыптасады. Тілдік ортасыз адамдар жекедара өмір сүрмейді. Қолданыстағы тілді жетілдіру, байыту, тіпті тіл қауіпсіздігін қамтамасыз ету сол тілді тұтынатын әр адамның міндеті болмақ. Сондықтан лингвоэкология рухани мәдениеттің ұлттық көрсеткіші ұлт тіліне ерекше мәртебемен қарауды негізге алады.

Тілдің иесі адам болғандықтан, антропогендік факторларды экологиялық тұрғыдан қарастырудың маңызы айрықша. Тілді тұтынушының, яғни тілдік тұлғаның, тіл иесінің ана тіліне деген құрметін, тілдің кешегі жағдайы мен қазіргі күйіне және келешектегі тағдырына деген міндетті жауапкершілікті талап ету де осы лингвоэкологияның құзырына тиесілі.

Лингвоэкология тілдік жағдаят мәселесін қарастырады дедік. Бұл ретте билингвизм мен қазіргі «үш тұғырлы тіл» мәселелері деген сауалдар да лингвоэкология қарастыратын маңызды нысандар болмақ. Мәселен, тілдік ортада басымдыққа ие болып кететін тілдік жағдаяттар баршылық. Тек «көстілділік» деген фактордың өзі қазақ қоғамында қаншама қайшылықтарды алып келгені белгілі.

Лингвоэкология лингвомәдени проблемалармен тығыз байланысты. Ғалымдар тілімізде жат сөздердің жағаласып жүруін, жастар тілінің жаргон сөздерге жақындығын және ғылым мен техниканың дамуына қарай, тілдегі «технизация», сондай-ақ филологиялық, қоғамдық білімді технократтық биіктіктен сыртқа тебу сияқты лингвистикалық нигилизмді лингвомәдени проблемалар қатарына жатқызады.

Тіл басқыншылығы деген ұғым лингвоэкологияның аясында түсіндіріледі. Мәселен, орыс тілінің экспансиясы қазақ тілінің жағдайына кері әсер етті. Дегенмен де басқа тілдің басқыншылығынан дендеп кеткен тілдік жағдаят, әсіресе сөйлеу мәдениетіне нұқсан келтіреді. Бұл қазақ тіліне да қатысты жайт екені белгілі.

Мәселен, өткен XX ғасырдың соңғы он жылдығында бұрынғы КСРО территориясынан бөліп шыққан егемен мемлекеттердің әлеуметтік және

мәдени өмірінде айтарлықтай жемісті өзгерістер болғаны мәлім. Бұл әсіресе олардың тілінде, сөйлеу мәдениетінде бұқаралық ақпарат құралдарынан бастап барлық саларында көрініс тапты. Қазақстан да мұндай өзгерістерден шет қалған жоқ. Ұлт тілі мемлекеттік мәртебе алған соң, орыс тілі ресми тіл ретінде ұлтаралық қатынас тілінің рөліне ие болды. «Қазіргі Қазақстанда тілдік жағдаят – қоғамдағы саяси, этнодемографиялық, әлеуметтік және экономикалық өзгерістердің тікелей көрсеткіші» [2, 274].

Славян тілділермен қатар, өзбек, ұйғыр, татар, т.б. түркітілдес халықтар арасына орыс тілі ұлтаралық және мәдениаралық қатынасты тереңдету қызметіне ие болғандығы белгілі. Ұлттық сананың тереңдеуі мен ұлт мәдениетінің ерекшеленуі ХХІ ғасырдың соңғы он жылдығында жаһандану кезеңіне де тұспа-тұс келді. Қазақстан жағдайындағы көп ұлттық (130-ға жуық мекен ететін) мәселесіне бұл жағдайдың ерекше әсері болды. Өйткені егемендік алған 90-жылдардың статистикасы бойынша жергілікті ұлт өкілдері сол кезде өз ана тілін 50%-ға жетер-жетпесі ғана меңгерген. Ал ұлттар тілі мен олардың мәдени өмір сүру ерекшеліктері жаһандану үрдісінде біркелкі деңгеймен көрінбейтіні – ақиқат шындық. Бұл арада орыс тілінің функционалдық қызмет шеңбері, әсіресе терминологиялық салалары қазақ тіліне қарағанда жаһандануға қарсы тұрарлық қабілеті бар. Сондай-ақ бұрынғы кеңестік дәуірде де, қазіргі жағдайда да орыс тілінің Ресейден басқа ТМД мемлекеттерінде де дамуы, толығыуы – жүріп жатқан, жүре беретін процесс.

Ал басқа ұлт тілдері туралы әңгіме басқа. Мәселен, біртұтас кеңестік кезде жергілікті ұлт өкілдерінің азшылығы әрі кеңестік саясаттың ықпалымен білім беру мекемелерінің орыс тілінде басым болуы, ұлт тілінің ана тілі ретінде толық меңгерілмеуі, қолданыс аясының шектеулігі, кірме сөздер мен калькалардың көптігі, терминдердің аудармасыз енуі, т.б. толып жатқан экстралингвистикалық фактілер қазақ мәдениетіне басқалай реңк әкелді. Ана тілінде емес, орыс тілінде білім алған жергілікті ұлт өкілдерінің басқа тілде сөйлеуімен қатар, бүкіл таным-болмысын, тәрбиесін, қазақи менталдығы мен ұлтқа тән мәдениетін бүтіндей өзгертті. Бұл қазақ әдеби тілінің кемелденуіне өзіндік кері әсері болғаны жасырын емес. Қазақ тілінде көркем әдебиет оқымайтын, өз ана тілінің сөз асылдарын танымайтын, білмейтін бірнеше ұрпақ қалыптасып үлгерді.

Тілдік тұлға мәселесі – лингвоэкологиялық бағыттағы іргелі ұғымдардың бірі. Сөз саптауы айналасына үлгі болатын, сөз мәдениетін жоғары

қоятын тілдік тұлға қазіргі қазақ қоғамында жазушылар мен өнер қайраткерлері, ғалымдар, журналистер, оқытушылардың ғана үлесіне тиіп отыр.

Тіл – ұлттың жаны. Бұл аксиомаға айналған қағида. Өз ана тілінің мәнерлі де бейнелі сөздерінен хабарсыз, мақрұм болып өскен ұрпақтар тілі қазақ сөйлеу мәдениетінің ежелден келе жатқан би-шешендер дәстүрін қорғауға, жетілдіруге, насихаттауға, бір сөзбен айтқанда, ұлтының образды сөйлеу ерекшелігін сақтауға тиіс еді. Алайда дәл бүгінгі қазақ жастарының сөйлеу мәдениеті мүлдем бөлек арнаға түсті, мұның барлығы билингвизмнің әсері деуге болады.

Әр ұлттың өзіндік ұлттық танымын танытатын стереотиптері оның ғасырлар бойы қалыптасқан мақал-мәтелдері мен фразеологизмдерінде жатыр. Сондай-ақ тілдегі көркем де бейнелі сөз орамдары – фразеологизмдер әдеби тілдің байлығы және тіл мен сөйлеу мәдениетінің көрсеткіші. Бұл ретте В.В. Виноградов «Әдеби тіл – қоғамдық өмірдің дамуы, халықтың материалдық және рухани ілгерілеуі, әлеуметтік күрес қаруы, сондай-ақ халықты тәрбиелеу мен ғылым мен техниканың, ұлттық мәдениеттің жетістіктерін бағалаудың құралы. Әдеби тіл – ұжымдық шығармашылық әрекетінің нәтижесі» деп атап жазады [3, 288].

Қазақ тіліндегі паремиялогиялық, фразеологиялық қордан ұлт өмірінің менталдық таным ерекшелігі және тұрмыс-тіршілігінің мәдениеті байқалады. Әсіресе фразеологизмдердің ойды бейнелі, суретті етіп жеткізудегі орасан тілдік қуатын пайдалану, жетілдіре түсу қазіргі жастар тілінде орын алмаған.

Жылдар бойы қалыптасып, ғасырлар бойы қолданыстан түспейтін тұрақты тіркестер қазіргі жазба әдебиетте және қалың көпшіліктің сөйлеу мәдениетінде қандай ерекшеліктермен көрінеді деген сұрақ қашан да өзекті болмақ. Әсіресе сөйлеу мәнері көмескі тартып бара жатқан жастар тілінің қазіргі хал-ахуалы туралы мәселе, тіпті ана тілінде сөйлейтіндердің тіл байлығы мен тіл тазалығы қазіргі қазақ ұлтының соқталы проблемаларына айналды. Бұл XX ғасырда дендеген ауру, XXI ғасырда тамыр жайып кетті.

Социумның сөйлеу практикасында болып жатқан өзгерістер тілші ғалымдарды еріксіз қадағалауға мәжбүрлейді. Кітап оқуды мүлде қойған қазіргі жастар тілінің жұтаңдығы, қысқа қайырыммен сөйлеуі, ойларын жеткізудегі мәнерлілігінің жоқтығы күн санап, уақыт озған сайын тереңдеп барады. Кезінде ата-анасының әке-шешесі, оның ата-бабасы, оның арғы бабалары сөйлеген ұлттың нәрлі тілі бүгінгі күнде қан сөлінен айырылып, бейнелілігі азайып кетті. Лингвоэкологиялық мониторинг көпшіліктің

сөйлеу мәнеріндегі лексикон мен фразеологиялық қордың тым жұтаңдығын айғақтайды. Бұл ересектерге де, жастарға да тән көрініс болғаны ақиқат. Тіпті алдымыздағы студент шәкірт, мәселен, мына фразеологиялық тіркестерді:

Түйе үстінен ит қапты (сипақ ұйтты) – икемсіз, бос, болбыр кісі туралы;

Көзіне көк шыбын үймелету – басыну, жазалау, қорлау;

Түтіні бір жерде шығу – тату болу;

Қамшысын алып беруге жарамасу – қолынан ешнәрсе келмейтін, бос, болбыр адам;

Мұрнына су жетпеу – қолы тимеу;

Бір тарының қауызына сыйғызу – әбден қинау, қиындық көрсету [4], т.б сияқты қолданыста жиі ұшырасатын тұрақты тіркестердің мағынасын бірен-сараны ғана тұспалдаса, көбі білмейді. Мұндай бейнелі тіркестер отбасынан жұқпай, мектеп қабырғасынан естілмей, кітаптағысы оқылмай, әйтеуір тілдің ұшына ілінбей қағыс қала береді.

Бүгінгі оқыған қазақтың рухани мәдениеті терең, жоғары. Алайда біздің сөйлеу мәдениетімізде бабалар тілінен қалған асыл сөз маржандары, образды тіркестер уақыт өткен сайын күннен-күнге азайып, сөйлейтін сөзіміз ойлы болса да жеткізу өресінде сөзіміз нәрсіз, қысқа қайырылатын, үнемделген үнсіздікке ойысып барады.

Бейнелі сөйлеуді тек үлкен ақсақал, қарт адамдардың еншісіне қалдырған, қазақ тілін біле тұра тілге жанашырлығы жоқ басқа жастар мәдени аренаға шықты. Студенттердің жазба жұмыстарында қисыны жоқ сөйлемдер кездеседі: *«Тай шаптырым жерден бір күшік шыға келді»*. Өзі тай шаптырым жердей қашық болса, сол жерден күшік шыға келсе бұл қалай болғаны? Адамның көзі жетпейтін қашықтық емес пе? Немесе *«Құрбым екеуміздің дәм-тұзымыз жарасып, басқаларға үлгі бола білдік»*. Әдетте қазақ ұғымында «дәм-тұзымыз жарасу» ерлі-зайыптыларға қатысты қолданылатын тіркес. Қазақ жастарының тілі әдеби кітап оқымаудың салдарынан тоқырауға ұшырады.

Ал студент жастар тілінің сөйлеу мәнері күн өткен сайын шұбарланып, түсініксіз сөйлемдер нормаға айналып барады. Бұл сөйлемдер ішінде бейнелілігі ешбір ақылға сыймайтын «фразеологизмдер» жетерлік. Мысалы, жастар тілінің шұбарланғанын тек орыс тіліндегі сөздерді қосып, жаргондармен сөйлеуі ғана емес, қазақтың сөйлеуіне тән тұрақты тіркестер де сөйлеу тілінде әбден бұзылды.

Кейбір тұрақты тіркестер, мәселен, *поставить на место* – орнына қою; Бұл тіркес таза калька болса, ал *пожирать глазами* – көзімен адам жеу бұл да калька, бірақ бейнелілік жақсы сақталған. Осылардың қатарына *лақтырып кету*,

лапша ілу, құлақтан тебу – алдап кету, сындырып кету, бөшке домалату – жала жабу, фарын сындыру – дат в глаз т.б. жатқызуға болады. Бұл орыс тілінің әсерінен сөйлеу тіліне әбден дендеп кеткен. Жастардың сөйлеу мәдениетінде екінің бірінде осы тіркестер кездеседі.

Кейбір тіркестердің пайда болу, жасалу мотивациясы бірден түсінікті. Жастар тілінде «алдап кету» мағынасындағы жиі қолданылатын *Қоянның суретін салып кету* – бүгінгі ұрпақтың бала кезінде көріп өскен «Қап, бәлем, қоян!» мультфильміндегі қоянның қасқырды үнемі алдап кетуі, күліп тұруы осы фразеологизмдердің жасалуына, қалыптасуына уәж болған деуге болады. Ал енді бір тіркестердегі образдылықты мүлде қабылдай алмайсыз. Әдемі киім киген адам туралы «*жынды болып киініп алу*», әдемі қызбен немесе жігітпен танысу – «*жынды қызбен танысу*» [5, 122-123].

Бұл мәліметтер қазақ тілінің келешекте мәнерлілігінің азаятындығын көрсетеді. Тұтытуда болмаған асыл сөздер тот басқан сайын қажетсіз бола беретіні түсінікті.

Ана тілін жақсы білетін бар қазақтың міндеті – жаһандану заманында қазақ болып қалу үшін ата-бабамыз қалдырған ұлт тіліндегі сөз жауһарларын ұмытпау, жастардың тіліне дарыту, олардың сүреңсіз сөз қолданыстарына бақылау жасау, кейінгі ұрпаққа бұзбай табыстау.


1982 жылғы монографиясының қосымшасында ол Қазақ хандығының құрылған жылы туралы мәселеге тоқтап, оны 1470-71 жылдары болған деп санайды. Ол мұндай тұжырымға негіз етіп мынадай тарихи фактілерді ұсынады. Дулати мәліметі бойынша Есенбұға ханның қайтыс болған жылы нақты белгілі, ол – 1461/62 жыл, олай болса Керей мен Жәнібектің Моғолстанға келуі моғол ханының тірі кезінде жүзеге асқан. Ол осы пікірі арқылы Қазақ хандығы 1456 жылы құрылған деген басқа тарихшылардың тұжырымдарын теріске шығарады.

Т.И. Сұлтанов өзінің осы пікірлерін еш өзгертпей, қазіргі кездердегі зерттеулерінде оны тереңдетіп және кең түрде қарастыруда. Ол С.Г. Кляшторныймен бірігіп және де жеке өзі жазған бірнеше монографиялары мен оқулықтарында XIII-XVII ғасырлардағы Қазақстан тарихының саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени-рухани мәселелеріне терең көңіл бөледі. Т.И. Сұлтанов осы зерттеулерінде Қазақ хандығының құрылуы тарихы мен оған қатысты мәселелерге ерекше назар аударып, оларды жеке, арнайы түрде қарастырады. Қазақ хандарының шығу тегі, алғашқы қазақ хандары, Қазақ хандығының құрылуына қатысты жазба деректерге сипаттама, хандықтың құрылуы жөніндегі пікірлерге талдау, хандықтың құрылуының саяси алғышарттары, Керей мен Жәнібектің Әбілқайыр ханнан бөлінуінің маңызы мен салдарлары,

хандықтың құрылуы барысындағы оқиғалар, хандықтың құрылған жылы, «қазақ» сөзінің мәні туралы мәселелер Т.И. Сұлтанов зерттеуінде басты тақырыптар болып саналады.

Т.И. Сұлтанов қазақ хандарының шығу тегі мәселесіндегі екі тұжырымға негіз болған деректерді топтастыра, олардың мәліметтерін салыстыра отыра мынадай қорытындыға келеді. Жошы ханның кіші ұлдарының бірі – Тұқай Темір және оның ұрпақтары Батыйдың кезінен бері солтүстік Кавказ, Хажы Тархан, Қырым, Маңғышлақ аймақтарында билік құрған. Ал Жошы ханның үлкен Орда Ежен және оның ұрпақтары болса, XIII ғасырдың екінші ширегінен XV ғасырға дейін Шығыс Дешті Қыпшақ аумағында хандық билікте болған. Қазақ хандарының арғы атасы Орыс хан – Орда Ежен ұрпағы болып саналады. Оның бұл пікірі қазіргі кездегі қазақ хандарының шығу тегі мәселесі бойынша үстем пікірлердің біріне айналып отыр.

Өткен ғасырдың 20-жылдары М. Тынышпаев бұл мәселеге арнайы назар аударып, қазақ хандарының шығу тегі Орда Еженнен бастау алады деген пікірді Жошыдан Орыс ханға дейінгі ұрпақ буындарын салыстыру арқылы айтқан болатын. Бұл тұжырымның Қазақ хандығының тарихы үшін қандай маңызы бар деген сауалға, біз XIII ғасырдың басында Орда Ежен ұлысының негізін қалаған Орда Ежен және оның ұрпақтарының Шығыс Дешті Қыпшақтағы билігінің үзілмеген және ұлттық сипаттағы Қазақ хандығының алғашқы хандары – Керей мен Жәнібек хандардың осы әулет билігінің жалғастырушылары деп жауап береміз.

Т.И. Сұлтановтың тағы бір ерекше назар аударған мәселесіне Қазақ хандығының құрылуының саяси алғышарттары мәселесі жатады. Ол XV ғасырдың I жартысындағы «Көшпелі өзбектер» мемлекеті мен Есенбұға ханның билігі тұсындағы Моғолстанның ішкі саяси жағдайларындағы қалыптасқан саяси ахуалдарды зерттей келе, олар Керей мен Жәнібектің бөлінуіне өте тиімді болды деген қорытындыға келеді. Оның бұл қорытындысы Қазақ хандығының құрылуы тарихи дамудың заңды нәтижесінде жүзеге асқандығын көрсетеді.

Хандықтың құрылған жылын Т.И. Сұлтанов өз зерттеуінде арнайы мәселе ретінде қарастырады. Оның көрсетуі бойынша Керей мен Жәнібектің бөлініп кетуі және олардың өздеріне бағынышты ру-тайпалармен Моғолстанның батыс өңіріне көшіп келуі 1459-1460 жылдары болған; 1468-1469 жылдары Әбілқайыр хан қайтыс болғаннан кейін көптеген тайпалардың Керей мен Жәнібекке қосылуы нәтижесінде олар күшейе бастайды; ал 1470-1471 жылдар – Қазақ хандығының құрылуының аяқталған жылдары.

Т.И. Сұлтанов Қазақ хандығының құрылған уақыты жөнінде өзінің 1971 жылғы мақаласында айтқан ойларын тағы да қайталап, бұл жерде оны кең түрде негіздейді. 1459-1460 жылдарды – бөлінген жылдар, ал 1470-1471 жылдарды хандықтың құрылуының аяқталған жылдары деп көрсетіп, осы екі оқиғаны Қазақ хандығының құрылу барысындағы маңызды оқиғалар қатарына жатқызады да, оларды бір тарихи желідегі оқиғалар деп санайды. Ғалымның бұл пікірлері Қазақ хандығының құрылуының тарихнамасындағы жаңа әрі тың пікір болып саналады. Біз Т.И. Сұлтановтың осы пікірлерін негізге ала отырып, хандықтың құрылуы барысы бірнеше сатыдан тұратын тарихи процес ретінде қарастырамыз. Ол тарихи процестің басында Керей мен Жәнібектің Моғолстанға көшіп келуі тұр. Осы оқиғамен Қазақ хандығының құрылуы процесі басталады.

Біздің ойымызша, Т.И. Сұлтановтың Керей мен Жәнібектің Әбілқайыр ханнан бөлінген жылын көрсетуде сәл дәлсіздік бар секілді. Белгілі шығыстанушы ғалымның бөлінуді 1459-1460 жылдары болған деп көрсетуі біршама шындыққа сай келеді, бірақ өте дәл, анық дей алмаймыз. Біз осыған қатысты жазба дерек мәліметтерін Керей мен Жәнібектің Әбілқайыр ханнан бөлінуіне байланыстырып арнайы қарастырғандықтан, осы жерде оған тоқтала кетуді жөн көріп отырмыз.

Ғалымның Керей мен Жәнібектің Әбілқайыр ханнан бөлінуі мен олардың Моғолстанға келуінің мерзімін 1459-1460 жылдар деп көрсетуінің негізіне темірлік Әбу Сайд мырзаның 863 (1458/59) жылы Хорасанды алуы мен Жүніс ханды Шираздан алдыртуы, сондай-ақ Жүніс пен Есенбұға арасында 1,5-2 жылға созылған күрес алынып отыр. Енді осы жерде сол жылдардағы тарихи оқиғалардың датасын нақтылап көрелік. Абд-ар-Раззак Самаркандидың деректеріне сүйеніп, Б.А. Ахмедов 1452-1457 жылдары Гератты билеген Әбіл-Қасым Бабырдың 1457 жылы 21 ақпанда қайтыс болып, Ала ад-Дауланьң ұлы Ибрагим мырзаның бірнеше талпыныстардан соң 1457 жылы қыркүйекте Хорасан астанасын алғандығын, Әбу Сайд мырзаның Әмударияның сол жағында Ибрагим мырзаны жеңіп, алғаш рет 1457 жылдың 2 қазанында ұрыссыз Гераттың Қыпшақ қақпасы арқылы қалаға салтанатпен кіргенін айтады. Көп ұзамай Балхта Абдаллахтың ұлдары – Мұхаммед Жөкі мен Ахмед мырза көтеріліс жасайды да, Әбу Сайд мырза Гераттан Балхқа аттанып кетеді. Көтерілісті тұншықтырып, Әбу Сайд Балхты басып алады да, Гератқа да, Самарқанға да қайтып оралмай, сонда қыстап қалады. Гераттың иесіз қалғанын көрген Ибрагим мырза тез арада

Гератты қайта иеленеді. Осы кезде Ибрагим мырзаның әкесі Ала ад-Даула қайтадан пайда болып, баласы әкесіне 1458 жылдың 23 сәуірінде Герат тағын ұсынады. 1458 жылдың қазанының ортасында Қарақойлы әулетінің басшысы Жаханшахтың Гератқа төніп келуіне байланысты Ала ад-Даула қаланы тастап кетуге мәжбүр болады. 1 қарашада Жаханшах Гератты соғыссыз алады. Бірақ оның тылында өте қиын жағдайдың қалыптасуына байланысты, ол Гератқа беттеген Әбу Сайд мырзамен бейбіт келісімге келеді де, Хорасанды тастап кейін оралады. Ал Әбу Сайд мырза болса, 1458 жылдың 16 желтоқсанында екінші рет, бұл жолы түпкілікті түрде Гератты иемденеді. Дерек мәліметінен көріп отырғанымыздай, Әбу Сайд мырза Хорасан астанасы Гератты екі рет иеленген. Алғаш рет 1457 жылдың 2 қазанында, ал түпкілікті түрде 1458 жылдың 16 желтоқсанында иеленеді. Екі дата арасында 14,5 ай бар. Осы уақыт ішінде аймақтағы саяси даму барысында көп өзгерістер болатындықтан, біз үшін Әбу Сайд мырзаның Жүністі Шираздан алдыртқан жылын анықтау өте маңызды. Біздің ойымызша, Әбу Сайд мырза Жүністі 1457 жылдың қазан айында шақыртып, сол айда Моғолстан жаққа жіберген. Ал Т.И. Сұлтанов болса, Жүністі Шираз жақтан алдыртқан уақытқа 1458 жылдың 16 желтоқсанынан кейінгі күндерді жатқызады. Одан кейін Т.И. Сұлтанов Жүніс хан мен Есенбұға хан арасында кем дегенде бір жарым-екі жылдай күрес болған деп есептейді. Жүніс пен Есенбұға хандар арасындағы алғашқы шайқас 1458 жылдың жаз айларының соңында болып, осы шайқасқа Есенбұға ханмен бірігіп қатысқан әмір Сайд Әлінің көп ұзамай 1458 жылдың қыркүйек-қазан айларының бірінде жасы келіп қайтыс болғаны белгілі. Сондай-ақ Әбілқайыр хан мен Үз Темір тайшы арасындағы шайқастың 1457 жылы болғанын, Әбілқайыр ханның өзіне қолдау көрсетпегендерді жазауға кіріскенін ескере келе, Керей мен Жәнібек хандардың Әбілқайыр ханнан бөлінуі 1457 жылдың күз айларының соңында болған дейміз. Т.И. Сұлтанов Әбу Сайд мырзаның Жүністі Шираздан шақыртуын 1458 жылдың желтоқсанында болған деп және осы датаны негізге алып, Керей мен Жәнібектің бөлінуі мен Моғолстанға келуін бір жарым жылдай уақытқа кеш көрсетіп отыр. Осы датадан өзге ғалымның басқа тұжырымдарының бәрі шындыққа сай келеді.

«Қазақ» сөзінің пайда болуы, оның мәні мен мазмұны жөнінде Т.И. Сұлтанов ең бір дұрыс тұжырымды қостайды және ол тұжырымды одан әрі тереңдетіп негіздейді. Оның дәлелдеп көрсетуі бойынша, XV ғасырдың ортасына дейін «қазақ» сөзі тек әлеуметтік мәнге ие

болып, жазба дерек мәліметтерінде осы мәнде қолданылып отырған. Әлеуметтік мәндегі «қазақ» термині таза этникалық мәнге ауысқанға дейін бірнеше рет мәнін өзгерткен. Соған сәйкес атаудың мазмұны да өзгерістерге ұшырап отырғанын Т.И. Сұлтанов нақты шығыс жазба деректерінің мәліметтеріне сүйеніп дәлелдеп береді. XIII – XIV ғасырлардағы Дешті Қыпшақ аумағындағы этникалық, саяси, мәдени-рухани дамулар барысында бұл атау өзінің алғашқы мәнінен уақытша саяси-әлеуметтік мәнге ауысады. Одан кейін Керей мен Жәнібектің өз жақтастарымен Жетісу жеріне көшіп келуімен, «қазақ» сөзі саяси-этникалық мәнге өзгереді. «Тарих-и Рашидиде» Керей мен Жәнібектің Жетісу жеріндегі жақтастарын «өзбек-қазақтар» айтылуы соның айғағы. Бұл «өзбек-қазақ» деген атаудың мазмұнына «көшпелі өзбектер» ұлысынан бөлініп, Жетісуға қоныс аударған Керей мен Жәнібек хандарды қолдаушы ру-тайпалардың бірлестігі жатады. Жетісуға қоныс аудару саяси жағдайға байланысты болғандықтан көшіп келушілер атауында саяси мән пайда болады. Ал Шығыс Дешті Қыпшақ аумағына Қазақ хандығының билігі толық орнап, ондағы ру-тайпалардың бәрі Қазақ хандығының билігіне енгізілгеннен кейін, «қазақ» сөзі толығымен этникалық мәнде айтыла бастаған. Ғалымның бұл тұжырымдары біздің ойымызша, ұзақ уақыттардан бері түйіні шешілмей келе жатқан мәселенің түйінін босатқан, талайлардың басын қатырған сұраққа ғылыми жауап болып табылады деп санаймыз.

Жалпы, Т.И. Сұлтановтың Қазақ хандығының құрылу тарихына қатысты жасаған ғылыми тұжырымдары мен ой-пікірлерін жинақтай келе, мынадай тұжырымдарға келеміз.

Біріншіден, ғалымның өзіне дейінгі зерттеушілерден айырмашылығы сонда, ол Қазақ хандығының құрылу тарихымен жанама түрде емес, тікелей, арнайы түрде айналысады. Соның нәтижесінде ол кейбір зерттеушілер секілді өзіне дейінгі тарихшылардың пікірлерін қайталаумен шектелмей, мәселеге қатысты жаңа тың ойлар айтады және оларды нақты деректерге сүйеніп негіздейді. Солардың біріне Қазақ хандығының құрылған жылына қатысты жасаған пікірлері жатады.

Екіншіден, оның жасаған ғылыми тұжырымдары мен айтқан ой-пікірлері жалпы мәселенің зерттелуінің бірнеше қадам алға жылжығандығын көрсетеді. Мәселен, қазақ хандарының шығу тегі жөніндегі талдаулары, алғашқы қазақ хандарының тарихи рөлдері туралы, Қазақ хандығының құрылуына қатысты жазба деректерге берген сипаттамасы, хандықтың құрылуы жөніндегі пікірлерге талдауы, хандықтың құрылуы-

ның саяси алғышарттарын қарастыруы, Керей мен Жәнібектің Әбілқайыр ханнан бөлінуінің маңызы мен салдарлары нақтылап көрсетуі, хандықтың құрылуы барысындағы оқиғаларға ерекше назар аударуы, хандықтың құрылған жылы туралы өзіндік ойларын негіздеуі, «қазақ» сөзінің мәні мен мазмұны туралы жасаған тұжырымдары танымдық жағынан да, ғылыми жағынан да ерекше болып саналады.

Үшіншіден, оның осы мәселе бойынша жасаған жекелеген кейбір пікірлері тарихнама үшін әрі тың, әрі жаңа болып есептеледі. Егерде оған дейінгі тарихшылардың бәрі Қазақ хандығының құрылған жылын тек Керей мен Жәнібек хандардың Әбілқайыр ханнан бөлініп, Жетісудың батыс бөлігіне көшіп келген мезгілімен бір уақытта болған деп есептесе, Т.И. Сұлтанов хандықтың құрылуын басталуы мен аяқталуы бар және он шақты жылға созылған тарихи процесс ретінде қарастырады. Оның бұл пікірі тың әрі жаңа пікір болып саналады.

Сөйтіп жалпы алғанда, біз қазіргі кезеңде Т.И. Сұлтановты Қазақ хандығының құрылу тарихымен айналысатын зерттеушілер ішінде

көшбасшылар қатарына жатады деп есептейміз.

Әдебиет

1. Вельяминов-Зернов В.В. Исследование о Касимовских царях и царевичах. Ч.2. – СПб., 1864. – С.139.
2. Семенов А.А. К вопросу о происхождении и составе узбеков Шейбани-хана // МИТУСА. Вып. I. ТИИАЭ АН Тадж.ССР. – Т. XII. – Столинабад, 1954. – С. 3-37.
3. Султанов Т.И. Некоторые замечания о начале казахской государственности // Известия АН КазССР. Серия общественная. Вып. I. – Алма-Ата, 1971. – С. 54-57.
4. Султанов Т.М. Кочевые племена Приаралья в XV-XVII вв. – М., 1982. – С. 114.
5. Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Казахстан: Летопись трехтысячелетий. – Алматы, 1992. – 378 с.; Султанов Т.И. Поднятые на белой кошме. Потомки Чингиз-хана. – Алматы, 2001. – 276 с.
6. Султанов Т.И. Поднятые на белой кошме. Потомки Чингиз-хана. – Алматы, 2001. – С.144.
7. Султанов Т.И. Поднятые на белой кошме. Потомки Чингиз-хана. – Алматы, 2001. – С. 129-134.
8. Ахмедов Б.А. Государство кочевых узбеков. – М., 1965. – С. 133-134.
9. Ахмедов Б.А. Государство кочевых узбеков. – М., 1965. – С. 135.
10. Ахмедов Б.А. Государство кочевых узбеков. – М., 1965. – С.136.
11. Мұхаммед Хайдар Дулати. Тарих-и Рашиди (Хақ жолындағылар тарихы). – Алматы, 2003. – 114 б.

АБАЙ ИНСТИТУТЫНЫҢ ЖАҢА КІТАПТАРЫ



Исмайлов Есмағамбет
Әдебиет теориясының мәселелері:
оқу құралы / қазақша кириллица әрпіне
түсірген және беташар сөзін жазған
Ж.Мәмбетов. – Алматы: Қазақ
университеті, 2011. – 288 бет.
ISBN 9965-29-700-2

Е. Исмайловтың «Әдебиет теориясының мәселелері» оқу құралы 1940 жылы «Қазақ мемлекеттік баспасынан жарық көрген.

Оқу құралы қазақтың алғашқы жоғары оқу орындарының филология факультеттерінде әдебиет теориясын қазақша оқыту үшін жазылған.

С Ы Н Ж Ә Н Е Б И Б Л И О Г Р А Ф И Я

Ж. Дәдебаев

ӘЛІШЕР НАУАИ

Аннотация. Мақалада қарастырылған мәселелер. Ә.Науаидың өмірі мен шығармашылығы.

Ақынның шығу тегі мен мінезі. Науаидің сөз өнері, тіл мен әдебиет туралы ойлары.

Түркі тілінің сөз байлығы. Түркі және парсы тілдері. Науаидың тіл, өлең туралы трактаттары.

Тірек сөздер: Науаи, өмірі, шығармашылығы, әдебиет, тіл байлығы, түркі тілі, парсы тілі.

Ж. Дәдебаев

АЛИШЕР НАУАИ

Аннотация. Вопросы, рассматриваемые в статье. Жизнь и творчество А.Науаи.

Социальное происхождение и нрав поэта. Рассуждения Науаи об искусстве слова, языке и литературе.

Особенности словообразования в тюркском языке. Богатство тюркского языка. Тюркский и персидский языки.

Трактат Науаи о двух языков. Ключевые слова: Науаи, жизнь, творчество, литература, богатство языка, тюркский, персидский языки.

Zh. Dadebaev

ALISHER NAUAI

Abstract. The issues dealt in this article. Life and work of A.Nauai. Social origin and disposition of poet.

Disserting of Nauai upon the art of word, language and literature. Features of word-formation are in a turkic language. Riches of turkic language. Turkic and Persian languages. Treatise of Nauai about two languages.

Keywords: Nauai, life, work, literature, riches of language, turkic, Persian languages.

Ақын әрі ғалым, суретші әрі сазгер, мемлекет және қоғам қайраткері, заманының зиялысы Әлішер Науаидың (1441-1501) дүниеге келгеніне 2011 жылы 570 толды. Тарихи тұрғыдан қарағанда, Әлішер Науаи өз дәуірінің жан-жақты дамыған, өнер мен ғылымның басты салаларында бірдей еңбек еткен және сол салалардың әрқайсысында керемет жетістіктерге жеткен, ақындығы, хәкімдігі, әкімдігі тең түскен кемел тұлғасы еді. Ол парсы тілі, парсы мәдениеті белең алып тұрған ортада өмір кешкеніне қарамастан, өзінің шығармаларын, еңбектерін ана тілінде – түркі тілінде – жазды. Бұл түркі әлемі үшін барынша қымбат қазына, ұлы жетістік болды.

Ақын шығармаларының жиырма томдығы жарық көрді [1]. Орыс тіліне аударылып басылған шығармалары да аз емес [2]. Тіл білімі, сөз өнерінің теориясы туралы трактаттарының, зерттеулерінің орыс тіліне аударылып, жарық

көруі де науаитану ғылымындағы елеулі жетістік болды [3].

Науаидың замандастары, тарихи ұлы тұлғалар Захир ад-дин Мұхаммед Бабыр, Мырза Мұхаммед Хайдар Дулат оның осы жетістіктеріне жоғары баға берді. Әлішер бек түркі тілінде өлең жаза бастағаннан бері ол сияқты ешкім де соншалық жақсы әрі көп өлең жазбағанын, оның теңдесі жоқ дарынды адам екенін [4, 184; 5, 179; 6, 254] Бабыр мен Мырза Мұхаммед Хайдар ілтифатпен айтты. Әлішердің төрт жинақтан тұратын өлеңдері мен ғазалдарынан таңдаулыларын іріктеп, оларды өлшемдеріне сай топтастырғаны [4, 250] Бабырдың оған деген, оның шығармашылығына деген айрықша нұрлы ықылысын білдіреді. Бабыр мен Мырза Мұхаммед Хайдардың еңбектерінде Әлішердің төрт ғазалдар жинағымен қатар оның Низамиге еліктеп, бес дастаннан тұратын «Хамса» жазғанына, Әбдірахман Жәми секілді түркі тілінде

«Қырық хадис» кітабын жазғанына, замандастарына арнаған жазбаларын жеке жинақ етіп топтастырғанына, «Құстар тілі» кітабы, сонымен қатар «Өлең мөлшерінің таразысы» секілді теориялық еңбегі барына, парсыша да жыр жазғанына, музыкада да оның тамаша нақыштары мен пишравтары болғанына назар аударылды. Бабырдың жазбаларында Әлішердің ғылым мен өнер адамдарына деген көзқарасы да айрықша ізгі, игілікті болғаны баяндалды. Авторлардың Әлішер бек сияқты ғылым мен өнер адамына қамқорлық жасап, жанашырлық еткен пенде бұрын-соңды болмағаны туралы [4,184; 6, 255-256] пікірлерінде разылық та, құрмет те бар.

Мырза Мұхаммед Хайдар Әлішер туралы екі айрықша пікір айтады. Оның бірі Әлішердің шыққан тегіне байланысты. Шығармашылық өмірінде түркі тілін шексіз сүйіп, құрметтеп өткен данышпан ақынның тегі де түркі болған [6, 255]. Екінші пікір Әлішердің мінезіне байланысты. Ақын өз заманының аса білімді, ақыллы алғыр, мінезі көркем және өте сезімтал дара тұлғасы болған. Қоластындағы бағыныштыларынан да ақылдың алғырлығын, мінездің көркемдігін, сезімталдықты талап етеді екен [6, 256]. Ақынның шығармашылығы, қоғамдық және мемлекеттік қызметі, шыққан ортасы туралы Мұхаммед Хайдар Дулат жазып қалдырған мәліметтер мен пікірлердің де құндылығы зор.

Әлішер Науаи қоғамдық санада, халық тағдырында, ұлт өмірінде сөз өнерінің, тіл мен әдебиеттің алатын орны мен атқаратын қызметі жайында өз заманы үшін әлеуметтік маңызы зор, үлкен ойлар айтты. Салыстырмалы әдебиеттанудың асқан білгірі В.М. Жирмунский Науаидың екі тіл туралы толғаныстарын Ренессанс дәуірінің алыптарының пікірлерімен, Дантениң итальяндардың сөз өнері, Иоахим Дю Белленің француздардың тіл өнері туралы трактаттарында негізделген өркенді ойларымен парапар бағалады [7,177]. Науаидың екі тіл туралы трактатында баяндалған осы ойлардың бүгінгі заманымыз үшін де пайдалы, ғибратты мәні бар.

Әлішер Науаидың «Екі тілдің сыны», «Өлең өлшемінің таразысы» секілді сөз өнері, тіл мен әдебиет туралы ойлары мағынасы жағынан терең, ғылыми мәні жағынан маңызды, суреттілігі жағынан әсерлі. Көркем әдебиеттің, әдеби тілдің ең бір күрделі, іргелі мәселелері жайын пайымдауда ойдың бейнелілігінен дәлдігі, дәлелділігі аса маңызды екенінде сөз жоқ. Ал Әлішер Науаидың әдебиет, тіл туралы ойлары образды, сөзі суретті болып келеді. Сөйте тұра ол өз ойларының өзегіндегі мағынаны барынша түсінікті, ұғымды, дәйекті, дәлелді жеткізеді.

Ақынның айтуынша, сөз – асыл тас. Асыл тас теңіздей тереңде жатады. Ол тереңнің аты –

жүрек. Жүрек – ірілі-ұсақты барлық ойдың мекені. Сүңгуірдің тереңнен теріп алып шыққан асыл тасының бағасы күн астына шыққанда ашылатын болса, сөз асылын жүректің тереңнен ер данасы ғана алып шығады және оның мәні мен әрі бағасына қарай белгілі болады. Асыл тастың бағасы әрқалай: бір дирхемнен жүз тұманға дейін. Егер асыл тасты одан дертке дауа болар дәрі жасау үшін сатып алатын болса, онда оның мыңнан бір мысқалының бағасы бір дирхем болмақ. Ал сол асыл тасты патша тәжінің маңдайына такса, онда оның бағасы бүкіл елдің байлығымен парапар болмақ, байлық біткеннің бәрімен тең болмақ. Сөз асылына келетін болсақ, оның құнына баға жетпейді. Өйткені оның ізгі нұры жансыз тәнге қасиетті рух салады, оның қара күші жайнап тұрған өмірді көктей солдырады [3].

Науаидың сөзінің мәні, ойының сарыны түркі халықтарының дәстүрлі дүниетанымындағы құндылықтармен арналас. Қазақ халқының тіл туралы даналық сөздерінің байырғы үлгілері мен Науаидың тіл туралы ойларының арасында көп айырмашылық жоқ. Науаидың ойларының түпнегізінде түркі халықтарының, солардың ішінде қазақ халқының рухани даналық сөздерінің сарыны бары анық байқалады.

Ақын тіл өнері жайындағы ойын жалғастыра отырып, сөздің бірден-бір қызметі тиісті мағынаны білдіруінде екендігін айрықша атап көрсетеді. Сөйлеудің мақсаты да белгілі бір мағынаны жеткізуде екендігі туралы тұжырым жасайды. Ал белгілі мағынаны кемел жеткізуде әлем халықтары тілдерінің ішінде араб тілінің орны ерекше жоғары екендігін ақын Құран аяттарының биік мағынасымен түсіндіреді. Автордың трактатында араб тілінен кейін үш тіл аталады: түркі; парсы; хинди. Үш тіл Нұх пайғамбардың үш баласынан тараған үш халықтың тілі екендігі байырғы әдебиеттердің бірқатарында баяндалған. Науаи да осы арнада ой таратады. Трактатта тіл ерекшеліктеріне қатысты пікірлер түркі және сарт халықтарының болмысы хақындағы байқаулармен ұласады. Тілдің ерекшелігі сол тілде сөйлеуші халықтың табиғатымен тамырлас пайымдалады. Сарттарға қарағанда, түркілер әлдеқайда пайымды және өте ұғымтал, ізгі болса, түркілерге қарағанда, сарттар білімге, ақыл байытуға ықыласты, өздерін үлкен және ғылыми ойларда тиянақты көрсетеді екен. Мұның мәнісі түркілердің шынайы, ізгі және адал ниетімен, сарттардың білімге, ғылымға, ақылға ықыластылығымен байланысты сипатталады. Солай дегенмен де тілдің артықшылығы мен олқылығы әр түрлі екендігі ескеріледі. Сөз сөйлеуге, ой айтуға келгенде, түркілер сарттардан асып түсетіні трактатта айқын көрініс тапқан. Автордың байқауынша, бұл екі ел бірнеше буын

ұрпақ болып бір-бірімен араласып кеткен, олар бір-бірімен еркін сөйлеседі және бірін-бірі кедергісіз түсінеді. Түркілердің бәрі – жасы мен кәрісі, бегі мен қызметшісі сарттардың тілін түсінеді, ал олардың кейбіреулері бұл тілде шешен және жатық сөйлейді. Түркі ақындары парсыша тамаша өлең мен келісті көркем сөз жазған. Ал сарттардың зиялысы мен ғалымдары да, қарапайым халқы мен надандары да – ешқайсысы да түркіше түсінбейді, түркіше сөйлей алмайды. Тіпті жүзден немесе мыңнан бір сарт түркі тілін үйреніп, түркі тілінде сөйлейтін болса, онда оның сарт екені кез келген түркіге белгілі болып тұрады. Науаи екі тілде сөйлейтін екі жұрттың тілалалық қарым-қатынасының ерекшеліктеріне тән белгілерді осылай жүйелейді. Осыдан келіп трактат авторы түркілердің, табиғаты жағынан, сарттарға қарағанда зейінділігінің басымдығын анықтайды. Осы айтылған ойлардың арнасында негізделетін ерекше бір тұжырым бар. Ол тұжырым сарттардың түркі тілін үйренуге олақтығының себебі түркі тілін жасаушылардың сөйлеу өнерін ұдайы жетілдіріп отырғаны, білімпаз адамдар түсіндірмесе, түсіну мүмкін болмайтын жекелеген ұғымдарды білдіретін жаңа сөздер жасап отырғаны жайында. Осы тұжырымына тиянақ ретінде жүз етістікті мысалға келтіру автордың тұжырымының дәлелділігін, негізділігін, айқындығын һәм түсініктілігін толық қамтамасыз еткен.

Жүз етістікке қатысты ескеретін мынадай бір жай бар: автор өзінің трактатында тізіп беріп отырған етістік сөздердің бір де біреуі сарттардың тілінде кездеспейді және сарттардың тілінде олардың мағынасын білдіретін лайықты сөз жоқ екен. Трактат авторы түркі тілінде мұндай сөздердің молдығын және оларды басқа тілге аударудың мүмкін еместігін түркі поэзиясының үлгілері негізінде жасаған талдаулары арқылы көрсетеді. Трактаттың ой желісінен олардың мағынасын парсы тілінде берудің де мүмкіндігі жоқтығы аңғарылады.

Автор түркі тіліндегі етістік сөздердің мағыналық жағынан жақын, синонимдік қатарын өзара салыстырып, олар беретін ортақ мағынаны біртіндеп күшейтудің жолдарын таразылайды. Оның мәнісін автор пайдаланған мысалдардан аңғаруға болады.

Ул ойки, кула-кула, кируглатти мени,
Йиглатти мени демайки, сиктатти мени [1].

Та луна, что меня отстранила, смеясь,
Заставила меня не то чтобы плакать,
а даже стонать [3].

Берілген мысалдан автордың талдау пәні ретінде таңдап алып отырған сөздері – «йиглатти» және «сиктатти». Қазіргі қазақ тіліндегі нұсқа-

лары – «жыла-т-ты», «сықта-т-ты» («йиглатти» – «жылатты», «сиктатти» – «сықтатты»). Екі етістік те кісінің ішкі күйінде болып жатқан процестерді білдіреді. Көзбен көріп, қолмен ұстағандай заттылық, нақтылық жоқ. Екі сөз де қазіргі қазақ әдеби тілінің қорында бар, ескірмеген, мағынасы көмескіленбеген, қолданудағы сөздер. Ақыл-ой дамуының бүгінгі даму деңгейінде ізденгеннің өзінде, басқа тілге «жылауды» аударуға болғанмен, «сықтауды» аудару оңай емес, оның мағынасын беретін сөз орыс тілінде жоғы рас, «стонать» «сықтау» мағынасын дәл бере алмайды. Осы сөздермен мағыналық жағынан бір топтағы «укурмак» («өкірмек») сөзінің мағынасын айқындау мақсатында автор мынадай мысал келтіреді:

Ишим тог узра хар ён ашк селобини сурмакдур,
Фирок ошубидин хар дам булут янглиг
укурмакдур [1].

Мое занятие состоит в том, чтобы, стоя на горе,
Проливать во все стороны потоки слез [3].

Алдыңғы жолы сарапталған «йиглатти» – «жылатты», «сиктатти» – «сықтатты» етістіктеріне енді «укурмакдур» – «өкірмек» қосылып тұр. Соңғы сөздің мағынасының эмоциялық реңі алдыңғы сөздердің мағыналық реңдерінен әлдеқайда күшті. Автордың байқауынша, бұл сөздің таңғажайып мағынасын дәл бере алатын сөз парсы тілінде мүлде жоқ екен. Түркіше жасанмоқ (жасанбақ), безанмоқ (безенбек) сөздерінің мағыналарын саралай отырып, ақын алдыңғы сөзден кейінгі сөздің мағыналық реңкі күшті екенін, мұндай сөздің өзі де, онымен мәндес, мағыналас сөз де сарт тілінде жоқтығын көрсетеді. Түркі тілінің әдеби қорында бар, түркі поэзиясында кеңінен қолданылып жүрген, бірақ сарттардың тілінде, парсыда жоқ мұндай сөздер туралы Науаидың сипаттамалары мен пікірлерінің ғылыми маңызы зор екені анық. Ақынның назар аударатын мәселелерінің енді бірі – түркі тіліндегі әр сөздің мағынасының байлығы, көп мағыналылығы. Талдаулар мен сараптауларға қарағанда, түркі поэзиясында бір сөздің әр түрлі мағыналарын түрлі ахуалға қатысты пайдалану айрықша стильдік тәсіл болғанға ұқсайды. Түркі тілінде бұл кеңінен пайдаланылып, ақынның өлеңінің көркемдік кестесін, бейнелілігін, әсерлілігін арттыруға қызмет ететін болса, мұндай стильдік тәсіл жасауға парсы тілінің көркемдік-бейнелеу мүмкіншілігі жетпейтін болып шығады. Автор осы ойын дәлелдеу үшін «ат» сөзінің түркі өлеңінде түрлі мағынада және қара өлең ұйқасының тәртібімен ұйқасушы тармақтардың соңғы бунақтарында қайталанып, ұйқас түзуші қызмет атқаратынына көңіл бөледі. «Ат»

сөзі бірінші жолы ат, есім мағынасында қолданылады, екінші жолы мініс көлігі, жүйрік жылқы, тұлпар ат мағынасында қолданылады, үшінші жолы бұйрық райында айтылған етістік сөз беретін (тас ат, оқ ат) мағынада қолданылады. «Көк» сөзі беретін мағыналар қатарын зерделегенде де, автор түркі тілінің орамдылығына, жаңа мағына тудыру, жаңа сөз жасау жолдарының табиғилығына үлкен мән береді. Мысалға алынған осы сөздердің үш не төрт түрлі мағынада қолданылуы қазіргі қазақ әдеби тілінде де сақталған және еркін, әдеттегідей қабылданады. Әлішер Науаи тұсындағы түркі поэзиясында бір сөздің түрлі мағынада қолданылып, өлеңнің ұйқасын түзуінде сөздің де, өлеңнің де, ақынның ойының да көркемдігі мен өткірлігін, әсерлілігін арттыратын ерекше қуат болғанға ұқсайды. Трактатта үш, төрт, бес түрлі мағынада қолданылатын сөздердің тобына сипаттама беріледі. Үйректің түрлеріне байланысты атаулар санын автор жетпіске жеткізеді. Үйректің осы жетпіс түріне байланысты түркі тілінде қалыптасқан осы жетпіс сөз беретін жетпіс түрлі мағына парсы тілінде бір-ақ сөзбен аталып, бір-ақ мағынамен сипатталады екен. Мұндай сөздер түркі тілінің өзіне ғана тән байлығын білдіреді. Жеке сөздер деңгейіндегі мұндай мағыналық байлық парсы тілінде жоқ. Түркі тіліндегі сөздердің осындай мағыналық байлығының шығу төркінін автор тағы да тілді жасаушылардың айрықша табиғатымен байланыстырады: олар таңғажайып ойлар мен ұғымдарды білдіру үшін сөздің мағынасындағы өте нәзік реңктерді де ескерген.

Әлішер Науаи араб тілінің морфологиясында бір істі, бір қимылды білдіретін бір сөз іс, қимылдың екі иесін қатар білдіретінін көрсетіп, парсы, түркі тілдерінің осындай мүмкіншіліктерін салыстырып таразылайды. Сонымен қатар автор араб тілінде екі қимылды және екі қимыл иесін қатар білдіретін етістік түріне назар аударады. Парсы тілінің жүйріктері сұлу, сәнді сөйлеуге бар болғанмен, бір не екі қимылды оның екі орындаушысымен бір мезгіл аясында бірдей, қатар көрсетуге жоқтығына көз жеткізеді. Пікіріне мысал ретінде мынадай сөздерді келтіреді: *топишмоқ* – табыспақ [тап(б)-ыспақ]; *кучушмоқ* – құшыспақ [құш-ыс-пақ]; *утушмақ* – өбіспек [өп(б)-іс-пек].

Ақын түркі тілінің шеберлері қимылды білдіретін сөзге бір әріп қосып, тиісті мағына тудырып, көздеген мақсатына оп-оңай жететіні және араб тіл өнерінің майталмандары көрсеткен шеберлік үлгісін көрсететіні жайында маңызды, ғылыми мәні терең пікір түйеді. Бұл пікірін де автор нақты мысалдармен тиянақтап, бекіте түседі: *яшер*т – жасырт; *югур*т – жүгірт. Науаи

зерттеп отырған сөзжасам үлгісі қазіргі қазақ тілінде мейлінше кең тараған, өнімді үлгілер қатарына жатады.

Түркі тілінің трактатта көрініс тапқан ерекшеліктері қатарында көңіл аударатын тың мәліметтердің бірі белгілі бір істі атқаруға асығу, асықтыру реңкін білдіретін сөздердің жасалу тәсілдеріне байланысты. Бұл ретте мынадай сөздердің тобы таңдалады: *билакур* (білегөр), *килакур* (келегөр), *кетакур* (кетегөр), *етекур* (жетегөр). Қазіргі қазақ тілінде бұл сөздердің де қолданылу аясы тарылмаған. Трактатта көрініс тапқан осы секілді тілдік құбылыстардың мәнісі жайындағы ойлардың түркі халықтарының қазіргі тіл білімі үшін де ғылыми маңызы бары анық.

Трактатта түркі тілінде болған, бірақ түркі халықтарының қазіргі тілінде, солардың ішінде қазақ тілінде қолданылмайтын, қазақ тілінде сөйлеушілердің есінде жоқ кейбір сөздердің мәні ашылады. Мысалы, түркі тілінде доңыздың еркегін «қабан», ұрғашысын «мегежін», ал олардың тумасын «чурпа» дейтіні, сарттар болса қабанды да, мегежінді де, чурпаны да «хук» немесе «гуроз» деп атайтыны туралы мәліметте бүгінгі қазақ тілі мамандары үшін тың, бұрын белгісіз болып келген жай бар. Ол бірінші кезекте «чурпа» сөзіне байланысты. Сонымен қатар үйрекке қатысты түркі тілінде жетпіс түрлі атау бары туралы мәлімет те қазіргі қазақ тіл білімі үшін маңызды.

Трактат авторы араб, парсы, түркі тілдерінде сөз түрлендіру және сөз тудыру жолдары туралы тарихи маңызы бар ғылыми ойлар ұсынып, тұжырымдар жасайды. Түркі тілінің сөз байлығын жоғары бағалай отырып, қайбір сөздердің мағынасы түрлі жағдайларға, сөздің қолданылу жолдарына байланысты мейлінше түрлі мағына білдіретініне, олардың реңкі мейлінше нәзік болып келетініне көңіл аударады. Тіпті түркі тілінің осы бір ғажап байлығы, кемел ерекшелігі, автордың ескертуіне қарағанда, оған дейін ешкімнің назарына ілікпеген еді, анықталмаған еді. Туған тілінің тұнық тереңіне бойлай алмаған түркі жастарының өз өлеңдерін түркі тілінде жазуды қиынсынып, парсы тілінде жазуды оңай көруінің бір себебі осыдан болды. Шындығына келгенде, автордың кісі бойын ақылға билетіп, ойына ие болған жағдайда, түркі сөзінен керемет кең кеңістік табылатыны, оның алдынан кең байтақ өріс ашылатыны туралы тұжырымында терең мән жатты.

Науаи түркі тілінің кемелдігіне толып жатқан дәлелдер келтіре отырып, бірнеше әлеуметтік маңызы зор ұсыныстар негіздейді. Олардың бастылары түркі халықтарынан шыққан дарын иелеріне арналады:

- өздерінің қабілеттері мен таланттарын өз тілінің дамуына жұмсау;
- өзге тілдерде жазбау және өзге тілде жазуға талпынбау;
- екі тілде де жазуға қабілетті болған жағдайда өз тілінде көп жазу, өзге тілде аз жазу;
- өзге тілде жазуға деген ынтасы соншалық күшті болса, екі тілде бірдей жазу...

Науаидың ұсыныстарының өзектілігі, көкейкестілігі бүгінгі күнде де жойылған жоқ. Автордың көңілін қатты алаңдататын жай – түркі халқының ортасынан шыққан талант иелерінің өлеңдерінің көркемдік деңгейі. Осы орайда автор түркі ортасынан шыққан таланттардың арасындағы мынадай келеңсіз үрдістер барына назар аударады:

- сарт тілінде жазу;
- түркі тілінде мүлде жазбау;
- көпшілігінің өз (түркі) тілінде жаза алмауы;
- түркі тілінде жаза қалса, жазған өлеңдерін білікті түркілердің алдында оқуға түркі тілінде өлең жазған сарттар секілді тартыншақтау...

Автор жоғарыда аталған үрдістердің себептерін де көрсетеді. Олардың бастылары мынадай:

- олар өз өлеңдерін түркі тілінде оқи бастаса, әр сөзінен жүздеген кемшіліктер, әр сөйлемінен жүздеген қателіктер шығар еді;
- олар үшін өз (түркі) тілінде келісті өлең жазуы өте қиын;
- түркі тілінде жазуға ниет қылғандар аздан кейін қиындыққа шыдай алмай, жеңіл жол іздейді;
- өлең жазуды жаңадан бастаған жастар жазғандарын жұрт алдында тезірек оқып, тезірек жарқ етіп көрінгісі келеді;
- өлең өнеріндегі белгілі кісілердің бәрі парсы тілді және түркі тілін білмейтін болған соң, жастар өз өлеңдерін түркі тілінде жазудан тыйылып, парсыша жазуға бет бұрады...

Түркі тілінің парсы тілінен артықшылығына, тазалығы мен байлығына қарамастан, өлең өнерінде кеңінен қолданылмауы, тіпті қараусыз қалғандай болуы Науаиды қатты толғандырады.

Науаи жасөспірім кезінде, өз ортасында қалыптасқан әдетке байланысты, парсы тіліне көңіл бөлген. Ақыл тоқтатып, кәмелетке толғанда, оның табиғатындағы айрықша қасиеттер кемелдене түседі, түркі тілінің таңғажайып нәзік және күрделі сырларына қаныққанда, алдынан он сегіз мың ғаламнан артық болмаса, кем түспейтін тұтас бір әлем сыры ашылғандай болады. Сол әлемнен жақұтының жарқылы жұлдыздардың жарығынан да өткір бай қазына табады, гүлінің ажары аспан жарықтарынан да ашық гүлбақшаға кез болады. Бірақ бұл қазына мен гүлбақшаның ажары мен көркіне көз жеткізгенмен, қол жеткізу қиын еді. Түркі тілінің бай

қазынасынан, сан түспен құлпырып жайнаған гүлбақшасынан ақын қалағанын табады. Ол көзіне түсіп, көңіліне көшкен осы қазына-байлықтың игілігін елге көрсетеді. Осы игіліктердің қатарында ақынның қаламынан «Балалық базары» («Гаройбус-сигар»), «Жастық жарқылы» («Наводируш-шабоб»), «Жігіттік жемістері» («Бадоеул-васат»), «Қарттық ғибраттары» («Фавоидул-кибар») секілді жыр жинақтары туады. Төрт жинақ ақынның атын шығарды, түркі поэзиясының жарығы мен жарқылының салтанатын әлемге танытты. Осыдан кейін ақын, «Екі тілдің сыны» трактатында көрсеткеніндей, Низами мен Дехлевидің хамсаларына жауап ретінде өз «Хамсасын» жазуға ниет етеді. Бұл белгілі бір тақырыпта, белгілі сюжеттер мен образдар негізінде ақындық өнер жарыстырудың дәстүрлі үлгісі еді. «Хамсаның» бірінші дастанының («Хайратул-аброр») жазылуына Низамидің шығармашылығы («Махзанул-асрор») әсер етеді, екінші дастанының жазылуына («Фарход ва Ширин») Мир-Хұсырау Дехлевидің өнегесі («Ширин ва Хосров») түрткі болады, үшінші дастанының («Лайли ва Мажнун») жазылуында да осы авторлардың көркемдік кестелерінің өрнегі өнеге береді, төртінші дастанды («Сабъаи-Сайёра») жазарда автордың көзі Ашрафтың «Жеті кереметіне» түседі, бесінші дастанды («Садд-и Искандари») жазарда Жәмидің «Даналық кітабынан» («Хираднома») қолдау табады. «Хамса» құрамындағы әр дастанның жазылуы белгілі бір автордың белгілі бір шығармасының айрықша қасиетінің әсерімен байланыстырғанмен, ақын Низами мен Дехлеви көрсеткен бағыттан жаңылмайды. Жас кезінде өзі қатты сүйсініп, қызығып оқыған Ф. Аттардың «Құстар тілі» кітабынан алған әсерінің ізімен «Құстар тілі» деген кітабын аяқтайды. Автор Низами, Дехлеви, Ашраф, Аттар, Сағди, Жәми, Хафиз секілді алуан-алуан жүйріктердің шығармаларында көрініс тапқан сюжеттер мен образдарды, сарындарды жетілдіріп, дамытып, жаңаша пайымдап, нәтижесінде мазмұн жағынан да, пішін жағынан да теңдесі жоқ ғажап поэзиялық туындыларды дүниеге алып келді. Н.И. Конрад Науаидың шығармашылық өнерінің осы ерекшелігі негізінде мынадай пікір білдірді: «Біреудің шығармасын өзге тілде жазып шығу ол кездерде шығармашылық, тіпті еркін шығармашылықтың үлгісі еді» [9, 344]. Бұл пікірдің дұрыс жағы бары рас. Сонымен бірге мынаны ескеруге тура келеді: Науаидың басқалардың шығармаларын өз тілінде жырлағаны жайындағы пікірге абай болған дұрыс. Шындығында, Науаидың «Хамсасында» көрініс тапқан образдарды, сюжет желілерін, оқиғалар тобын белгілі бір авторға телудің реті жоқ. Өйткені

олар әуелі ел ішінде ауызша айтылып, тараған. Оларды белгілі бір автор өз шығармасында өз тұрғысына сай пайдаланған. Осындай ел ішінде кең тараған сюжеттік желілерді жазбаша жырлаудың негізінде ақындардың шығармашылық жарысы, өнер жарыстыруы да бар еді. Науаидың өзіне дейінгі ақындармен өнер жарыстыруында ерекше шығармашылық ұстаным болды. Ол өзге тілде жазылған шығармалардағы белгілі, дәстүрлі тақырыпты, оқиғалар желісін, образдар жүйесін өз тарапынан жаңартып, толықтырып, байытып жырлады. Екіншіден, белгілі бір тақырыпта хамса жүйесінде өзге тілде жазылған келісті шығармаларға қарағанда түркі тілінде олардан асып түспесе кем түспейтін, көркемдігі кемел туындылар жазуға болатынына көз жеткізуді мақсат еткен еді. Ақын бұл мақсатына жетті.

Автор екі тілдің сыны туралы трактатында «Хамса» атымен топтастырылған тамаша бес поэмасының өнер сүйер көпшіліктің ыстық ықыласына бөленгенін қанағат тұтып қала бермей, шығармашылық ізденістерінің өрісін кеңейте бергеніне назар аударады. Осы ізденістерінің нәтижесінде «Таңдаулы тауарихын» («Зубдатуттаварих») жазып, өмірден өткен сұлтандардың атын тірілтіп, көркем бейнелерін жасады, «Махаббат самалын» («Насоимул-мухаббат») жазып, әлемді әділет жолында болғандардың қасиетті рухының сәулетімен әрледі, заманының белгілі ақындарының шығармашылық өмірінің өнегесін «Зиялылармен мәжіліс» («Маджалис ан-нафа'ис») кітабында баяндады, «Сүйген жүрек» кітабында қоғамдық, әлеуметтік ойларын, философиялық көзқарастарын жинақтады, өлең өлшемдерінің теориясы туралы «Өлең өлшемінің таразысы» («Мезонул-авзон») атты еңбегін, басқа да шығармаларын жазды. Аталған шығармалардың тобында ақынның «Қырық хадис» кітабы ерекше дараланады. Онда Мұхаммед пайғамбардың (Ғ.С.) хадистерінен таңдалып алынған қырық хадистің әрқайсысының ғибраты төрт жол өлеңде өрнектеледі.

Ақын өз шығармаларының көркемдік қасиетін жоғары бағалап, олардың жарығы мен жарқылы өнер көгінің ең биігінен көрінетіні туралы пікір түйеді. Автор бұл пікірінде ешқандай асыра сілтеудің жоқтығын арнайы ескертеді, өзінің түркі тілін құлай сүйіп, парсы тілін жетік білмейтіні себепті осындай пікір білдіргені туралы күдіктенушілер болуы мүмкіндігін де ескереді. Мұндай жандарға ол парсы тілін өзінен жетік білетін, парсы тілінің байлығы мен тазалығын ғана емес, оның ең бір нәзік қырларын да өзінен артық білетін адамның жоқтығын батыл айтады. Мұндай кемел деңгейге жетуінің сырын ақын өзінің сөз өнеріне жастайынан құмарлығымен,

сөз өнерінің келісті үлгілерімен жасынан жете таныс болуымен сабақтастырады. Оқуға лайықты шығармалардың ішінде өзі зейін қойып оқымағандарының аздығын, ал Дехлеvidен, Хафизден, Жәмиден көл-көсір саз бен сыр, ой мен сезім қазынасын, шеберлік үлгісін тапқанын жазады. Өз ойларының ажарын аша түсу мақсатында автор Дехлеvidің мына бір даналық сөзіне назар аударады: «Егер менің жүз мыңнан астам бәйіттен тұратын жинағымдағы (диванымдағы) ғазалдар, бәйіттер, қасыдалар бақидың бетінен ғайып болып, дүниенің жүзінен жуылып кетіп, тек бір қасыдам қалса, онда соның толықсыған мәні ғылым адамдарының менің қадір-қасиетімді лайықты бағалауына жеткілікті негіз болмақ». Ақын Дехлеvidің шабытпен, сезім құшағында отырып айтқан осы сөзінен үлкен әсер алады. Сол әсердің түрткі болуымен өзін-өзі сынға салады. Науаи Дехлеvidің бір шығармасындағы қасыданың екі жолын мысалға келтіреді. Оның мағынасы мынадай болып келеді: *Шахтың барабанының іші бос қуыс, бірақ оның даңғырынан бас ауырады. Кім азға қанағат ететін болса, жер мен судың қожайыны – сол.* Науаи Дехлеvidің қасыдасының осы екі жолына орай Жәмидің бір шығармасында тектес екі жол өлең барын көрсетеді. Оның мәнісі мынадай: *Падишахтың сарайының төбесіндегі әшекей тістер Сатурн сарайынан биік, бірақ одан иман қамалының қабырғаларына жарықшақ түседі.* Екі ақынның шығармаларының жүйесіндегі осы ойлардың маңызын аша отырып, ақын өзінің бір шығармасынан («Тухфатул-авқар») екі жол өлең келтіреді. Ол мынадай мағынада: *Падишах киген тәжге сән беріп тұрған шоқтай рубин – балқыған көмір, оның басындағы иіккі ойларды сол пісіреді.*

Ақынның ой сарабынан өткен өлең жолдары, Дехлеви айтқандай, өлең біткен өшсе де өшпейтін ақындық даналық үлгісі туралы ойдың аясында пайымдалған. Ақындық өнердің өшпес жарығын автор осы жолдардағы ойлардың теңдессіз тереңдігімен шендестіріп сипаттайды.

Науаи өзінің қаламынан туған өлең жолдарын көкке көтеріп, оны мақтауда сыпайылық сақтағанын айтады. Негізі, өзінің қабілетін, ақындық артықшылығын тануға, бағалауға келгенде, ақын тартынып қалмайды, ашық айтады, бейнелеп, әсірелеп айтады. Бірақ шындықтан таймайды, өзі айтып отырғандай, сыпайылықты да сақтайды. Жақын туыскандарының өлең өнеріне жақындығы, дастарқан басында, басқа жерлердегі басқосуларда олардың өзге ақындармен бірге жазған өлеңдерін жатқа оқулары оның сөз өнеріне деген құштарлығын ерте оятып, бойындағы ақындық қабілеттің ерте жетілуіне ықпал етті. Үш-төрт жасында-ақ қонақтардың ал-

дында жатқа өлең айта бастағанын ескергенде, ақынның өз өнері жайында ашық айтқан сырларында ешқандай асыра сілтеушіліктің жоқтығына көз жеткізуге болады.

Науаидың екі тілдің сыны туралы трактатында түркі әдеби тілінің сөздік қорының байлығы, сөз тудыру тәсілдерінің көптігі, тіршілікте, тілдік қарым-қатынаста аңғарылған әрбір нәзік мағынаны білдіретін арнайы жаңа сөз жасау мүмкіншілігінің молдығы жайында маңызды, ғылыми мәні терең пайымдаулар жасалды, жеткілікті деңгейде дәлелденген тұжырымдар негізделді.

Ақын өзінің ғибрат сөздерінде әрбір иман ұялаған жүректе ар-ожданның болатынын, ар-ождан бар жерде иманның тұратынын айтты. Кімде иман болмаса, онда ар-ождан да болмайды, ал кімде бұл екеуі бірдей болмаса, онда адамшылық та болмайды деп білді [13]. Осы ұстаным, осы тұрғы оның шығармашылығына да кемел қасиет дарытты. Мұндай биік көзқарас, шығармашылық даналық Науаидың иманы берік, ар-ожданы таза, адамгершілігі үлкен ұлы тұлға болғанын білдіреді.

Әлішер – кемел шығармашылық тұлға. Әлішер бектің түркі тілінде жазған теңдессіз тамаша шығармалары, ойлары мен толғаныстары – түркі халықтарының ортақ игілігі. Әлішер Науаи – түркі тілі мен әдебиетін жаннан артық ардақтаған, аялаған, түркі тілі мен әдебиетінің

дамуына өлшеусіз зор үлес қосқан данышпан ақын. Ол – түркі халықтарының ортақ мақтанышы.

Әдебиет

1. Алишер Навоий. Мукаммал асарлар туплами. 20 томлик (1987-2003) // <http://navoi.natlib.uz/>
2. <http://www.alishernavoiy.ru/index.php>
3. Навои. Филологический трактат «Суждение о двух языках» / перевод А.Мелеховой // <http://www.tyurk.ru>
4. Бабур-наме. Записки Бабура. – Ташкент, 1993.
5. Бабыр Захир ад-дин Мұхаммед. Бабырнама / орыс тілінен аударған Б. Қожабеков. – Алматы, 1990.
6. Мырза Мұхаммад Хайдар. Тарих-и Рашиди / Введение, перевод с персидского А. Урунбаева, Р.П. Джалиловой, Л.М. Епифановой. – Ташкент, 1996.
7. Бертельс Е.Э. Новои // Бертельс Е.Э. Избранные труды. Навои и Джами. – М.: Наука, 1965. – С.13-208.
8. Бертельс Е.Э. Роман об Александре и его главные версии на Востоке // Бертельс Е.Э. Избранные труды. – С. 283-416.
9. Жирмунский В.М. Алишер Навои и проблема Ренессанса в литературах Востока // Жирмунский В.М. Сравнительное литературоведение. Восток и Запад. – Л., 1979. – С. 174-184.
10. Конрад Н.И. Запад и Восток. – М., 1966.
11. Әуезов М. Әлішер Науаи // Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. – ХҮІІІ том. Зерттеулер, мақалалар. – Алматы, 1985. – 291-301 б.
12. Стеблева И.В. О стабильности некоторых ритмических структур в тюркоязычной поэзии // Тюркологический сборник. 1972. – М., 1973. – С. 218-230.
13. http://www.pritchi.net/PRT/Main/rus_s.html

АБАЙ ИНСТИТУТЫНЫҢ ЖАҢА КІТАПТАРЫ



IV Қабдолов оқулары: халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 421 бет.

ISBN 978-601-247-380-3

«IV Қабдолов оқулары» деген атпен өтетін дәстүрлі халықаралық ғылыми-теориялық конференция әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде биыл төртінші рет өтіп отыр. Қазақ әдебиетінің тарихы және теориясы кафедрасының ұжымы шығарып отырған бұл жинаққа шет елдік және отандық белгілі ғалымдар мен докторанттардың, магистранттардың зерттеулері еніп отыр.

Конференция материалдарының жинағына енген мақалаларда әдебиеттану ғылымы мен фольклористиканың және салыстырмалы әдебиеттанудың өзекті мәселелері бүгінгі ғылыми таным мен талап тұрғысынан қарастырылған. Әдебиет тарихы мен әдеби байланыстар, мәтінтанудың маңызды проблемалары мен қазіргі әдеби үдеріс мәселелері жаңаша сараланған.

Ж А С Қ А Л А М

Абай ғылыми-зерттеу институты қазақ әдебиетінің таңдаулы үлгілерін орыс және басқа шетел халықтарының тілдеріне аудару ісіне зор көңіл бөледі. Студенттер мен магистранттардың көркем аударма саласында мамандануына тиісті қамқорлық жасайды. Қ. Мұқамбетқалиевтің «Жұлдызды түндер» шығармасын қазақ тілінен ағылшын тіліне аудару – осы бағытта жасалған жұмыстардың бір үзік нәтижесі. Әңгімені ағылшын тіліне аударған Дастан Ембергенов, аударма теориясы және әдіснамасы кафедрасының студенті (III курс).

K. Mukambetkaliev

Star Nights

– Hei, Sarsen! It's time to move if you have decided to give to this guy a lift. It's getting dark.

– Do not hurry aksakal! Oh, it's nearly 10 o'clock. Hm...

– So, I'm saying that you are late.

– Don't be stubborn, aksakal! It's not supposed to when your nephew comes once a year. Let's have one glass each, then...

– Help yourself to drink! Who forbids you? I just said that his mother has been waiting for so long.

– We will get you there before you know it, – said Sarsen and turned to the driver. – won't we shopyr bala?

